

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

Казахский язык и литература
в русской школе

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан

2/2011 АҚПАН

бастап шығады

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО – ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ,
Берікжан ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша
ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш
ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА,
Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш САРИЕВА, Пиалаш
СҮЙІНКИНА.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылыми ойлар отауы

А.МЕДЕШОВА.	Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың ақпараттық технологиясын қолданудың педагогикалық қағидалары.....	3
Гүлнәр АБДЕНОВА.	Оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру.....	7
А.ҚОШҚАРБАЕВА.	Қазақ тілін меңгерту жолдары.....	14

Педагог пайымы

Айгүл АЙТУБАЕВА.	Септік жалғауларын оқыту.....	17
Ерсайын МОЛДАСАНОВ.	Ұлттық ойындардың тіл үйретудегі маңызы.....	20

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Райхан НАРАЛИЕВА.	«Исатай - басшы, мен - қосшы...».....	25
Бағира ТАСЫБЕКҚЫЗЫ.	Балалар әдебиетінің атасы - Ыбырай.....	32
Әлия ҮКІБАЕВА.	Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы.....	38

Ұлыстың ұлы күні

Майра ОҚАПОВА.	Бала - өмірдің жалғасы.....	41
-----------------------	-----------------------------	----

Қазақ тілі орыс аудиториясында

Есенбике КАКИМОВА.	Жалғауларды оқыту мәселелері.....	46
Балакүл ӘДІЛОВА.	Өз бетінше іздендіру әрекетін ұйымдастыру.....	52

Точка зрения

Роза УСЕМБАЕВА.	Вариативные повторы как средство развертывания научного текста.....	59
------------------------	---	----

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Сұлушаш ЖЕТПІСБАЕВА.	Сөздік қор және төрт түлік мал.....	68
Айгүл ҚАСЕНОВА.	Театрмен сабақтас құрмалас.....	69
Дана МАЛДЫБАЕВА.	Тіл дамытқан көктем құстары.....	71
Күнсұлу КИНЖЕБАЕВА.	Сөздік қоры мол ана - өмір мектебі.....	75
Қазиза КҮМПЕЙІСОВА.	Семей қаласындағы сөйлемдер.....	80
Шолпан АҒМАНОВА.	Қазақстанда - шығармашылық қабілет.....	83
Назигүл ҚАСЕНОВА.	Мезгіл және себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас.....	91
Айнагүл ЖАЗИЕВА.	Мәтінмен жұмыста - Нұрғиса Тілендиев.....	93
Әсемгүл ШАЙМЕРДЕНОВА.	Сөйлеу қабілетін таныт, Азида алауы!.....	97

Колледж кеңістігінде

Бикамал МҰҚАНОВА.	Ұлттық ойындарда грамматикалық ұғымдарды пысықтау.....	102
--------------------------	--	-----

Әскери тәлім

Айнұр ПАТТАЕВА.	Тәуелдік және жіктік жалғаулары - мотоатқыштар ротасында.....	104
------------------------	---	-----

Сыныптан тыс сабақ

Ұлболсын БЕЙСЕНБАЙ.	Наурыз-думан.....	114
Г.ШАЙДАХМЕТОВА.	Наурыз мерекесі.....	117

Жас мұғалімдер мүйісінде

Сандуғаш ӘЛІБАЙҚЫЗЫ.	«Стадионда» жалғауларды таныту.....	122
Нұргүл ОРАҚБАЙҚЫЗЫ.	«Ағаш егу» арқылы етістіктің шақтарын ажырату.....	128
Сандуғаш САМАШЕВА.	Қазақ тілі сабақтарында үш өлшемді әдістемелік жүйені қолданылуымен үйрену модульдік технологиясы.....	135
Сандуғаш ҚАРАБАЙҚЫЗЫ.	Менің педагогикалық қызметімдегі ұлы тұлға шығармашылығы.....	140

А.МЕДЕШОВА,
Махамбет Өтемісұлы атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университетінің доценті, педагогика
ғылымдарының кандидаты.

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

Қазақстанның ХХІ ғасырда өркениетті әлемнен орын алып, дамыған елдер деңгейіне жетуіне ықпал етер бірден-бір құдірет – білім, білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ – рухани дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, ақпараттық қоғамда ғылым мен техниканың жетістіктерін игерген, компьютерлік мәдениетті, талап-талғамы терең, адамгершілігі биік, парасатты тұлға болуы тиіс. ХХІ ғасырдағы өркениеттің даму негізі – қоғамды ізгілендіру.

Ізгілендіру мақсатына жету үшін сезім, көңіл- күй, өмірлік құндылықтар аса қажет. Сондықтан осы бағыттың жүйесін көздейтін сан қырлы процесс, әр типті мектептердегі білім беру, яғни, білімді ізгілендіре отырып, салауаттылыққа бет бұру- өзекті бағыт. Өйткені, болашақ ұрпақтың ертеңгі күні осы қазіргі мәдениетті, бүгінгі білім мен тәрбиенің аясында өзіміз қалыптастырған қоғамға аяқ басады. Ал, білімді ізгілендіре отырып, салауатты өмір сүруге, үйлесімді іс-әрекет арқылы оқушының дағдысын қалыптастыру, ең алдымен, адамды оқыту кезеңінің өн бойында адамгершілік танымдық түсінік пен рухани болмыстың қатынас құндылықтарын игеруге жағдай жасау негізінде іске асады.

Білім беру жүйесі алдындағы міндет - технология өзгерістеріне бейімделе алатын атқарушы тұлғасын қалыптастыру. Білім берудің болашақ мұраты ойлауға үйретуге негізделуі тиіс. Ойлау әдістері мен амалдарын саналы түрде игеруге көшу - оқу үрдісіндегі өте маңызды кезең. Жаңа технология негізі - ізгілендіру және демократияландыру.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқу үрдісін компьютерлендіру, оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын оқу үрдісінде пайдалану мәселелері А.П.Ершов, В.М.Монахов, Б.С.Гершунский, Е.Машбиц, т.б., қазақстандық ғалымдар Ж.А.Қараев, Г.Қ.Нұрғалиева, Д.М.Джусубалиева, т.б., мектепте ақпараттық технологияны қолдану С.Пейперт, Б.Хантер, Ж.С.Сардарова, т.б. еңбектерінде жазылған. Білім беру жүйесін ізгілендіруге қажетті ақпараттық технология жабдығын жасау мәселелері (электронды оқулықтарды, электронды-оқу бағдарламаларын, электронды-әдістемелік жүйелерді жасау) Ш.Х.Құрманалина, Е.У.Медеуов, А.І.Тәжіғұлова, т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Соңғы кезде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда ақпараттық технологияны қарқынды қолданылуына байланысты оны пайдалану қағидаларының әр түрлері кездеседі. Солардың ішінен оқушылардың оқу икемділігін ақпараттық технология арқылы дамытуда мына **қағидалар** маңызды деп есептейміз: теориялық білімдердің жетекші рөлі, оқушыларды оқуға ынталандыру, жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетіне бағдарланған білім беру, білім мазмұны мен дидактикалық жүйенің сәйкестігі, проблемалық, абстрактылы ойлауды көрнекілікпен ұштастыру, кері байланыс, ұжымдық оқу жұмысын жеке жұмыспен ұштастыру.

Теориялық білімдердің жетекші рөлі қағидасы бойынша аумақты оқу материалын (электрондық оқу құралында оны блок, бөлшектерін модуль, микромодуль, гипермәтін деп атаймыз) бөлшектей отырып, әуелі, тақырыптың тұтастай алғандағы теориялық мазмұны туралы жалпы түсінік беріледі, содан

кейін аралық кезеңдерде оның әрбір бөлігінің мазмұны жекелей меңгеріледі, соңғы қорытындылау кезеңінде тақырыптың бүкіл мазмұны бойынша тақырыпқа сай білім, икемділік және дағды қалыптасады.

Оқушыларды оқуға ынталандыру қағидасы жемісті оқу іс-әрекеті мен оған қызығуды тудыру арасындағы заңды байланысты бейнелейді. Білім берудің сәтті жүруі мұндай байланыстың үнемі қажеттігін көрсетеді. Бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін дамыту үшін ынтаны арттырып, пәнге қызығуды туғызу маңызды.

Жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетіне бағдарланған білім беру қағидасы оқушының дамуын, ерекшеліктерін (психологиялық, физиологиялық) анықтауға бағытталады. Оқушы қабілеті, қызығуы анықталғаннан кейін мұғалім ол оқушының сол қызығатын бағытында дамуын ұйымдастырады және қабілетіне қарай оқу материалдарын береді. Ақпараттық технология арқылы оқушы өзіндік оқу икемділіктерін көрсете алады. Бұл оқушылардың тұлғалық қасиеттерінің артуына жағдай туғызады, олардың оқу-танымдық даму траекториясын анықтауға жол ашады.

Білім мазмұны мен дидактикалық жүйенің сәйкестік қағидасы мұғалім мен оқушы қызметінің оқу-ғылыми жағдайларына қойылатын талаптарды білдіреді. Білім мазмұны мен дидактикалық үрдіс сипаты бастауыш мектеп ерекшеліктерімен сәйкес қарастырылады. Бұл қағида электрондық оқу құралын құрастыруда және оны білім беру үрдісінде тиімді қолдануда басшылыққа алынады.

Проблемалық қағида білім берудегі шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін дамытуға қатысты заңдылықтарды бейнелейді. Оқушының оқу материалын меңгеру барысында шығармашылық жұмыспен шұғылдануына мүмкіндік беретін проблемалық жағдаяттарды туғыза білу керектігін көрсетеді.

Абстрактылы ойлауды көрнекілікпен ұштастыру қағидасы оқу ақпаратын сезім мүшелері (есту, көру) арқылы қабылдау мен

оларды түсіну, есте сақтау, тасымалдау, қолдану арасындағы заңды байланысты бейнелейді. Плакаттан немесе кітаптан көрсетілген сызба, суреттерден гөрі компьютердегі динамикалық бейнелер, модельдер, дыбыстық қоштауы бар кестелер, айрықшаланған объектілер оқушылардың абстрактылы ойлау икемділігін дамытады.

Кері байланыс қағидасы “оқушы-ақпараттық технология-мұғалім” өзара қарым-қатынасын тереңдете түседі, мұнда оқушы оқу материалын меңгеру дәрежесін өз бетімен бақылай алады, мұғалімнің көмегімен түзете алады. Кері байланыс оқушының көңіл күйіне қарамай дәл жауап береді, сол сияқты көтермелеу, асыра мақтау дегендер атымен болмайды.

Ақпараттық технологияны қолданудың жоғарыда аталған қағидаларын жалпы педагогикалық саналылық пен белсенділік, жүйелілік пен бірізділік, ғылымилық, түсініктілік қағидаларынан бөліп оқшауламай, керісінше, оларды толықтыра отырып қарастырған дұрыс. Тіпті, ақпараттық технология жабдығын жобалағанда оқу материалының түсінікті әрі ғылыми негізделуі, жүйелі түрде берілуі, бірінші қадаммен екіншісінің үндесуі, теориялық материалдардың практикалық жұмыспен байланысты болуы, кейбір оқу материалдарының практикалық жұмысының негізі теорияға сәйкес келуі үнемі ескеріледі.

Оқытудың ақпараттық технологиясын оқу-тәрбие үрдісінде қолданудың педагогикалық қағидаларына сәйкес “ОҚУШЫ-АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ-МҰҒАЛІМ” өзара қарым-қатынасы оқушының ақпараттық икемділігі мен құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімділікті көрсетеді. Біз ХХІ ақпараттық ғасырдың азаматтарын білім, ғылымға баулуда педагогикалық қағидаларды біліп қана қоймай, қызметімізде басшылыққа алуға тиіспіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.//Жайық ұстазы, №1-7.01.2004.

2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //www.edu.gov.kz

3. Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан. Республиканский научно-практический центр проблем 12-летнего образования, Астана, 2005.

4. Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияны дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасы //www.itk.kz/enactment/current

5. Назарбаев Н.Ә. Білім беру саласы қызметкерлерінің III құрылтайында сөйлеген сөзі. //Егеменді Қазақстан, 12.10.04.

6. Кларин М.В. Инновационные модели учебного процесса в современной зарубежной педагогике. Автореф.дисс....док.пед. наук, М.,1995, 47с.

7. Мартиросян Б.П.Формирование у младших школьников познавательной активности в учебной и внеучебной деятельности, Автореф.дисс. к.п.н М,2000.

8. Медешова А.Б. Компьютерлік жабдыктарды кешенді қолдану.//Вестник КазНУ, серия «Педагогические науки», Алматы, №1(12)-2004, 131-132б.

Гүлнәр АБДЕНОВА,
Павлодар қаласындағы
№39 орта мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда интерактивтік технологияларды, әдіс-тәсілдерді сабақта жан-жақты қолдану -

жаңаша оқытудың тиімді жолдарының бірі.

«Интерактив» сөзі ағылшынның «interakt» (бірге «cin»+ «act» әрекет ету) деген сөзінен кірген, яғни «жоғары белсенділікті дамыту» дейді.

Дидактика ілімінде оқытудың интерактивтік әдіс-тәсілдері өте көп, бірақ оларды дұрыс қолдана білу керек. Орыс сыныптарында қазақ тілі сабағында ойын түрлерін қолданудың маңызы зор. Соның ішінде рөлдік ойындар белгілі мақсатта тілді меңгеруге, пәнге деген қызығушылықты арттыруға көп көмегін тигізеді. Әрбір сабақта қолданатын ойын түрлерінің мақсаты болады, ойын барысында бала тегіс қатысып, белсенділігін көрсетеді. Рөлдік ойынның ережесі қысқа әрі түсінікті болуы қажет. Ойын аяқталған соң оқушылар тапсырманы қалай орындағанын талқылайды.

Ал қазір мен өз жұмысымнан мысал келтірейін: «Емханада» деген рөлдік ойынды 5-сынып оқушыларына ұсынамын. Балаларды топтарға бөліп, тапсырма жазылған кәртішкелер таратамын. Ойынға қажетті тіркеу бөлімі (регистратура) жабдықталып, науқастардың кәртішкелерін дайындау қажет, дәрігердің құрал-жабдықтарын, әріптердің бейнесін («Көз дәрігері») дайындаймын, кестені тақтаға ілемін. Тіркеуші дәрігерді, мейірбикені және науқас адамдарды таңдап аламыз.

Тіркеу бөлімінде.

- Сәлеметсіз бе?!

- Сәлеметсіз бе!

- Менің дәрігерлік кітапшамды беріңізші.

- Сіздің аты-жөніңіз кім болады, қай учаскеденсіз?

- Менің аты-жөнім – Иванова Галина Петровна.

№9 учаскеденмін.

- Мекен-жайыңыз қандай?

- Мекен-жайым – Павлодар қаласы, Абай көшесі, 104-үй.

- Мінекей, алыңыз. Көз дәрігері екінші қабатта, 207-кабинетте.

- Рахмет, сау болыңыз!

- Сау болыңыз!

Өзінің дәрігерлік кітапшасымен дәрігерге келеді.

Дәрігерде.

- Сәлеметсіз бе, дәрігер апай!
- Сәлеметсіз бе, отырыңыз, қай жеріңіз ауырады?
- Менің көзім нашар көретін болды.
- Қазір көзіңізді тексереміз.

(Дәрігер көзін қарайды да, қашықтықта ілінген әріптер мен суреттер бейнесін науқасқа ұсынады).

- Мынау қай әріп?
- Қ әрпі.
- Дұрыс, жақсы. Ал мынау?
- Бұл - Ө әрпі.
- Жоқ, дұрыс емес, бұл - Е әрпі.

Дәрігер:

- Мынау ағаш па?
- Жоқ, бұл ағаш емес, гүл.
- Рахмет!

Сонан соң дәрігер науқастың көзіне дәрі құяды да сұрайды:

- Қазір көзіңізге дәрі құямын. Қалай, жақсы болды ма?
- Біраз жақсы көретін болдым. Рахмет!
- Сау болыңыз! Келесі кездескенше!

Науқас кітапшасын алып тіркеу бөліміне барады.

- Рахмет, сау болыңыз!
- Сау болыңыз, ауырмаңыз!

Ал жоғары сыныптарда бұл ойынды күрделендіремін.

Олармен «Телекөпір», «Бақытты жан», «Дөңгелек үстел», т.б. ойындар өткіземін. Мен осындай ойын түрлерін қажеттілігіне, тиімділігіне қарай өз сабағымда пайдаланып жүрмін.

Дамыта оқыту – оқу процесінде оқушының барлық мүмкіндігін іске асыратын бағдарлы оқыту. Ол тұлғаның барлық қасиетін жеке бірлікте дамытуға негізделген. Оқушының ойлау, қиял, сезім, сезім дүниесі мәтінді түсінуге ерекше әсер етеді, берік білім алуға бағыттайды. Оқушының танымдық, зерттеушілік қабілеті,

бақылаушылығы артады.

Бұл әдіс-тәсілдерді көбінесе әдебиет сабақтарында жүргізген тиімді.

Дамыту жаттығулары		
Сөз байлығын дамыту	Өзіндік ізденіске жетелейтін	Интеллектуалдық дамытушылық жаттығулар
Мәтіннен нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін теріп, топтап жазу. Мәтінді бөліктерге бөлу, ат қою, өлең шумағын әрі қарай өз сөздерімен жалғастыру, қара сөзге айналдыру.	Оқыған мәтінге өзіндік пікір жазу, мәтін бойынша баяндама жазу, қорытынды тұжырым жасау, мәтінге мақал-мәтелдер келтіру.	Мәтін бойынша пікірталастар дайындау, өз пікірлерін қорғау. Бірнеше дәлелді пікірлер жинақтау.

Дидактика іліміндегі оқытудың интерактив әдістері:

- «Пікірсайыс» (дискуссия, дебат) әдісі;
- «Дөңгелек үстел» әдісі;
- «Эвристикалық» немесе «Сократ» әдісі;
- Техникалық оқу құралдарын қолдану.

Пікірсайыс, сын тұрғысынан ойлау – жиі қолданыла бастаған интерактив әдістердің бір түрі. Ол өткен материалды толық меңгеруде, мәселелерді дұрыс шешу жолында ізденуге, ойлау, сөйлеу қабілетін дамытуға, пәнге қызығушылығын арттыруға тиімді. Сұрақ қою, оны өзі құрастыру, фактілерге сүйене отырып жауап беру өз сөзімен еркін сөйлеуге, тіл дамытуға, тақырыпты еркін меңгеруге көмектеседі. Жағымды эмоционалдық аясы жасалады.

2002 жылы Сорос Қазақстан қорының ұйымдастырған «Оқу

мен жазу арқылы Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы бойынша ұйымдастырған курсқа қатысып, қатысушы куәлігін алдым. Осы күнге дейін үйренген стратегиялардың кейбір тиімді әдіс-тәсілдерін күнделікті сабақта қолданып жүрмін.

Мынадай стратегиялар іске асырылады: Венн диаграммасы, Кубизм, 5 тармақты өлең, мұғалімнің сұрақ қоюы, ой қозғау, ұқсастық пен даралық және т.б.

Венн диаграммасы арқылы салыстыру жұмыстары жүргізіледі (көбінесе, жаңа білімді бекіту кезеңінде). Мысалы: Сүйінбай Аронұлының «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері»:



Ой тұжырымдауда мақалдар жинақтауға болады. Мысалы: Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді. Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей.

Кубизм (жаңа білімді меңгеру кезінде) Мынадай жұмыс түрлері іске асырылады: а) суреттеңіз; ә) салыстырыңыз; б) зерттеу; в) байланыстыру; г) қолданыңыз; ғ) келісіңіз немесе қарсы шығыңыз.

Мысалы: Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айрылуы»:

1. Суреттеу.

Өлеңде Көкшетау мекені туралы айтылады. Табиғаты өте тамаша. Көл таулы өңірде орналасқан. Көлдегі әр түрлі құстар ... тағы басқалары.

2. Салыстыру.

Аққу – сұлу құс, әдемі, нәзік. Қыздың сұлулығын сөз еткенде аққуға теңейді және т. б.

3. Зерттеу. Өлең 7-8 буынды, қара өлең ұйқасы, шалыс ұйқас. Көркемдік тәсілі - теңеу (мәтіннен оқып беру). Өлеңде аққулардың тағдыры өте аянышты, адам қолынан жасалған қиянат, оқиға аққулардың өлімімен аяқталады.

4. Байланыстыру. Табиғат сұлулығын көрсету. Қазіргі өмірмен байланыстыру.

5. Келісу немесе қарсы шығу. Келіспеушілігін білдіру: аққуды атауға болмайды, оны ауламайды, етін жемейді. Ол - тек бақыттың, сұлулықтың белгісі.

Қорытынды: махаббат, шынайы ғашықтық туралы мақал-мәтелдер іздеу.

Техникалық оқу құралдарын қолдану. Сабақта мультимедиялық құралдардың көмегі арқылы орасан зор, мультимедиялық, энциклопедиялық, электронды оқулықтар, сондай-ақ дыбыстық-бейне жазба материалдары пайдаланылады. Музыка, өнер, балет модулі бойынша Құрманғазының, Дәулеткерейдің, Динаның күйлерін тындауға болады. Электронды оқулықтар-компакт дискіге жазылған кітап, өте ыңғайлы, электронды оқулықты өз бетінше толықтыруға, жөндеуге, тексеру жұмыстарын өткізуге мүмкіндік береді.

Тапсырмалар үлгісі.

Үлгі: **1- тапсырма.** Мақта қыз бен мысық (ертегі).

Бос ұяшыққа мысық қатық іздегенде қайсысына қашан барғанын ретімен жаз.

тышқан
дүкенші
тауық
ағаш
қыздар
Мақта қыз
сиыр

2-тапсырма. Мақал-мәтелдердің дұрыс сыңарын ұяшыққа орналастыр.

тәтті	Еңбек етсең ерінбей, ...	
жүзеді	Туған жердің жуасы	
тояды қарның тіленбей	да... Өнерлі өрге ...	

3-тапсырма. Шешендік сөз қай бидің сөзі екенін анықтап, бос ұяшыққа жаз.

Бір үйдің баласы болма, көп үйдің санасы бол!	Әйтеке би
Тату болса-ағайын жақын, Ақылды болса - апайың жақын.	Төле би
Арадан шыққан жау қиын, Таусылмайтын дау қиын...	Қазыбек би

Дұрыс:

Бұрыс:

Мұғалім үздіксіз еңбек үстінде көрінуі тиіс. Орыс педагогы К.Д.Ушинский: «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатса, оның мұғалімдігі де жойылады», - дейді. Көкейге қонымды сөз, есте сақтаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дженкинс С, Фаттахова А. «Интерактивные методы обучения и управление классом». К., 2004 год.
2. Ж.Е.Смағұлова. «Интерактивті әдіс». Алматы. 2006 жыл.
3. Г.К.Селевко. «Педагогикалық технологияларды жүйелі зерттеу тәжірибесі». Мақала, «Школьные технологии», №1, 1977 ж.
4. Т.Қ.Жұмаханова. «Әдебиетті оқыту әдістемесі». Алматы. 2009 жыл.



ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ

Тіл қай елде болса да - құдіретті де қастерлі. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне меңгерту - қиынның қиыны. Ол мұғалімнен көптеген ізденісті талап етеді. Өзге ұлт балаларына қазақ тілін меңгертудің мынандай жолдары бар. Әр тақырып бойынша сөйлеу әрекетінің төрт түріне: тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылымға сүйенеді.

1.Тыңдалым. Мұнда балалар бағдарламаның негізінде құрылған қазақша сөздерді, мұғалімнің сабақ жүргізуге байланысты қолданатын нұсқау сөздерінің мағынасын түсінулері керек.

2. Сөйлесім. Диалогтық сөйлесу. Балалар сабақ материалдары негізінде сұрақ қоя және жауап бере білулері керек. **Монологтық сөйлесу.** Оқушылар өтілген материал негізінде кез келген тақырып бойынша хабарлама жасай алулары керек.

3. Оқылым. Оқушылар мәтінді оқып, өз беттерінше түсініп, сұрақтарға жауап беріп, мазмұнын өз сөздерімен айтып берулері керек.

4. Жазылым. Оқушылар қазақ тілінде жазудың техникасын игеруге тиіс, сөздерді қатесіз жазып, сұрақтарға жазбаша жауап берулері, диктант, мазмұндама, шығарма жаза алулары керек.

Тақырыптық мәтіндерді оқыту екі кезеңнен тұрады:

1. Мәтінге дейінгі жұмыс;
2. Мәтіннен кейінгі жұмыс.

Қазақ тілін оқып-үйренуде фонетикалық жаттығулардың маңызы зор. Өйткені қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып

үйренбеген оқушы тілді меңгеруі мүмкін емес. Сондықтан да тіл үйренушілердің сөздерді дұрыс айтуына көп көңіл бөлу керек. Әр сабаққа фонетикалық жаттығулар беріп, оларды сабақтың басында орындап отырады. Мұндағы мақсат - тіл үйренушілер зейінін бірден фонетикаға аудару, сөздерді дұрыс айтқызып үйрету. Оқулықта фонетикалық жаттығулар жеңілден ауырға қарай құрылады.

Мәтіннен кейінгі жұмыста «Сұрақтарға жауап беріндер» тапсырмасы беріледі. Тіл үйренуші алдымен сұрақты тыңдап, мазмұнын түсініп, содан кейін ол сұрақтың орнына керекті сөзді қоюы керек. Мұндай тапсырмаларды орындаған кезде сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым түрлері өз жұмыстарын жүргізеді және тіл үйренушінің айту дағдысы қалыптасады. Лексикалық, грамматикалық біліктілікпен қатар мәтін мазмұнын білуді талап етеді.

Диалог.

Тіл үйренуші үшін диалогтың маңызы өте зор. Күнделікті бала өмірінде жиі қолданыста жүрген сөздерді пайдалана отырып сөйлесу тілді тез меңгеруге мүмкіндік береді.

Диалогтық материалды мазмұны жағынан тақырыптық және рөлдік деп екіге бөлуге болады. Қазақ тілінде сөйлеуге үйрету сапалы болу үшін диалогты әр түрлі жағдаятта ұйымдастыру керек. Әсіресе, жұп пен жұптың, топ пен топтың арасындағы диалогтарды енгізген ұтымды. Оқушылар тілдесу арқылы бір-бірімен ой бөліседі, жөн сұрасады.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамытатын әдістердің бірі түрі – топтық жұмыс болып табылады. Бала алдымен тапсырманы жеке орындайды, содан соң жұпта, топта талқылайды. Яғни, олардың шығармашылық белсенділіктері дамиды, өз ойларын толық жеткізуге машықтанады, сөздік қорлары молаяды.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту жұмысына қойылатын талаптар:

1. оқушылардың сөздік қорын байыту;

2. жаңа сөзбен сөз тіркесін, сөз тіркесімен сөйлем құрау;
3. сурет бойынша жаңа сөздерді атау;
4. хормен қайталау;
5. жұппен оқу;
6. қазақтың ерекше дыбыстарын айта білу;
7. оқушылардың ойлау қабілетін дамыту;
8. байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру.

Қазақ тілін үйретуде баланың қызығушылығын ояту керек. Ол үшін тірек сөздер беріп, сол арқылы оқиғаны болжап мәтін құрастыру, оны жұпта және топта талқылату, тақырыпқа байланысты сұрақ қою, сурет бойынша сөйлетуге болады.

Бұлардан басқа ойын элементтері, сурет бойынша жұмыс, техникалық құралдар арқылы оқыту жолдары бар. Әр түрлі тәсілдерді қолдану мұғалімнің шеберлігіне байланысты болмақ.

«Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі»,- деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, қазақ тілінің көсегесін көгерту- өзін қазақпын деп санайтындардың ғана емес, жалпы Қазақстан топырағында тұратын таза ниетті азамат атаулының міндеті. Ал оны бақылап, бағыттау, тиянақтау - мемлекет міндеті.

Күлгіңіз келсе - күліңіз!

ҚОЖАНАСЫР МЕН ПАТША

Бір патша Қожанасырдан сұрапты:

- Сіз кімді жақсы көресіз?

Қожанасыр:

- Тамағымды тойдырған кісіні жақсы көремін.

Патша:

- Олай болса, мен ертең сіздің тамағыңызды тойдырайын.

Қожанасыр:

- Ендеше, мен де ертеңге дейін сізді ұнатпай-ақ тұра тұрайын,- депті.

(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1987. 24-бет.)

**Айгүл АЙТУБАЕВА,
Жезқазған қаласындағы
№4 орта мектебінің мұғалімі.**

СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫН ОҚЫТУ

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерге, жеке өз басының ғана алдында емес, бүкіл қазақ жұртының алдындағы үлкен міндеті мен жауапкершілігін жан дүниесімен түсініп адал еңбек ететін ұстаздар керек. Мұндай жауапкершілікті әр сабақ барысында көрсете алуға тиіспіз.

Менің ең бірінші қағидам, қазақ тілі - Мемлекеттік тіл, сол үшін білуің керек деген үзілді-кесілді талап қойып оқытуды дұрыс көрмеймін. Мен қазақ тілін оқушылар пән ретінде сүйіп оқуына бағыттаймын, ал қазақ тілінің қаншалықты керектігін, не үшін керектігін қазір әр ата-ана өздері де түсінеді. Ал, екінші қағидам, сабаққа жоспар құрғанда баланың орнына бірінші өзімді қойып көремін. Үшінші қағидам - оқушыларға да, өзіме де қатаң талап қоя білу.

Бүгінгі менің қозғайын деп отырған тақырыбым - септік жалғаулары. Септік жалғауларынсыз бір сөйлем құрау, демек, ойыңды сауатты жеткізу мүмкін емес. Бірақ көп мұғалімнің ашық сабақ үшін оңай, қызық деп осы тақырыпты алып сабақ беріп жатқандарын көріп, оны қай сарында өткізіп жатқандарын көргенде қарным ашады. Сабақта септік жалғаулары жайлы жалпы мағлұмат беріп, асты-үсті білім беріп жүрген мұғалімдерді де көрдік. Әрине, мұғалімнің білімі жоқтығынан деп айта алмаймын, бірақ оқушылар әр септіктің жалғаулары мен үндестік заңына байланысты жалғануынан басқа, ең маңыздысы, оларды ойға, мағынаға байланысты сауатты жалғап, сөйлем құрауға үйретуді назардан тыс қалдырып кетеміз. Сөйтеміз де таңданамыз, неге

ойынды сауатты жеткізе алмайсың деп оқушыға өкпе артамыз.

Оқушыларым өз ойларын сауатты жеткізіп, ой толғап, кез келген тақырыпта әңгімелесе алса, демек, менің септік жалғауларын түсіндіру әдісім дұрыс шығар деген оймен өз тәжірибеммен бөлісуді жөн көріп отырмын.

Қазақ тілінде жеті септік бар, ал орыс тілінде алтау. Орыс тіліндегідей қазақ тілінде де септік жалғаулары сөздерді бір-бірімен байланыстыру қызметін атқарады.

Әрине, әр мұғалім сияқты септік атаулары мен жалғаулары туралы түсінік беремін. Олардың үндестік заңына бағынып, көмектес септігінің ғана бағынбай байланысатыны жайлы да мағлұмат беріледі.

Ал, ендігі негізгі міндетім, әр септіктің мағынасын ашып, қай септік қай кезде жалғануы керек, міне, басты мәселе осында. Мен септік жалғауларының мағынасына қарай қолданылуына өте қатты көңіл бөлемін.

1. Атау септігі заттың, іс-қимылдың атауын білдіреді. Мысалы: Астана қаласы - Қазақстан Республикасының астанасы. Мұнда **Астана қаласы, астанасы** сөздері атау септігінде тұрып заттың атын атап тұр.

2. Ілік септігі меншіктілік ұғымын білдіреді. Мысалы: Денистің дәптері - Тетрадь Дениса. Менің күнделігім - Мой дневник.

Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының арасындағы тығыз байланысты ұғындыру, көптеген жаттығулар, аударма жұмыстары, әр түрлі практикалық тапсырма түрлері арқылы оқушының санасына әбден сіңіру керек.

Тағы бір айта кететін жағдай, ілік септігі - қай уақытта түсіп айтылады деген мәселе. Ілік септігі тәуелдік жалғауымен тіркесіп, бір ұғымды білдіргенде ілік септігінің мағынасы сақталғанымен, жалғауы түсіп айтылады, көше, өзен, жер, шығарма, қала атауларында. Мысалы, Жезқазған қаласы, «Абай жолы» романы, Т.Әубәкіров көшесі.

3. Барыс септігі. Барыс септігі бағытты, мақсатты білдіреді. Мысалы,

- Қайда барасың?

- Астанаға, ауылға, дүкенге, далаға, досыма барамын.

Тұйық етістікке барыс септігі жалғанғанда мақсатты білдіреді.

Мысалы, “мектепке оқуға, үйірмеге тигуді үйренуге, ауылға атама көмектесуге келдім” деген сияқты. Тағы мынадай жағдайда көп кездеседі. Мысалы, “шығуға бола ма, жазуға, айтуға, кіруге бола ма? (мүмкін бе?)” деген сияқты рұқсат сұрау мағынасында да қолданылады.

4. Табыс септігі. Түсіндіруге ең оңай септік түрі - бұл табыс септігі болса керек, себебі табыс септігі орыс тіліндегі винительный падеж мағынасына жақын, тіпті, бірдей десе де болады. Табыс септігі тура нысананы, объектіні білдіреді. Мысалы: Мен әдемі құсты көрдім (Я видел красивую птицу). Сіз кітапты әкелдіңіз (Вы принесли книгу).

5. Жатыс септігі. Жатыс септігі мекенді, мезгілді білдіреді. Мысалы: Дана летом поедет в аул. - Дана жазда ауылға барады. (жазда - қашан?); Моя мама работает в центральном магазине. - Менің анам орталық дүкенде жұмыс істейді. (дүкенде - қайда?).

Жатыс септігінің жалғауы жас мөлшерін көрсету мақсатында да қолданылады. Мне 5 лет. - Менің жасым 5-те, мен 5-темін.

6. Шығыс септігі. Шығыс септігі заттың, іс-қимылдың шығу нүктесін, заттың неден жасалғанын білдіреді. Мысалы: Көлік Қарағандыдан шыққан екен. (қайдан? - Қарағандыдан). Тосап алмұрттан қайнатылған. (неден? - алмұрттан).

Шығыс септігі сын есімнің салыстырмалы шырайын жасауда да қолданылады. (Мұны да түсіндіріп кеткеннің артықшылығы жоқ, себебі сын есімнің салыстырмалы шырайын оқушылар қолдануға құмар келеді, әрине, әр сыныптың білім дәрежесіне, жасына қарай. Дегенмен, бәрі де мұғалім қолында). Мысалы: Аю түлкіден үлкендеу.

7. Көмектес септік. Көмектес септігіндегі сөздер етістіктермен тіркесіп, іс-әрекеттің құралын, тәсілін, бірлесіп жасалуын және амалын білдіреді. Мысалы: Мұғалім қара түсті қаламмен жазды. Көкшетауда анаммен демалдым. Саған ақ ниетпен келдім.

Ендігі мәселе - септік жалғауларының сөздердің тәуелді түрлеріне жалғануы. Мысалы, Тәуелдік жалғауының I жағынан кейін тек қана барыс септігінің жалғауы өзгереді. Мысалы, досқа, дос-ым-а, шеше-м-е.

Тәуелдік жалғауының III жағынан кейін барыс, табыс, жатыс

септіктерінің жалғаулары өзгереді.

Барыс септік - қала-сы-на; табыс септік - қала-сы-н; жатыс септік - қала-сы-нда.

Ал шығыс септігінің жалғаулары өзгеше жалғанады. Дауысты дыбыстан кейін - дан, -ден жалғаулары жалғанады. Мысалы, ла-дан, шие-ден. Ал тәуелдік жалғауының III жағынан кейін (дауысты дыбысқа аяқталғанымен) -нан, -нен жалғаулары жалғанады.

Егер септік жалғауларын тек жаттатқызудан арылтып, тереңірек түсіндірсек, қай септік қандай мағынада қолданылатынын ұққан бала еркін сөйлем құрап, ойын сауатты жеткізе алатындай дәрежеге жетер еді.

Септік жалғаулары тақырыбын әр сабақта пысықтай беру керек. Өз тәжірибеммен бөлісер болсам, септік жалғауына байланысты ережелерді оқушы санасына әбден сіңіру үшін көптеген жаттығу түрлерін өткізу керек. Әсіресе, аударма жаттығулары.

Небір ғалымдар өз еңбектерінде ілік септігінің сұрағын орысша “кого? чего?” деп аударған. Әрине, таласым жоқ, бірақ мен өз тәжірибемде “чей? чьё? чья?” деп түсіндіремін. Оқушылар тез ұғып, тез қабылдайды.



Ерсайын МОЛДАСАНОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ МАҢЫЗЫ

«Дене тәрбиесі» мамандығында оқитын студенттерге мамандықтарына сәйкес лексиканы меңгерту - өте орынды да қажетті міндет. Студент өзі айналысып жүрген «Күрес», «Жеңіл атлетика», «Бокс», «Шахмат», т.б. спорт түрлерінің тарихы және спорт шеберлерінің өмір жолы, жетістігі туралы көп мәлімет алып, тіл байлығын молайтуы керек.

Сабақта ойын элементтерін қолдану студенттердің

белсенділігін арттырады, оларды ынталандырады, теориялық білімін практикада қолдануына үйретеді, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

«Дене тәрбиесі» мамандығында оқитын студенттерге қазақтың ұлттық ойындарына қатысты сабақтар өткізіледі. Соның бірі «Көкпар» тақырыбына байланысты болды. Сұрақтар:

1. Ат спорт түрлерін атаңыз?
2. Ат спорты түрімен айналысатын спорт шеберлерін білесіз бе?
3. Аттың қазақ ұғымындағы орны қандай?
4. Елтаңбамызда неліктен қанатты пырақ бейнеленген?
5. «Көкпар» сөзінің мағынасын қалай түсінесіз?
6. «Көкпар» ойынының ереже шарттары қандай?
7. Көкпар ойынына арналған алаңның жабдықталуы туралы айта аласыз ба?

Көкпар

Сөздік жасаңыз.

көкпар –

ат үстінде –

сүйікті ойыны –

серке –

қауіпті –

қазандық –

дода –

көк бөрі –

ұлттық ойынға –

ережесі –

көне –

шабандоз –

тартыс-

соғып алу –



«Мәтінді оқып, өз ойыңызды айтыңыз» деген тапсырма беріліп, мәтін оқылады. Мәтінді бірнеше рет оқып, студенттер

түсінгенін әңгімелейді. Сөздікпен жұмыс істей отырып, мәтінге жақын баяндау студенттердің сөйлеу тілін дамытуға көмектеседі. Әр сабақ сайын мұндай тапсырмалардың беріліп отыруы тіл үйренушілердің сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

Көкпар - ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша, әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі халықтар көк бөріні соғып алғанда өлігін ат үстінде сүйрелеп, бір-бірінен ала қашып, мәз-мәйрам болған. Кейін ол ұлттық ойынға айналған. Көкпар - Орта Азия халықтарының да сүйікті ойыны. Көкпар жаппай тартыс және дода тартыс болып екіге бөлінеді. 1949 жылы елімізде көкпар жарысының жаңа ережесі бекітілді. Алаң көлемі қатысушылар санына сәйкес болады. Егер әр команда 5 адамнан болса, алаңның аймағының ұзындығы - 300 метр, ені - 100 метр; 10 адамнан болса, 500х200 метр; 15 адамнан болса - 700х300 метр; 20 адам болса - 1000х500 метр. Көкпарда басы кесілген серке тартылады.

Келесі кезекте оқылатын мәтін студенттер зейініне алғаш аудиалды түрде қабылданады. Ән мәтіні тыңдалады. Ән – «Көкпар». Әннің сөзін жазған - Жұматай Жақыпбаев, әнін шығарған - Ағайша Исағұлова. Ән Ағайша Исағұлованың орындауында тыңдалады.

*Қағысып астындағы жылқы малы,
Көкпарға тебініп жұрт ұмтылады.
Тақымға орай басып тартқан кезде
Көк еті көк серкенің жыртылады.
Жұлқынып пырақтар да күш қылады
Келгендей туу аспанға ұшқылары.
Сатырлап сауырына қамшы тисе,
Тұлпарлар тұяқ тіреп ышқынады.
Жігіт пе атқа топты жарғызбаған,
Әнеки, көкпар кетті **андыздаған.**
Дүркіреп тартып кетті қолдың соңы
Қала ма мұндай кезде қан қызбаған ?!
Жайлаудың **айғай басып** ойы, көгін,*

Бұл көкпар алып кетті тойдың легін.

Жығылып жатса адам қарамаған,

Оу, көкпар, өр халқымның ойыны едің.

Дода боп әдет жанды қысты ма екен?!

Қасиет қанға сіңген ыстық екен.

Көкпарда қазақ өзін сынайтұғын,

Әйтпесе, көк серкеңіз ныспы ма екен?!

Ән мәтінін студенттер бірнеше рет іштей оқып шығады. Өлең мәтінінде кездесетін аттың дене мүшесіне қатысты сөздерді қайталай отырып, студенттердің түсінігін анықтаймыз. Олар: *сауыр, тұяқ, тақым*. Бұл сөздерді анықтағаннан кейін тіркестегі қолданысына назар аудартамыз. *Тұяқ тіреу, сауырына қамшы тию, тақымға орай басып тарту* сияқты әрекеттерді түсінуге жағдай жасау керек. Ат үстіндегі шабандоздың іс-қимылына қатысты *тебіну, қағысу, жұлқынып кұш қылу* сияқты сөздердің мәнін ашу керек. Мұндай жұмыстар бүгінгі ауыл тіршілігі мен мал шаруашылығынан жырақтап кеткен қазақ жастарының аттың қасиетін тануына, этнопсихологияның қалыптасуына көмектеседі.

Өлең мәтініндегі *андыздаған, дүркіреп, айғай басып, тойдың легі, дода* сияқты сөздердің мағынасын сөздіктің көмегімен анықтай отырып, олардың тіркестегі мән-мағынасын студент зейініне жеткізу жұмыстары жүргізіледі.

Келесі кезекте *«Жігіт не атқа топты жарғызбаған?!», «Қан қызбаған», «Оу, көкпар, өр халқымның ойыны едің», «Дода боп әдет жанды қысты ма екен?!», «Қасиет қанға сіңген ыстық екен», «Көкпарда қазақ өзін сынайтұғын, Әйтпесе, көк серкеңіз ныспы ма екен?!»* деген сөз тіркестері мен сөйлемдердегі ойды анықтау жұмыстары жүргізілді. *«Қасиет»* сөзінің мән-мағынасын қалай түсінетіндігі сұралып, қазақ халқының өзіне тән қасиетіне қатысты әңгіме қозғалады. Өлең мәтіні бойынша студенттерге этнопедагогикалық, патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктерін пайдаландық. Келесі кезекте әнді тағы бір рет тыңдаймыз. Бұл жолғы ән мәтінін тыңдатудағы мақсатымыз - өлеңнің эмоциялық,

эстетикалық әсерін күшейту, студенттерді ойтолғауға даярлау. Олең мәтіні тыңдалған соң студенттерге ойшақыру жұмыстары жүргізіледі. Әркім өз ойын сапарлау үшін бір сәт көзді жұмғызып, жасыл желекті жайлаудың төрінде ат үстінде отырғандай сезіну керектігі айтылады. Қолда қамшы, ыңғайлы, ықшам киімде, бірер сәттен кейін көкпарға қосылатын сәттің алдында тұрғандай сезіну шарт. Үнсіз өткізілген бірер минуттардан кейін әркімнің өз ойына не келгендігі, қандай сезім-күйді кешіргендігін жазу сұралады.

Ашық алаңда ат үстінде тұрмын. Қазір көкпарға кіремін. Атты адамдардың шуы естілді. Астымдағы атым додаға кіруге асығып тұр. Мені бір ерекше сезім биледі. Қан қызған деген осы болар. Тұра ұмтылуға дайынмын. Алдыға ұмтылдым. Көп аттың дүбірі мені де алып кетті. Алдымнан салқын леп келді. Кеудемді кере демалдым. Осы сәт қандай керемет!!! (В.А.)

Кең алқап, екі жүздей адам. Мен де астымдағы атыммен ортаны бөліп, серке жатқан жерге жеттім. Жердегі көк серкеге қолым тиді. Серкені алып сүйрей жөнелдім. Топты жарып шықтық. «Кетті көкпар», «жіберме» деп айқайлаған дауыстар естіледі. Осы бір сәтті сөзбен айту қиын (Б.С.).

Өткізілген сабақ барысында кейбір сөйлеу әрекетін әлі де болса көбірек жетілдіру керек-ау дейтін студенттердің өзінің ойтолғауын ерекше әсерленіп жазғандығы байқалды. Топ студенттерін «Құлагер», «Тайбурыл» деген екі топқа бөле отырып, шағын ойды сергіту жұмыстары жүргізіледі. Тапсырма: мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіз.

1. «Құлагер» тобына ұсынылған мақал-мәтел:


Қой – байлық, Жылқы – сәндік. Ер қанаты – ат.

2. «Тайбурыл» тобына ұсынылған мақал-мәтел:

Ат басына күн туса, Ауыздығымен су ішер.

Құс - қанатымен, Ер - атымен.

Қазақ тілінен өткізілетін әрбір сабақта студенттің жазылым, айтылым әрекетін дамытып отыру мақсат етіледі.



Райхан НАРАЛИЕВА,
Оңтүстік Қазақстан облысының
Түркістан қаласындағы
№8 Н.Төреқұлов атындағы
жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«ИСАТАЙ - БАСШЫ, МЕН - ҚОСШЫ...»

Сабақтың мақсаты:

Білімділік - Исатай - Махамбет бастаған көтерілістің мақсатын, соғыс сипатын, көтеріліс басшысы - Исатай тұлғасын, сарбаздардың соғыстағы іс-қимылы мен әрекетін, өлеңнің идеясын, мағынасын түсіндіру, берілген білімді жүйелеу.

Дамытушылық - оқулық пен қосымша материалдар деректерін тиімді пайдалануға, өз ойын еркін айтуға, өз пікірін қорғап, айқында дәлелді тілмен сөйлеуге дағдыландыру.

Тәрбиелік - оқушыларды отансүйгіштікке, елін, жерін, Отанын сүйетін патриот етіп тәрбиелеу, ерлік пен елдікті, батырлықты дәріптеу, олардың бойында қызығушылық, ізденушілік қабілеттерін арттыру.

Көрнекілігі: ақын портреті, Қазақстан картасы, М.Қалымовтың «Исатай-Махамбет» атты суреті, Жәңгір ханның суреті, хронологиялық таблица жазылған плакат, тірек-сызба, бүктеме, М.Өтемісұлы. Шығармалар жинағы («Жазушы» баспасы, 1974), Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романы («Жазушы», 1981 ж).

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: жаңа технология стратегиялары: ой қозғау, сұрақ-жауап, салыстыру, әңгімелеу, топтастыру, талдау, «Сөзжұмбақ».

Пәнаралық байланыс: тарих, география, қазақ тілі.

Сабақтың барысы:

- а) ұйымдастыру кезеңі.
- ә) үй тапсырмасын сұрау.

Берілген тақырыптар:

1. М.Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы туралы айту.
2. Махамбеттің жастық шағы туралы баяндау.
3. Махамбет шығармаларын жатқа мәнерлеп айту.
4. Махамбет шығармаларындағы жиі айтылатын ең жағымсыз кейіпкер кім?

Жаңа тақырыпты меңгерту.

1. Өткен тақырып пен жаңа тақырыптың байланысын ашу. Көтерілістің шығу себебі: шаруалардың шұрайлы қонысынан, жер - суынан, еркінен айрылуы, хан - сұлтандар мен патша үкіметінің езгісіне, қыспағына түсіп күйзелуі болды. 1836 жылы 2 қараша күні көтерілісте Исатай мен Махамбет бастаған 3 мыңдай адам хан ордасына шабуыл жасайды. 1838 жылдың шілдесінде Гекке бастаған орыс армиясымен соғысады.

Көтерілістің жеңілу себебі:

1. барлық көтерілісшілер жаппай, біртұтас біріге алмады;
2. өздерінен жақсы қаруланған, арнайы әскер дайындықтан өткен патша жазалаушы күштерімен арпалысу қиын еді. Көтеріліс жеңіліс тауып, оның басшылары жазаланса да, бұл еліміздің болашағы үшін жасалған маңызды қадам болды. Ұлт - азаттық қозғалысының көсемдері - батыр Исатай мен ақын Махамбет халықтың ыстық ықыласына бөленді. Олар халық жүрегінде мәңгі сақталар тұлға болып қала бермек.


Балалар тақтадағы тірек-сызбаны құрастырады.

1. 1804 ж. Орал облысы, Орда ауданында Бекетай деген жерде туған. Мұсылманша өте сауатты, орыс тілін жетік білген.	МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ	2. Халық ұлы, халық батыры, қазақтың ардагер ақыны.
3. Өлеңдері, күйлері: “Ер Исатай”, “Менің атым - Махамбет”, “Қызғыш құс”, “Нарын”, “Кішкентай”, “Ақтабан”, “Өттің, дүние”, “Өкініш”, “Қайран”.		4. 1836-1838 ж.ж. Батыс Қазақстанда Ресей отаршылдары мен әділетсіз ханға қарсы Исатай Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісінің бас ұраншысы болды.
5. Өлеңдерінде туған халқының мұңын, ой-арманын жырлайды, хан тәртібін әшкерелейді.		6. 1846 ж. Баймағамбет сұлтан жіберген жендеттердің қолынан қаза табады.

1. М.Өтемісұлы қай жылы, қай жерде дүниеге келген?
2. М.Өтемісұлы кім?
3. М.Өтемісұлының қандай өлеңдерін, күйлерін білесіңдер?
4. Махамбет қай жылдары Ресей отаршылдары мен әділетсіз ханға қарсы көтерілістің басшысы болған?
5. Ақын өлеңдерінде нені жырлайды?
6. М.Өтемісұлы қай жылы, қалай қайтыс болды?

Деңгейлеп оқыту технологиясы

Сабақ мақсатымен қысқаша таныстыру.



Деңгейлік тапсырмалар:

I. Оқушы деңгейі.

1. Махамбет Өтемісұлы кім?

Махамбет - ақын, батыр, қолбасшы. Ол - жәй ақын емес, патриот ақын, шаруалар көтерілісінің айнасы.

2. “Баймағамбет сұлтанға айтқаны” деген өлеңінің шығу тарихы.

3. Ханға қарсы көтерілістің мақсаты?

4. Махамбеттің Исатай туралы өлеңдерінен көз алдарыңа қандай адамның бейнесі елестейді?

II. Алгоритмдік саты. Кейіпкерлерді топтастыру.

Махамбет — ақын, сазгер, батыр,
жалынды жыршы, жырау,
күйші, домбырашы, шешен.

Исатай — батыр, көтеріліс көсемі,
ақын, қолбасшы, күйші.

Жәңгір хан — хан, сұлтан, би,
билеп төстеуші.

III. Эвристикалық саты.

Венн диаграммасы.

ОРТАҚ ҚАСИЕТТЕРІ:

МАХАМБЕТ

ИСАТАЙ



Оқушылар өздігінен мәтінмен жұмыс істеу арқылы шығарма кестесін толтырып, білім алады.

Жаңа тақырыптың мағынасын ашу.

II. Концептуалдық кесте.

Махамбет Өтемісұлының шығармаларының мағынасын тану.


Шығарма-ның аты	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Не суреттелген?	Өз пікіріміз
«Соғыс»	Туған жерін қызғыштап қорыған.	Жоғары. Елін, жерін ойлайды.	Исатайдың ұрыс кезіндегі ерлігі мен адамгершілік қылығы әсерлі суреттеледі.	Бұл өлең маған ұнады, - ақын Исатай қатесін ашық мойындап, өмір мен өлім, бақыт пен сор, жолдастық парыз туралы терең ой қозғайды.
«Ереуіл атқа ер салмай»	Ақын адалдықты аңсайды.	Туған еліне, жеріне адал.	Ерлік - ел үшін туып, өмір сүрген адал перзенттің азаматтық қасиеті.	Елі үшін еңіреген ердің сарбаздарға рух беріп, намысын қайрау, ұлы мақсаттан айнымауға шақырған әйгілі туындысы.
«Мұнар күн»	Өлең ақын үшін шер тарқататын сырлас мұңдас.	Қайсар, әділдікті сүйген, озбырлықты жек көрген.	Халықтың кегін үйде отырып сөзбен қайтару емес, оның жауларымен қасық қаны қалғанша шайқасу.	Бұл ақынның Исатайды жоқтауы, аза тұтқан жыры, бұл өлеңі бізге өте ұнады.

IV. Шығармашылық саты.

Ой – толғаныс.

1. Суреттік жұмыс. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.
2. Өлеңдегі ой жүйесін жинақтау.
3. Жәңгірдің елімен қоштасуы.
4. “Махамбет” сөзжұмбағы.
5. Сандар тізбегін шешу.

1. Сөзжұмбақ шешу. Мәтіндер арқылы құрастырылған.



1. Сұрақтар:

1. Махамбет Өтемісұлы қандай білім алған адам? (*мұсылманиша*).
2. Батырдың анасының аты? (*Қосуан*).
3. Жәңгір ханның баласы (*Зұлқарнай*).
4. Ішкі Орданың ханы? (*Жәңгір*).
5. Белгілі антрополог - мүсінші (*И.Ж.Шаяхметов*).
6. Махамбеттің руы (*Беріш*).
7. Махамбет кім? (*батыр*).

2. Махамбеттің өміріндегі жылдар үн қатады тізбегін шешу.

1804 ж. - Махамбеттің туған жылы.

1836-1838 ж.ж. - Шаруалар көтерілісі.

1824ж. - Махамбет Жәңгір ханның баласымен Орынборға барды.

1846 ж. - қайтыс болған жылы.

1837 ж. - подполковник Гекке отрядымен шайқас.

1839 ж. - Махамбеттің саяхатшы Ковалевскиймен кездескен жылы.

Сабақты қорытындылау.

- Қорыта келгенде, Махамбет жырларының асыл арқауы - туған жердің туын көтеру, оны талауға түсірмеу, туған жер үшін бас тігіп, найзалы күреске шығу, келешек ұрпақтарды осыған шақыру.

Махамбет поэзиясы - қаһарлы да айбарлы, өзіне тән бедері, айшығы, өр рухы бар жауынгер поэзия. Ел қорғау, туған жердің тәуелсіздігі үшін ер азаматтың басын тігуі - мәңгілік дүние.

Махамбет өлендерінің бүгінгі ұрпаққа да, келер ұрпаққа да берер тағлымы мол, ерлік пен елдіктің үлгісі.

Балалар, көрнекті ақынымыз, мемлекеттік сыйлықтың иегері Фариза Оңғарсынова жырлағандай:

«Аруақтарын шақырып,
Арыстандай атылып,
Жауларын қуған ақырып,
Өмірі өткен желдің өтінде
Исатай мен Махамбеттен
Қалды ма белгі Жердің бетінде?».

«Намыс бер, от бер ұланға
Күндердің күні болғанда
Шамырқанып шығарға,
Арманда кеткен ер үшін
Ақырып теңдік сұрарға».

«Бостандықты аңсаған,
Тәуелсіздікке жол салған,
Батыр ақын Махамбет,
Ұмытпас сені ұрпағың,
Есінде сақтар өз елің!» - деп аяқтағым келеді.

Сонымен, балалар, “Исатай мен Махамбеттің арманы орындалды ма?” деген сауалға:

- Бүгінде Исатай мен Махамбет арманы мүлтіксіз жүзеге асуда. Келешек ұрпақ Махамбеттің аманатын орындады, өйткені еліміз егеменді, тәуелсіз ел болды” деп жауап қайтарсақ орынды болар.

Үйге тапсырма.

Өзің үшін жазу стратегиясы.

«Махамбет өлеңдеріндегі Исатай бейнесі» деген тақырыпқа шағын шығарма жазып келу және Исатай өлеңінен үзінді жаттау.



Бағира ТАСЫБЕКҚЫЗЫ,

Астана қаласындағы

№1 мектеп-лицейінің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ - ЫБЫРАЙ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік - оқушыларды Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, алған білімдерін жинақтау, жүйелеу.

Дамытушылық - оқушылардың ізденімпаздық, байқампаздық қасиетін қалыптастыру. Тапқырлыққа, ой еркіндігіне, зерделікке баулу. Тіл байлығын тереңдету, өз ойларын айта білуге дағдыландыру, белсенділігін арттыру.

Тәрбиелік – оқушылардың адамгершілік қасиетін қалыптастыру. Білімге қызығушылығын арттыру, еңбек етуге, туған елін, Отанын сүйуге баулу.

Түрі: аралас сабақ.

Көрнекілігі: Ыбырайдың портреті, суреттер, презентация (тұсаукесер), тірек сызбалар, тест, көрініс, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы: ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды сабақтың тақырыбымен таныстыру.

- Біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: “Балалар әдебиетінің атасы - Ыбырай”. Алтынсариннің шығармашылығымен танысып, алған білімімізді тиянақтаймыз, жинақтаймыз. **Ыбырай Алтынсарин** туралы біз **не білеміз? Не білгіміз келеді? Нені білдік?**

- Біз Ыбырай Алтынсариннің өмірбаянын, шығармаларын білеміз, оқулықта берілмеген, өміріндегі маңызды жағдайлар жайында білгіміз келеді.

I. Ыбырай Алтынсарин қашан, қайда дүниеге келген? Ол кім? Ол қашан, қайда білім алған? Оның атасы кім, қандай адам болған? Орыс әдебиетімен кім арқылы танысады? Ыбырай неліктен балаларды өз үйінде оқытады? Торғай мектебі қашан ашылды? Ыбырай шығыстанушы профессор Ильминскийге не деп хат жолдайды? Ыбырай сабақ, тәрбие жұмысын жасағанда нені үлгіге алған? Оның «Қазақ хрестоматиясы» қашан шықты? Оның қандай шығармаларын білесіңдер?

Өлендері: «Кел, балалар, оқылық», «Өзен», «Жаз», «Өнер, білім бар жұрттар». **Әңгімелері:** «Бір уыс мақта», «Талаптың пайдасы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Түлкі мен ешкі», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Асыл шөп», «Қыпшақ Сейіткүл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Китайская царевна Силинчи», «Әке мен бала», «Бақша ағаштары», «Сараңдық», т. б.

«Кел, балалар, оқылық» өлеңі оқылады.

II. Жарасқан Әбдірашевтің өлеңі:

Жырын жаттап жатамыз

Жалықпастан қыс-жазы.

Ұлы Ыбырай атамыз -

Ұстаздардың ұстазы.

Ұран тастап көп елге:

«Кел, балалар, оқылық!»

Деген сөзін көңілге

Ықыласпен тоқыдық».

Оқығанда кезінде -

Озған алғаш сол екен!

Өліппенің өзін де

Жазған алғаш сол екен!

Бұларды да мектепте

Білдік алғаш оқып біз,

Ұлы болып кетсек те,

Ұлы ұстазға шәкіртпіз!

III. Презентация (тұсаукесер). Ыбырай Алтынсарин өмірі, шығармашылығы. Әкесі Алтынсары - Орта жүз, қыпшақ тайпасынан, анасы Айман - арғын, Шеген бидің қызы. 1844 жылы әкесі Кенесары қозғалысында қайтыс болған, сонда бесікте жатқан Ыбырайды Жетібай Өтемісов деген азамат аман алып қалған.

IV. «Жаз» және «Өзен» өлеңдерінен үзінді оқылады.

V. Жазушының қысқа әңгімелерінен көріністер көрсетіледі.

«Әке мен бала» көрінісі.

Автор: - Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу қайтып келе жатса жолда аттың бір ескі тағасын көріп баласына:

- Анау тағаны, балам, ала жүр, - деді.

Баласы: - Сынып қалған ескі тағаны не қылайын?

Автор: - Әкесі үндемей өзі иіліп алды. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі тағаны үш тиынға сатып, кейін оған шие сатып алды да, өзі жеп келе жатты. Түскен шиені баласы бірнеше рет иіліп алды.

Әкесі: - Тағаны бір иіліп алуға ерініп едің, енді тағаға алған шиенің жерге түскенін жеу үшін бірнеше рет еңкеюге тура келді. Мұнан былай есінде болсын, аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың.

Автор: - Ыбырай Алтынсарин балалардың **жалқау болмауына, еңбекқор болуына ерекше мән берген.**

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш». Интерактивті тақтадан осы жәндіктердің суреті бар слайд және көрініс көрсетіледі.

Автор: - Атасы он жасар ұлымен далада келе жатып баласынан сұрады.

Атасы: - Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

Баласы: - Көремін, өрмек тоқып жүр.

Атасы: - Анау құмырсқаны көремісің?

Баласы: - Көремін, аузында нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.

Атасы: - Жоғары қара, көкте не көрінеді?

Баласы: - Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр. Аузында тістеген шөбі бар.

Атасы: - Олай болса, балам, осы жәндіктер - саған үлгі. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа. Жұмыс істеуге әдеттен.

- Балалар, еңбек туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

- Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

- Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.

- Бақыт кілті - еңбекте.

- Еңбек мұратқа жеткізер, жалқаулық абыройсыздыққа жеткізер.

«Бақша ағаштары», «Түлкі мен ешкі» әңгімелерінен слайд және көрініс көрсетіледі. Табиғат туралы, ақыл, білім туралы қандай мақалдарды білесіңдер?

Мақал-мәтелдер:

- Табиғат - тал бесігің.

- Бұлағы болмаса өзен де сарқылар.

- Ақыл азбайды, білім тозбайды.

- Сөз ағасы - құлақ,

Су анасы - бұлақ,

Жол анасы - тұяқ.

- Ашу - дұшпан, ақыл - дос.

- Тау мен тасты су бұзар,

Адамзатты сөз бұзар, т.б.

- Сендер еңбекке, білімге, адамгершілікке қатысты қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?

- Әдептілік, ар-ұят - адамдықтың белгісі.

- Адам деген - ардақты ат.

- Адамдықтан үлкен ат жоқ,

Наннан үлкен ас жоқ.

- Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді.

- Міне, біз бүгін **Ыбырай атамның** бірнеше әңгімелерін тыңдадық.

Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді. Ыбырай балаларды мазмұнды, мағыналы, білімін көтеретін, тақырыбын қызықтыратын кітаптарды қазақ тілінде көптеп басып шығару деп біледі. Ол өзі де кітаптар жазып қана қоймай, орыс тілінен де қысқа әңгімелерді аударарды. **Нені білдік?** Отбасы жайында, қызмет істеген жерлерімен таныстық, әңгімелерінен көрініс көрдік. Ыбырай Алтынсарин жайында білімімізді толықтырдық.

VI. Кластерді тақтаға жазу. Ыбырай Алтынсарин кім?

- Жазушы, аудармашы, ғалым, ақын, қоғам қайраткері, оқулық авторы, әдебиет, балалар әдебиетінің атасы, зиялы қауымның бірі, педагог, мектептің іргетасын қалаушы, тұңғыш әліппе авторы, әдебиет өкілі, ағартушы, тәрбиеші, ұлы ұстаз, мектептер мен мұғалімдер даярлайтын училище ашқан ағартушы, “**Қазақ хрестоматиясы**” оқулығының авторы.

VII. Жазушының әңгімелері қандай тәлім-тәрбие береді?

Парасаттылық, мейірімділік, сабырлылық, әдептілік, қайырымдылық, адамгершілік, үлкенді сыйлау, шындық, әділдік, ізеттілік, ойлау қабілетін дамытады, тілін жаттықтырады, еркін сөйлеуге үйретеді, адалдыққа, еңбекқорлыққа, білімділікке, жанашырлыққа баулиды.

VIII. Тест сауалдары:

1. Ыбырай Алтынсарин кім?

а) белгілі суретші, саяхатшы, әнші;

ә) әйгілі әнші, сазгер, суретші;

б) атақты ақын, аудармашы, ағартушы;

в) мәлімгер, саяхатшы, ақын.

2. «Кел, балалар, оқылық» кімнің өлеңі?

а) М. Жұмабаев;

б) А. Құнанбаев;

ә) Ы. Алтынсарин;

в) Б. Майлин.

3. Ыбырай Алтынсарин қай жылы туды?

а) 1841ж;

б) 1858ж;

ә) 1901ж;

в) 1894ж.

4. «Өнер - білім бар жұрттар» өлеңінің авторы кім?

а) А. Құнанбаев;

б) С. Сейфуллин;

ә) Ы. Алтынсарин;

в) А. Байтұрсынұлы.

5. Ы. Алтынсариннің табиғатқа арналған өлеңдерін белгіле.

а) «Өзен»;

б) «Жаз»;

ә) «Кел, балалар, оқылық»;

в) «Әй, жігіттер».

6. «Аз жұмысты қиынсынсаң көп жұмысқа тап боларсың...»

деген жолдар Ы. Алтынсариннің қай әңгімесінен алынған?

а) «Атымтай Жомарт»;

б) «Әке мен бала»;

ә) «Бай баласы мен жарлы баласы»;

в) «Бір уыс мақта».

7. «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінің авторы кім?

а) Ж. Аймауытов;

б) Ы. Алтынсарин;

ә) Қ. Аманжолов;

в) М. Мақатаев.

8. Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» қашан шықты?

а) 1859 ж;

б) 1879 ж;

ә) 1868 ж;

в) 1892 ж.

9. «Бағу-қағуда көп мағына бар» қай әңгімеден алынған?

а) «Бақша ағаштары»;

б) «Талаптың пайдасы»;

ә) «Бір уыс мақта»;

в) Қыпшақ Сейітқұл».

10. Ы. Алтынсарин қай жылы мектепке барды?

а) 1867 ж;

б) 1902ж;

ә) 1850ж;

в) 1874ж.

XI. Қорытынды.

- Бүгін біз ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин шығармашылығына қайта тоқталдық. Ол кісі өзінің ағартушылық, ақын-жазушылық қызметі мен зор талантын, қайрат-жігерін жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеуге жұмсады. Қазақ жерінде мектептер ашып, оқушыларды озық ғылыммен қаруландыруға бар күшін жұмсады.



Әлия ҮКІБАЕВА,
Талдықорған қаласындағы
Дарынды балаларға арналған
үш тілде оқытатын №20
арнаулы лицейінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН. **«КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫ**

Талдықорған қаласындағы Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын №20 арнаулы лицейінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Лицейдің бірнеше кабинеттерінде интербелсенді тақта орнатылған. Әр мұғалім интербелсенді тақтамен әр сабағын қызықты өткізуді ойластырады. Бұл уақыт үнемдейді және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Осының дәлелі ретінде Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы бойынша өткізілген 11-сынып «Ақпараттық саяхат» атты интербелсенді тақтамен өткізілген сабақ жоспарын ұсынып отырмыз.

Сабақтың мақсаты: білімдік - оқушыларға «Көкшетау» поэмасындағы басты образ - сұлу Көкше, хан Абылай, қалмақ қызы мен Адақ батыр туралы мағлұмат беру, жер атауының шығу тарихына үңілту; **тәрбиелік** - туған жерге деген сезімдерін,

сүйіспеншіліктерін арттыру, өткенге сын көзбен қарай алатын, елінің адал азаматы болуға тәрбиелеу; **дамытушылық** - талданатын тақырыптың ерекше, жекеленген және ортақ белгілерін біріктіре отырып негізгіні тану қабілетін арттыру, түйінді ой айта білуге, өзіндік пікір қалыптастыруға үйрету. **Типі:** білім мен білікті дамыту сабағы. **Түрі:** ақпаратты саяхат сабағы. **Әдісі:** түсіндіру, талдау, жобалау, баяндау. **Көрнекілігі:** компьютер, интербелсенді тақта, «Бурабай» видеофильмі, электронды оқулық.

Пәнаралық байланыс: география, тарих.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1-слайд бойынша Көкше жерінің әсем табиғаты көрсетіліп, «Сұлу Көкше» тақырыбында дайындалған жоба айтылады.

2-слайд бойынша «Қазақтың ханы - Абылай» атты реферат қорғалып, Абылай хан мен Бұқар жырау туралы мәліметтер көрсетіледі.

3-слайд бойынша «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жобасы қорғалып, шапқыншылық кезінен көріністер көрсетіледі.

4-слайд бойынша «Ақылмен асқан Адақ батыр» жобасы қорғалып, Адақ батыр жайында мәлімет көрсетіледі.
(Оқушыларға тапсырма алдын ала берілген.)

III. Жаңа сабақ: 1. Слайд арқылы сабақтың тақырыбы, мақсаты хабарланады.

2. Мұғалім: - Мінеки, балалар, өздерің алдын ала дайындап келген жоба-баяндамалар арқылы халқымыздың өткеніне көз жүгірттік, Көкшетау жерінің көркем табиғатын интербелсенді тақта арқылы өз көзімізбен көргендей болдық. Сендерге үйге Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы оқуға берілген болатын. Қазір «Бурабай» атты видеофильмді көре отырып, таудың неліктен «Бурабай» аталғаны туралы аңызды естийік.

3. «Жеке батыр» атанған таудың бейнесін көрсетіп, ол туралы

аңызды компьютерден дауысын шығара отырып тыңдату. (Ақпағазға қара қарандашпен сызып салғандай.)

4. «Оқжетпес» шыңының суретін көрсетіп, аңызды тыңдату.

5. «Жұмбақ тас» суретін көрсетіп, аңызды тыңдатып, қолға түскен қалмақ қызының бейнесі суреттелген шумақтарын оқушыларға оқыту.

6. «Әнші ақындар» бөлімі бойынша оқушылар алдын ала берілген тапсырма арқылы Көкшетау атырабынан шыққан әйгілі ақындар, әншілер, палуандар портретінің галереясын жасайды.

IV. Жаңа сабақты игеру сапасын тексеру.

1. Сәкен Сейфуллин поэмасында Көкшетау табиғатын қалай суреттеген, қандай көркемдік тәсілдерді қолданған?

2. Поэмада қай кезең суреттелген?

3. Жер атауларына байланысты қандай аңыздар бейнеленген?

4. Көкшетау жерінен шыққан қандай әйгілі адамдардың бейнесіне тоқталған?

V. Өтілген жаңа сабақты қорыту.

1. Сәкеннің поэма жазуда тек Көкшенің әсем табиғатына сырттай тамсанып, тамашалап қана қоймай, өлкенің тарихына байланысты жазылған шығармаларды, тарихи еңбектерді, аңыздарды зерттегенін ұғындыру.

2. Елдің өмірімен жете танысқанын атақты әншілердің, белгілі ақындардың, шебер күйшілердің өнерін тамашалағанын, содан кейін ғана барып сан алуан образдар галереясын жасағанын оқушы санасына жеткізу.

VI. Оқушы білімін бағалау.

VII. Үйге тапсырма: «Көкшетау» поэмасындағы образдар галереясы» не «Қазіргі Көкше жерінде ...» тақырыбының біріне шығарма.



Майра ОҚАПОВА,
Павлодар қаласындағы
№18 жалпы орта білім беретін
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

БАЛА - ӨМІРДІҢ ЖАЛҒАСЫ

Мақсаты: мерекелік көңіл-күй жасау. Оқушыларға қазақ халқының мәдениетін және салт-дәстүрін таныстыру. Салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігі мен құрметін, патриоттық сезімін тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: алаша, сырмақ, көрпешелер, салт-дәстүрге байланысты мақал-мәтелдер жазылған плакаттар, ұлттық киімдер, бесік, шарлар.

Құрманғазының «Сарыарқа» күйінің әуенінде екі жүргізуші ортаға шығады.

1-жүргізуші: - Қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде, әдет-ғұрпында ерекше орын алатын, ертеден мерекеленіп келе жатқан мейрамның бірі - Наурыз. Бұл күн жыл сайын наурыз айының 22-жұлдызында мерекеленетін болды. Яғни, күн мен түннің теңеліп, қар еріп, көк шыға бастайтын көктем айы. Сондықтан Наурыз күнін ертедегі адамдар Жаңа жылдың басы деп есептеп, жақсы тілек, зор қуанышпен қарсы алған. Наурыз мейрамын жыл басы ретінде тек қазақтар ғана емес, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, әзербайжандар да тойлаған.

2-жүргізуші: - С давних времен у восточных народов существует праздник «Наурыз». Суть этого праздника – в единстве человека с природой. На Востоке Наурыз – начало нового года. В переводе с персидского «ноу» - означает «новый», «руз» - «день». В Казахстане Наурыз официально отмечается с 1998 года. Начинается он в ночь с 21 на 22 марта – во время весеннего

равноденствия и длится 40 дней. Древний и любимый праздник обновления жизни, Наурыз отмечается ныне по всей республике широко и весело.

1-жүргізуші: - Наурыз келді жаңартып жаңа күнді,
Наурыз келді сағынтып бала бізді.
Құтты болсын ағайын жаңа жылың,
Құтты болсын, Жаңа жыл, Наурыз тойың!
Наурыз қайтып оралды аты да аңыз,
Сұрамаймыз алғыс та, ақы да біз.
Үй – дастархан,
Даламыз – сахнамыз,
Ұлы мейрам – Наурызға шақырамыз!

2-жүргізуші: - Со всех сторон с небесной высоты
Несется радость, веселье и смех.
Радуют глазки молодые листы
Наурыз к нам пришел –
Это праздник для всех.
И тебе, Наурыз, мы хотим показать
Как мы умеем все веселиться и петь

«Наурыз тойы». Исполняет Кусаинова Г. ученица 9 «а» кл.

1-жүргізуші: - Армысыздар, ағайын! Бүгін, міне, біздің төл мерекеміз – Наурызға қош келдіңіздер! Соған орай «Бала - өмірдің жалғасы» атты салт-дәстүрлер сайысын өткізгелі жиналды.

2-жүргізуші: - Здравствуйте, друзья! Добро пожаловать на наш конкурс «Дети – продолжение жизни».

1-жүргізуші: - Құттықтау сөзі мектеп директорының орынбасары Мұқышева Мақпал Әшуқызына беріледі.

2-жүргізуші: - Слово для поздравления предоставляется заместителю директора Мукушевой Макпал Ашуовне.

1-жүргізуші: - Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,
Босқа қарап тұрмаңыздар,
Сайысымыз басталады,
Қызықтан тыс қалмаңыздар!

Наурыз келсе - құт келгені, халайық!
Шашу шашып, ел боп қарсы алайық!

(шашу шашылады)

1-жүргізуші: - Бауырласқа тәнтіміз,
Бұзылмаған антымыз.
Кең даланың ежелгі
Қазақ дейтін халқымыз
Өзге ұлттай біздің де,
Бар дәстүр мен салтымыз!

2-жүргізуші: - А сейчас на сцену приглашаем учащихся 8 «а» класса. Казахская народная традиция «Тұсау кесер» - «Разрезание пут».

8-сынып оқушыларының орындауында «Қыздар-ай» биі.

1-жүргізуші: 8 «б» класс. «Қырқынан шығару» - «40 дней со дня рождения».

7-сынып оқушысының орындауында «Көктем» әнін тамашалаңыздар.

2-жүргізуші: 8 «в» класс «Бесікке салу» - «Укладывание ребенка в колыбель».

«Бесікке салу» - халқымызда бесік қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Бұл – халқымыздың елеулі үлкен дәстүрі. Бесікке салу жолы жасы үлкен немесе елдің құрметті, өнегелі адамына жүктеледі. Мерекелік дастархан жайылып, бесікке салған адамға кәде беріледі.

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке, жат бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Арыстанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін.

7 «в» сынып оқушыларының орындауында «Салт-дәстүрлер» әні.

Құтты болсын, ағайындар, Наурыз тойың,
Біздің мектеп тойлап жатыр Наурыз тойын.
Қилы-қилы замандарды бастан кешіп

Егеменді ел болдық!

Ата – баба дәстүрінің жолыменен
«Салт-дәстүрлер» сайысына біз де келдік.

Ынтымақ пен достық болсын ұранымыз,
Аспанымыз ашық болсын Әрқашан!

Бейбітшілік құсы қонсын басымызға,
Молшылық пен ырыс болсын ордамызда!
«Салт-дәстүрлер» сайысына келгендерге
Тілейміз біз сәттілік!

1-жүргізуші: - Жиналды Наурыз тойға бәріміз де

Үлкен, кіші, жасымыз, кәріміз де.

Қызыр ата келеді, әне, бізге,

Қарсы алайық, халайық, шын көңілмен,
Жақсылық әкеп тұр ғой, сірә, бізге.

2-жүргізуші: - На праздник наш пришел Қызыр ата,

Он приехал нас поздравить,

Он приехал народ благославить!

(Қызыр ата кіріп, бата береді)

1-жүргізуші: - Қазылар алқасы қорытынды шығарғанша, біз
мынадай ойын ойнайық. Қай сыныптың жауабы дұрыс және толық
болса, ұпайды сол сыныпқа қосамыз.

1. Ата-ана, бала туралы мақал-мәтелдер

2. «Қырқынан шығару», «Бесікке салу», «Тұсау кесерден»
басқа қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер? («Шілдеhana», «Сүндет
той», «Қыз ұзату», «Келін түсіру», «Сақина салу», т.б)

3. Ұлттық ойындарды атаңдар («Көкпар», «Алтыбақан», «Теңге
алу», «Қыз қуу», «Арқан тарту», «Ақ сүйек», «Асық» ойындары).

4. Наурыз мерекесінде міндетті түрде әзірленетін тағам. Оны
қалай әзірлейді?

5. «Бала - өмірдің жалғасы» дегенді қалай түсінесіңдер?

6. Наурыз мерекесіне құттықтау айтыңыздар.

1-жүргізуші: - Келесі сөз қазылар алқасына беріледі.

2-жүргізуші: - Осымен бүгінгі «Бала - өмірдің жалғасы» атты салт-дәстүрлер сайысын аяқтаймыз.

Қадірлі қонақтар!

Құтты болсын Ұлыстың ұлы Күні,

Ылғи толсын құшаққа шаттық гүлі!

Жаңа жыл алып келсін мол жақсылық,

Тек естілсін елімнің бақытты үні!

1-жүргізуші: - На этом мы заканчиваем свой конкурс «Бала - өмірдің жалғасы». Всем спасибо за внимание, до свидания!

2-жүргізуші: - Пока жюри подводит итоги конкурса, мы немного поиграем.

1. Я называю слово на казахском языке, а вы должны сказать пословицу тоже на казахском языке.

Ана, отан, еңбек, достық.

2. Жамбыл тауының етегінде туған, жүз жасаған атақты ақын.

3. Торғай облысында туған ағартушы, тұңғыш мектеп ашқан ұстаз, атақты ақын, аудармашы.

4. Семей облысы, Шыңғыс тауының етегінде 1845 жылы туған философ, аудармашы, сазгер, ойшыл, ұлы ақын.

Күлгіңіз келсе - күліңіз

СҰЛУЛЫҚ ПЕН НАН

Қожекең әйелімен сөйлесіп отырып:

- Қатын, қарным ашты, наның бар ма?- депті.

Әйелі:

- Менің сұлу дидарыма қарап тойып отырсыз ғой, соның өзі жетер,- депті.

Қожанасыр:

- Сенің бұл сөзің дұрыс, бірақ нан болғанда сенің сұлу дидарыңа батырып жер едім,- депті.

(Күлкілі әңгімелер. А., «Жазушы», 1987, 22-бет.)

Есенбике КАКИМОВА,
Семей қаласындағы
№28 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАЛҒАУЛАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Орыс тілді аудиторияда қазақ тіліндегі жалғауларын, олардың ішінде септік жалғауларын оқыту-тіл үйрену үшін қажетті алғы шарттардың бірі. Өйткені сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастыруда септік жалғауларын білудің маңызы зор. Оқушылардың өздігінен жұмыс істей білуінде септік жалғауларының рөлі ерекше байқалады.

Сабақта алдымен «септік» деген ұғымның не екенін түсіндіру керек. Септік бір сөйлемдегі сөздердің қатынасын білдіретін формасы екенін айтуға қажет. Қазақ тіліндегі жеті септіктің мағынасы әр түрлі, олардың бәрі зат есім сөзді екінші бір сөзбен байланыстыру үшін қызмет ететіні айтып түсіндіріледі.

Жалғаулар тақырыбын өткенде дәстүрлі емес сабақтар балаларды қызықтырады. Осы оқу жылында мынадай сабақ өткізілді. **Тақырыбы: «Отан»**

Мақсаттары: білімділік - туған ел туралы білімдерін толықтыру, Отан туралы лирикалық шығарма оқып, қызығушылықтарын ояту, жіктік жалғауды қайталау; **дамытушылық** - оқушылардың сөздік қорын байыту, өзіндік ойлау және қазақ тілінде сөйлеу қабілеттерін, таным белсенділіктерін дамыту, өздік жұмыстарын жасатып, нәтижесін шығаруға басшылық ету; **тәрбиелік** - лирикалық шығармалар арқылы оқушылардың туған жеріне, еліне, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еліміздің білімді, өнегелі, алғыр азаматтары мен азаматшалары болуға тәрбиелеу. **Әдістері:** іздену,

ойландыру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, мәнерлеп оқу, рөлдік ойын, тірек сызбаны толтыру. **Түрі:** ойын сабағы - «Мәжіліс».

Пәнаралық байланыс: география, тарих, әдебиет, орыс тілі.

Сабақтың көрнекілігі: ҚР картасы, М. Мақатаевтың портреті, жазылған аты, тегі, суреттер, кесте, оқулық.

Техникалық құралдар: магнитофон.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: А) Амандасу. Ә) Әнұранды айту.

- Балалар, біз бүгін қайда жиналып отырмыз?
- Астана қаласында.
- Не үшін?
- Біз үлкен мәжіліске жиналдық. Тақырыбымыз - «Отан».
- Бүгін біз М.Мақатаевтың Отан туралы өлеңдерін оқимыз, жіктік жалғауды қайталаймыз, алған біліміміздің нәтижесін көрсетеміз.

- Сендер қайдан келіп отырсындар?

- Біз Батыс Қазақстан, Шығыс, Солтүстік, Оңтүстіктен келдік.

Тренинг - «Жүрек жылуы».

- Енді бір-бірімізбен қол ұстасып, амандасайық, сәттілік тілеп, отырысымызды бастайық.

«Ой қозғау» кезеңі.

- Балалар, өткен сабақта қандай тақырыппен таныстық?

- Өткен сабақта біз «Қазақстан - біздің Отанымыз» деген тақырыппен таныстық.

- Отан деген сөзге синонимдерді табайық (айтып, жазамын).

Отан- Туған жер, Атамекен, Қазақстан.

- Хормен айтайықшы. Дәптерге жазайық.

«Отан туралы мақал-мәтелді жалғастыр» ойыны.

- Бір топ бастап, екіншісі аяқтап жіберсін:

1. Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.

2. Батыр туса, ел ырысы; Жаңбыр жауса, жер ырысы.

3. Отансыз адам - ормансыз бұлбұл.

- Ал, енді алғашқы сөз Оңтүстік Қазақстаннан келген қонақтарға

беріледі.

- Біздің өлкеміз мақтаға, көкөніске, жеміске бай. Алматыда

М. Мақатаев туып өскен.

- М. Мақатаев кім?

- М.Мақатаев - ақын. Оның Отан туралы өлеңдері көп.

Тақтаға: (қос нүкте қойындар)

- 2001 жылы оның қандай өлеңдер жинағы шықты?

- 2001 жылы оның «Аманат» атты өлеңдер жинағы шықты. Осы

жинақта «Отан туралы» өлеңі басылған.

«Ой ашар»

- Енді оқулықтың 69-шы бетін ашындар. М. Мақатаевтың «Отан туралы» өлеңін тыңдаңдар.

- Өлеңді түсіну үшін не істеу керек?

- Өлеңді түсіну үшін жаңа сөздермен танысу керек.

- Ендеше, сөз сендерге, солтүстіктен келген топқа беріледі.

Сөздік жұмысы.

1. Топпен оқу, сөйлем құру, сөздікке жазу.

2. Сөйлем құру:

- Қазақстанда ағынды өзен көп.

- Алматыда асқар тау бар.

- Қазақ тілі- қасиетті тіл.

- Қазақ тілінің құдіретті үні.

- Мен Отанымның бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,

Бәрі маған Отан деп сыбырлаған.

- Жаным менің кеудемді жарып шық.

- Ағашта шырылдаған бозторғай отыр.

- Мен Отанымды мәңгілікке сүйіп өтемін.

1. Өлеңді аудару.

2. Мәнерлеп оқу.

3. Солтүстік Қазақстанда Көкшетау, Баянауыл сияқты сұлу жерлер бар. Бізде ағынды өзен, асқар таулар көп.

Мына суреттерден берілген жаңа сөз тіркестерін табындаршы.

Дұрыс. Ал мына сөздердің аудармаларын табындаршы.

- Балалар, айтыңдаршы, М.Мақатаевтың өлеңдерін

Қазақстанның солтүстігінде ғана біле ме?

- Жоқ, бүкіл Қазақстан ақынды құрметтейді, оның өлеңдерін біледі.

- Кәнеки, айтыңдаршы.

- Енді сөйлемді аяқтайық, өлеңдердің атауларын жазайық:

- «Қазақстан», «Отан», «Туған жерге», «Қазақ жері», «Елім барда» екінші синонимдік қатар болып шықты.

- Ал енді сөзді Батыс Қазақстаннан келген қонақтарымызға береміз.

- Батыс Қазақстан - Еуропа мен Азияның түйіскен жері. Бұл жерде мұнай, газ өндірісі бар. Каспий теңізі, Жайық өзені, Маңғыстау, Ақтау қалалары осы аймақта.

8) Рөлдік ойын.

Американ инвесторы Джон мен Қазақстан азаматшасы Светланаңның сөйлесуі:

Джон: - Сәлеметсіз бе?

Светлана: - Сәлеметсіз бе?

Джон: - Светлана, сіз өте білімді менеджерсіз. Мен сізді Америкаға шақырамын.

Светлана: - Қанша уақытқа визаны ашасыз?

Джон: - Мен сізді тұрақты жұмысқа шақырамын.

Светлана: - Сіз мені сонда қал дейсіз бе?

Джон: - Иә, Америкада қаласыз.

Светлана: - Жоқ, мен Америкаға кетпеймін. Қазақстанда менің ата-анам, сіңлім, достарым бар. Қазақстан - менің Отаным.

Джон: - Сіз нағыз патриотсыз. Светлана, еңбегіңіз жемісті болсын! Сау болыңыз!

Светлана: - Сау болыңыз!

Өз Отанына қандай сүйіспеншілік білдірді! Светлана! Бәрекелді!

- Ал енді Шығыс Қазақстаннан келген қонақтарымыз қандай өнер көрсетеді екен?

- Шығыс Қазақстан - Семей және Шығыс Қазақстан өңірін қамтиды. Біздің жерімізде ұлы ақын Абай, Шәкәрім, атақты жазушы М.Әуезов өмір сүрген.

- Сендер олардың тұлғаларын, шығармаларын білесіңдер ме?

- Білеміз.

- Көрейік.

«Тұлғаны танып біл» ойыны.

- Бұл кім?

- Қандай шығармаларын білесіңдер?

- Дұрыс. Оның 4 жыл мезгілдері туралы өлеңдерін білесіңдер.

- М. Әуезовтің Абай туралы қандай шығармасы бар?

- Оның Абай туралы «Абай жолы» роман-эпопеясы бар.

- Осы топтан біреу М.Мақатаевтың өлеңін қайтадан оқып жіберсін.

- Айтыңдаршы, балалар, осы өлеңде қай сөздердің жалғауы толығымен жазылған жоқ?

- «Сүйемін», «өтемін» деген сөздердің жалғаулары толығымен жазылған жоқ.

- Бұл сөздер қай жақта, қай түрде?

- 1 жақта, жекеше түрде

- Енді екі топ «сүйемін» сөзін, екі топ «өтемін» сөзін жіктендер. Тексерейік.

- Балалар, айтыңдаршы, біздің Отанымыздың қай мейрамы тақап қалды?

- 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні.

- Адамдар бұл күні бір-біріне не сыйлайды?

- Гүл, ашықхаттарды сыйлайды.

- Үйге тапсырма берілген - ашықхаттың бірінші бетіне әдемі сурет салу. Көрсетіндерші. Бәрекелді!

- Енді ашып, тілектерімізді жазайық.

- Мінеки, үлгі, осылай бастауға болады.


- Құттықтаймын - поздравляю.

- Озат елдердің бірі - одной из передовых стран.

- Тілек білдіруші - с поздравлениями, с пожеланиями.
- Өздерің бір- біріңмен ақылдасып, жазыңдар. Тексеріңдер.
- Келген қонақтарымызды келе жатқан мейраммен құттықтап, ашықхаттарымызды сыйлайық.

Қорытынды

- Балалар, өзіміздің сабағымызда алған білімімізді тірек сызба арқылы көрсетейік:



- Сабаққа белсенді қатысқандарыңа, жақсы дайындықтарыңа рахмет!

Үйге тапсырма:

1. Жаңа сөз тіркестерін жаттау;
 2. М. Мақатаевтың «Отан туралы» өлеңін жаттау;
 3. Ойтолғау: «Өз Отаныма» деген эссе жазу.
- Қалай ойлайсыңдар, не туралы жазу керек?
 - Өз Отаным үшін қазір жақсы оқу керек, келешекте жақсы еңбек ету керек екенін жазамыз.
 - Дұрыс. Табиғатты қорғау керек. Сабағымыз аяқталды. Еліміздің өнегелі азаматтары болыңдар! Сау болыңдар!

ӨЗ БЕТІНШЕ ІЗДЕНДІРУ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сабақтың мақсаты: **білімділік** - оқушыларды іс қағаздарын заман талабына сай қазақ тілінде жүргізуге үйрету. Өмірге қажетті функционалды жүйелеріне сай сөз саптауға машықтандыру. Іс қағаздары стильдеріне көбірек назар аударту, ресми-іскерлік секілді түрлеріне қарай саралау; **дамытушылық** - бүгінгі қоғамдық әлеуметтік сұранымдарды ескере келе, ресми стильдің түрлерін, грамматикалық жүйесін, тілдің қолданыс аясын кеңейту, тіл байлығын дамыту. Іс қағаздар стилі негізінде оқушылардың шығармашылық деңгейін көтеріп, өзіндік іздендіру әрекетін ұйымдастыру; **тәрбиелік** - іс қағаздар стилімен жұмыс істеу деңгейін көтеру. Сөз мәдениеті деңгейін көтеру, сөз байлығын арттыру, сөз әдебінің нормаларын меңгерту. Алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету.

Түрі: аралас сабақ.

Әдіс-тәсілі: іздендіру, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, шешендік сөз өнері, орыс тілі.

Көрнекілігі: оқулық, қосымша әдебиеттер, проектор, кеспе қағаздар, іс қағаздар үлгілері, суреттер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезені.

Оқушылардың ынтасын сабаққа аудару.

Оқушыларды екі топқа бөліп аламын. I топ өзіне «Болашақ» атауын, II топ «Қыран» атауын алады.

Әр тапсырмадан кейін топ бағаланып отырылады.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1) Оқушыға үйінде жазып келген өмірбаянын оқыту, өмірімен байланыстыру. Оқушы дайындап келген альбом немесе плакатта жасалған суреттері арқылы өмірбаянына түсінік береді.

III. Жаңа сабақ. Мінездеме.

«Ойнайық та, ойлайық» ойыны.

Жаңа сабақтың тақырыбы төмендегі сөзжұмбақ арқылы ашылады.

1. Қолы ашық. (тұрақты тіркес)
2. Үлкенге құрмет,
Кішіге..... (мақал)
3.алды - қызыл тіл. (мақал)
4. Он саусағынан өнері тамған. (тұрақты тіркес)
5. Оқыған, дамыған, білімді тұлға.
6. Достар бір-біріне қандай болу керек?
7.бала - арлы бала,
Әдепсіз бала - сорлы бала. (мақал)
8. “Добрый” сөзінің қазақша аудармасы.
9. Ат салысу. (тұрақты тіркес)

Ж						О						М						А						Р						Т																							
																		І						З						Е						Т																	
																		Ө						Н						Е						Р																	
																		Ш						Е						Б						Е						Р											
																								З						И						Я						Л						Ы					
																		А						Д						А						Л																	
												Ә						Д						Е						П						Т						І											
М				Е				Й				І				Р				І				М				Д				І																					
												К				Ө				М				Е				К				Т				Е				С				У									

- Тігінен қандай сөз жасырылған екен? (Мінездеме).

Сөздікпен жұмыс:

МІНЕЗДЕМЕ - ТАВСИРНОМА - ХАРАКТЕРИСТИКА.

ӨМІРБАЯН - ТАРЖИМАИ ХОЛ - АВТОБИОГРАФИЯ.

ЖОМАРТ- ШЕДРЫЙ - САХИЙ.

ІЗЕТ - ПОЧТЕНИЕ - ХУРМАТ.

ӨНЕР - ИСКУССТВО - САНЪАТ.

ШЕБЕР - МАСТЕР - УСТА.

ЗИЯЛЫ - ИНТЕЛЛИГЕНТНЫЙ - ЗИЁЛИ.

АДАЛ - ЧЕСТНЫЙ - РОСТГУЙ.

ӘДЕПТІ - ВЕЖЛИВЫЙ - ОДОБЛИ.

МЕЙІРІМДІ - ДОБРЫЙ - МЕХРИБОН.

КӨМЕКТЕСУ - ПОМОГАТЬ - ЁРДАМ БЕРИШ.

- Иә, балалар, бүгінгі өтілетін тақырыбымыз - мінездеме. Ал, енді, балалар, мінез деген сөзді қалай түсінесіңдер? Иә, мінез - адамның туа біткен қасиеті.

Суретпен жұмыс.



«Қыран» тобына Жанар суреті, «Болашақ» тобына Қожа бейнесі беріліп, оқушылар осылардың мінезін ашады.

Жаңа сабаққа түсінік беру.

Мінездеменің бір үлгісі проекторда шығарылады.

Мінездеме - түрлі мекеме, ұйым, бірлестік, оқу орындарында

белгілі бір адамның ісі мен қызметі жайында, адамшылық тұрғыда сипаттап жазатын іс қағазының бір түрі.

Мінездемеде мінездемені алушы адамның жақсы қасиеттері мен іскерлігі, қабілеті, өткен жолы қысқа түрде түгел баяндалады; сонымен бірге ол адамның қызметінде, жеке басында болған немесе болып жатқан кемістіктер тура айтылу керек.

Үлгі

Бауыржан Момышұлы атындағы
орта мектептің 10-«Б» сынып
оқушысы Бекжанов Смайылға

Мінездеме

Бекжанов Смайыл - оқу озаты. Ұқыпты, салмақты, әрқашан сабаққа жақсы дайындалады. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Сыныпта топ жетекшісі.

Мектепішілік, аудандық, облыстық олимпиадаларға қатысып, тарих пәнінен бірінші, екінші орындарды иеленген. Сабақтан тыс үйірмелерге, спорт секцияларына қатысады. Оқушыларға көмектесуге үнемі әзір тұрады.

Болашақта заңгер болуды қалайды.

Келешекте Смайылдың жақсы азамат болуына сеніміміз мол.

Мектеп директоры: _____

Сынып жетекшісі: _____ 2009 жыл.

б) Оқулықпен жұмыс.

194-195 бетте берілген мінездемелерді оқып, талдау жасалады.

IV. Өзіндік іздендіру әрекетін ұйымдастыру. «Ойтолғау».

2 топқа конвертте жасырылған мінездеме оқылып, кімге берілген мінездеме екенін оқушылар табады.

«Болашақ» тобына:

Македония шаһарының Филипп патшасының ұлы. Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам болған. 21 жасқа келгенде таққа отырады. Қан ішер қаһарлы хан барған сайын араны қатты ашылып, жердің жүзін алуға ой ойлайды. Оның атағы талай жерге жетеді.

Кімге берілген мінездеме?

Ескендір кімнің поэмасы?

Абайдың тағы қандай поэмаларыны білеміз?

(Абайдың суреті проекторда шығарылады.)

«Қыран» тобына:

Шу өзенінің бойында дүниеге келген. Әкесі кедей шаруа болған. Жоқшылық тұрмыста өседі. Жаратылысынан пысық, зерек бала оқып білім алмаса да, жастайынан ән мен өлеңге құмар болады, ақындық өнерді сүйеді. Қайсар мінезді, бір беткей. Сол қайсарлығынан оқуын да тастап кетеді.

Кімге арналған мінездеме?

Жабылдың тағы қандай шығармаларын білеміз?

(Жабылдың суреті проекторда шығарылады.)

«Мақал -сөздің мәйегі». Сергіту сәті.

1. Жақсымен жолдас болсаң жетерсің мұратқа... (жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа)
2. Соқыр сиыр соқпақшыл ... (жаман адам тақпақшыл)
3. Сиыр сипағанды білмейді... (жаман сыйлағанды білмейді)
4. Ұялшақ сыбағасынан ... (кұр қалады)
5. Жақсылықтан қашпа ... (жамандыққа баспа)
6. Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар, ... (кісінікі дегенде анау-мынау ісім бар)

«Жүйрік ойлы, тапқыр кім?»

Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын табады. Сөздерді пайдаланып мінездеме жазады.

«Болашақ» тобына:

1. Бес аспап *(өнерлі);*
2. Сөздің майын тамызу *(әдемі сөйлеу);*
3. Арасынан қыл өтпейді *(тату);*
4. Қой аузынан шөп алмас *(момын);*
5. Иненің көзінен өткендей *(пысық);*
6. Қолы ашық *(жомарт);*
7. Мандай алды *(үлгілі);*
8. Мінезі ауыр *(салмақты);*

57

- ә) Іс қағаздар, г) Ауызекі сөйлеу.
б) Ғылыми;

2. Өмірбаян неше түрлі жазылады?

- а) 1; в) 4;
ә) 2; г) 5.
б) 3;

3. Анықтама қай стильге жататынын анықтаңыз.

- а) Көркем әдебиет; в) Іс қағаздар;
ә) Публицистикалық; г) Ауызекі сөйлеу.
б) Ғылыми;

4. Іс қағаздардың ресми деп аталуының себебі неде?

- а) көбінесе бір түрде, қалыптасқан үлгі бойынша жазылатындығынан;

- в) мазмұнына байланысты;
с) көлемі жағынан көп болу керек;
д) қызықты болуынан;
е) адамның шеберлігіне байланысты.

5. Адамның туа біткен қасиеті неде жазылады?

- а) өмірбаянда; в) хаттамада;
ә) мінездемеде; г) күнделікте.
б) анықтамада;

6. Іс қағаздар стилі қатарын көрсетіңіз.

- а) очерк, поэма, роман;
ә) жарнама, фелетон, мақала;
б) бұйрық,, өмірбаян, анықтама;
в) Пікірталас, талас, пікірсайыс;
г) әңгіме, өлең, жыр.

VI. Бағалау. VII. Үйге тапсырма.

Газет, журналдардан мінездеуге байланысты 4-5 сөйлем жазып келу.



Роза УСЕМБАЕВА,
ст. преподаватель
КГУТиИ имени Ш.Есенова
г. Актау.

ВАРИАТИВНЫЕ ПОВТОРЫ КАК СРЕДСТВО РАЗВЕРТЫВАНИЯ НАУЧНОГО ТЕКСТА

Наука - своеобразная сфера человеческой деятельности. Она призвана дать истинную информацию об окружающем мире. И хотя постигать закономерности окружающего мира можно и иными (не только научными) способами, именно наука обращена к интеллекту, к логике. Научные тексты связаны с ориентацией на читателя-профессионала. Итак, основные черты языка науки - точность и объективность.

Как же строится научный текст? Сюжет научного текста необычен: автор приобщает читателя к процессу поиска истины. Читатель должен пройти вслед за ним путь, чтобы, сделав (и, тем самым, перепроверив) логические ходы, прийти к желаемому выводу-результату. Автор моделирует ситуацию, представляя процесс поиска истины в наиболее, по его мнению, оптимальном варианте.

Композиция типичного научного текста отражает последовательность фаз научного исследования:

1. Осознание проблемы (вопроса, задачи) и постановка цели - **“введение;”**
2. Поиск способов решения проблемы, перебор возможных вариантов и выдвижение гипотезы, доказательство идеи (гипотезы) - **“основная часть”;**

3. Решение исследовательской задачи, получение ответа
«**закключение**».

Способ изложения, таким образом, является способом доказательства. Текст даже не очень больших по объёму научных произведений - статей, сообщений - принято делить на рубрики, подчёркивая переход от одного исследовательского эпизода к следующему.

Текст научного произведения создаётся как цепочка «шагов» - действий внутри текста, образующих логический каркас, который затем в тексте, насыщенном специальными символами и соответствующей терминологией воспринимает даже неподготовленный читатель.

В научном тексте по любой специальности можно без труда выделить языковые средства, при помощи которых осуществляется конструирование этого логического каркаса. Это, например, глаголы *обозначим, зададим, составим, определим, найдём, выберем, рассмотрим* и т.п. Автор методично поясняет своему собеседнику, какие именно мыслительные операции он в тот или иной момент совершает: даёт определения, переходит к следующему вопросу, возвращается к исходному пункту, приводит пример, анализирует результаты эксперимента, делает вывод и т.д.

Научный текст имеет сложную организацию. В нём можно условно выделить два пласта с точки зрения того, какую информацию получает читатель:

- фактическую, непосредственно об объекте исследования;
- информацию о том, как автор организует эту фактическую информацию. Информацию второго типа (и элементы, которые её вводят) принято называть метатекстом. Наличие метатекста - одно из существенных свойств научного текста.

Сложность информации, с которой «работают» партнёры по научной коммуникации, заставляет автора заботиться об организации фактической информации таким образом, что бы собеседнику легче было её воспринимать и удерживать в памяти. Так, что бы не терять

нить повествования, автор напоминает читателю, о чём идёт речь, время от времени возвращаясь к тому, о чём он говорил, обычно добавляя к этому небольшую порцию новой информации - в тексте такому движению соответствует смысловой повтор.[1]

По объёму смысловые повторы различны: это может быть фрагмент текста (одна- две страницы, один или несколько абзацев), предложение, часть предложения, сложное словосочетание. Смысловые повторы не являются недостатком научного текста, но, наоборот, помогают организовать его. Некоторые повторы - необходимый атрибут композиции. Особенно важную роль они играют при подведении итогов научной работы. В курсовых, дипломных работах, диссертациях смысловыми повторами небольшого объёма (предложение, абзац) может завершаться каждая более или менее значительная рубрика (например, параграф), большим смысловым повтором большая часть (например, глава - выводами по главе), а вся работа - смысловым повтором в объёме одной - двух страниц ("Заключением"). [2]

Текст №1.

Научная речь отличается точностью и логичностью мысли, ее последовательным представлением и объективностью изложения. В текстах научного стиля приводятся строгие определения рассматриваемых понятий и явлений; каждое предложение или высказывание логически соединено с предшествующей и последующей информацией: "Менеджмент представляет собой сложное социально-экономическое, информационное и организационно-технологическое явление, процесс деятельности, имеющий дело со сменой состояний, качеств объекта, что предполагает наличие определенных тенденций и этапов. Отсюда он связан с закономерностями и принципами, которые составляют предмет любой науки. Здесь и генезис, и эволюция, и резкие скачки, и тупиковые ситуации, и надежда. Менеджмент включает знания, навыки, приемы, операции, процедуры - т.е. все то, что входит в понятие социальных и человеческих технологий".

В этом фрагменте дано общее определение менеджмента в первом предложении, причинно-следственные отношения между первым и вторым предложениями, уточнение в четвертом предложении. Использование соответствующих языковых средств (повторов) позволяет дать читателям общее представление о менеджменте, анализу которого посвящена статья.

Текст №2.

После прекращения фонтанирования из-за нехватки пластовой энергии переходят на механизированный способ эксплуатации скважин, при котором вводят дополнительную энергию извне (с поверхности). Одним из таких способов, при котором вводят энергию в виде сжатого газа, является газлифт.

Газлифт (эрлифт) - система, состоящая из эксплуатационной (обсадной) колонны труб и опущенных в нее НКТ, в которой подъем жидкости осуществляется с помощью сжатия газа (воздуха). Иногда эту систему называют газовый (воздушный) подъемник. Способ эксплуатации скважин при этом называется газлифтным.

По схеме подачи от вида источника рабочего агента — газа (воздуха) различают компрессорный и безкомпрессорный газлифт, а по схеме действия - непрерывный и периодический газлифт.

В затрубное пространство нагнетают газ высокого давления, в результате чего уровень жидкости в нем будет понижаться, а в НКТ — повышаться. Когда уровень жидкости понизится до нижнего конца НКТ, сжатый газ начнет поступать в НКТ и перемешиваться с жидкостью. В результате плотность такой газожидкостной смеси становится ниже плотности жидкости, поступающей из пласта, а уровень в НКТ будет повышаться. Чем больше будет введено газа, тем меньше будет плотность смеси и тем на большую высоту она поднимется. При непрерывной подаче газа в скважину жидкость (смесь) поднимается до устья и изливается на поверхность, а из пласта постоянно поступает в скважину новая порция жидкости.

В данном тексте концептуальными повторами являются слова: вводят, уровень жидкости, газ высокого давления. Так как, эти

слова выражают различные формулы и определяют содержание информации, что свойственно научному стилю.

Тексты научного стиля речи могут содержать не только языковую информацию, но и различные формулы, символы, таблицы, графики и т.п. В большой степени это распространяется на тексты естественных и прикладных наук: математики, химии, физики и др. Практически любой научный текст может содержать графическую информацию - это одна из черт научного стиля речи.

[3]

Закономерности употребления языковых средств в научном стиле определяет факторы, о которых уже говорилось, *объективность и точность*.

Деятельностная концепция, положенная в основание теории интерпретации научного текста, позволила М.Н.Кожиной и ее коллегам прийти к выводу об огромной организующей роли развернутых вариативных повторов (РВП) в научном тексте. Этой проблеме позже специально была посвящена работа Н.В.Данилевской “Вариативные повторы как средство развертывания научного текста” (1992). Еще раньше (1988) особое внимание им было уделено М.П. Котюровой в ее монографии “Об экстралингвистических основаниях смысловой структуры научного текста”: “Что касается их функции “продвижения смысла (содержания) целого текста”, то о ней можно говорить, на наш взгляд, в отношении РВП, названных “неадекватными”, которые действительно выражают внутреннее развитие знания, его качественное изменение (например, частное - общее), особенно в случае формулировки выводного знания. Адекватные же повторы играют противоположную роль, а именно “замедляют” поступательное движение знания (это не принижает их значения в коммуникативном аспекте). Поскольку количество идентичных повторов в научных текстах невелико, речь идет главным образом о повторах неадекватных, которые — что важно при эпистемологическом подходе к тексту — выражают

фактически иное знание сравнительно с “опорным, тезисным” либо аргументирующим. Различия проявляются как в формально-логическом (частное — общее), так и в аксиологическом отношениях (знание разной степени достоверности), — пишет Котюрова. — Хотелось бы подчеркнуть, что использование в приведенных отрывках текста действительно повторяющегося понятийно-терминологического аппарата свидетельствует об отражении синтеза знания. Несомненно, что эти синтезирующие вариативные повторы играют важную роль в обеспечении целостного восприятия текста, несут большую коммуникативную нагрузку. С целью точной экспликации отношений между предшествующим и последующим (закрывающим повтор) отрезками речи эти РВП вводятся в текст совместно со средствами, передающими отношения основания — следствия. Такие средства подчеркивают также уверенность в достоверности излагаемого знания, которая все более усиливается” (Котюрова 1988: 132). Интересно, что лингвист и науковед говорят об одном и том же — гармонизирующей интеллектуальной роли повторов в формулировании научного текста. [4,5]

Это ли не подтверждение правильности научных идей? М.Н.Кожина так определила значимость развернутых повторов в тексте: “Анализ большого массива разнообразных научных текстов (разных отраслей науки и жанров) в указанном аспекте позволил вскрыть один из существенных механизмов текстообразования в научной сфере, один из основных принципов развертывания научного текста, определяющий его смысловую структуру, так или иначе влияющий на композицию и, в конечном счете, обуславливающий стилевую специфику данной разновидности текстов. Этот механизм заключается в том, что- развертывание смысловой структуры научного текста происходит посредством специальных средств (единиц) — развернутых вариативных повторов (РВП), занимающих в научных текстах довольно большое пространство и используемых многократно с целью

акцентированно и наиболее адекватно, по мнению автора, донести до читателя свою концепцию. При этом и мысль, и смысловая структура текста развиваются, отталкиваясь от первоначально высказанного тезиса (ОВ — основного высказывания), многократно повторяясь с постепенным смысловым обогащением; и даже выводы обычно “перекликаются” с ОВ и предшествующими РВП (см.: Н.В.Данилевская, 1990). По наблюдениям Данилевской, не замечаемое обычно читателем многократное повторение почти одних и тех же компонентов смысла авторской концепции, хотя и неэкономно, но нормативно и определяет стилевую специфику и принципы развертывания именно научных текстов: постепенное приращение смысла через РВП. Учеными привлекаются и данные стилометрии: “Количество РВП в одном целом тексте (произведении) — даже небольшого объема — может достигать при этом нескольких десятков, причем РВП используется обычно с небольшими интервалами (в 2-4 страницы), а нередко на одной странице или идущими одна за другой употреблены несколько РВП. Так, например, в статье Н.И.Вавилова “Закон гомологических рядов в наследственной изменчивости” на 13 страницах зафиксировано 11 РВП, развивающих основную идею, концептуальное положение теории, а всего повторов в тексте 85. В монографии Т.М.Николаевой “Семантика акцентного выделения” (1982) на 97 страницах текста отмечено 28 РВП; причем на первых 13 их обнаружено 10. Основная мысль автора о сущности акцентного выделения (АВ), его отличии от обычного фразового ударения (ФУ), о его функциях, о том, что АВ “меняет картину описываемого мира” многократно повторяется, утверждается в тексте, изменяясь, модифицируясь, обогащаясь, углубляясь и, наконец, формулируясь в виде вывода. И это не особенность стиля данного автора, а закон развертывания научного текста (особенно теоретического и отличающегося большой долей новизны). При этом обнаруживается характерная закономерность: чем ближе к содержанию авторской концепции то или иное высказывание (то

есть чем больше степень его новизны), тем чаще оно повторяется в тексте» (Кожина 1992: 47).

Ученые говорят об осложненном соотношении повторов - их «голограмме», которая в научных текстах может быть представлена в развернутой, частично развернутой и неразвернутой форме. Н.В.Данилевской было установлено, что механизмом развертывания именно концептуального содержания текста являются как раз речевые вариативные повторы, особенно, концептуальные.

«Концептуальные вариативные повторы, «наслаиваясь» на опорное утверждение, способствуют адекватному пониманию эпистемического смысла научного текста. Вариативность таких повторов проявляется и в отношении тематического содержания концептов (синонимия), и в отношении формы его выражения» (Очерки 1998: 43). Применение этого принципа к интерпретации понятийного содержания научного текста позволило понять специфику смысла научного текста именно в эпистемическом плане, «цементирующую роль эпистемической среды». Ученые отмечают в этом значимость методологического аспекта: слова широкой семантики (общенаучные термины, имеющие методологически насыщенное значение) типа свойство, структура, функция, классификация, типология и др. передают обобщенное представление о путях получения нового знания в тексте. Новое концептуальное авторское знание остается новым по отношению к старому научному знанию вне зависимости от его многократного повторения. [5]

Говоря о способах выражения научных идей и понятий, которые выкристаллизовываются в системе лингвистического «третьего мира», пермские ученые и сами становятся его обитателями, вернее, обитают в нем их идеи, что является доказательством верности выдвигаемых ими смелых научных положений.

Повтор - это упорядоченное повторение слова, словосочетания и даже большей синтаксической единицы (предложения или его

части). Упорядоченность выражается в том, что повторяющиеся единицы стоят в определенной позиции, то есть на определенном месте в предложении, его части, сложном синтаксическом целом, тексте.

Использованные литературы:

1. Культура русской речи / Под ред. Л.К. Граудиной, Е. Н. Ширяева. -М., 1999.
2. Стилистика научной речи и литературное редактирование научных произведений. - М., 1984.

Дополнительные литературы:

1. Кожина М. Н. О речевой системности научного стиля сравнительно с некоторыми другими. - Пермь, 1972.
2. Митрофанова О. Д. Язык научно-технической литературы. - М., 1973.
3. Мучник Б. С. Письменная передача мысли. - Алма-Ата, 1973.
4. Соловьев В. И. Составление и редактирование рефератов. - М., 1975.
5. Стилль научной речи. -М., 2003.

Сөз тапқанға қолқа жоқ

АРАША

Зейін Шашкиннің үйінде Сәбит Мұқанов, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов бастаған бір топ ақын-жазушы қонақта болады. Сәбеңнің үлкен дәм үстінде ет асататын әдеті болады екен. Сол әдетпен табақтағы еттен бір қылаң, бір бараннан теріп алып, Жұбанға ұсынады.

- Ойбай, Сәбе, кешіріңіз, менің гастритім бар еді,- деп Жұбан шыр-пыр болады.

Сонда Сырбай орнынан атып тұрып:

- Сәбе, маған асатыңыз, Жұбанның ішінде гастрит болса, менің ішімде қасқыр ит бар,- деген екен.

(*Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., «Жазушы», 1988, 263-бет.*)

Сұлушаш ЖЕТПІСБАЕВА,
Астана қаласындағы
№32 мектеп-гимназияның
мұғалімі.

СӨЗДІК ҚОР ЖӘНЕ ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ (6-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** - үй жануарлары туралы алған білімдерін жинақтау, бір жүйеге келтіру; **дамытушылық** - оқушылардың ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту, өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету; **тәрбиелік** - оқушылардың халық мұрасына, табиғат аясына көзқарастарын қалыптастыру, қазақ халқының төрт түлік малмен тығыз байланыста екенін жеткізу, олардың адамға деген пайдасын көрсете отырып, құрметтеуге шақыру.

Әдісі: топпен, жекелеп, жұппен жұмыс, ойындар, сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Түрі: қайталау, сайыс сабағы.

Көрнекілігі: плакат, суреттер, үлестірме кәртішкелер, интерактивті тақта, слайд.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, қазақ тілі, тарих.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім жыл мезгілі, ауа райы туралы әңгімелейді.

II. Сабақтың тақырыбы мен мақсаты туралы айту, оқушыларды 4 топқа бөлу: «Шопан ата», «Қамбар ата», «Зеңгір баба», «Ойсылқара» тобы. Әр топ өзінің белгісін таңдап алады. Кіріспе сөзден кейін тапсырмаларға көшу (Слайд).

1-тапсырма. Төлдерді енелеріне қосу. (Адасып кеткен төлдерді орындарына орналастыру барысында оқушылар қиықшаларда берілген тапсырмаларды орындайды).

1. Малдар қалай дыбыстайды?

2. Малды қалай шақырамыз?

3. Төрт түлікке байланысты тыйым сөздерді білесің бе?

4. Жылқы малына қатысты жүргізілетін ұлттық ойындарды ата?

Сергіту сәті.

2-тапсырма. Малдың баласын сүюі (Қима қағазбен жұмыс).

1. - Қой баласын қалай сүйеді?

2. - Сиыр баласын қалай сүйеді?

3. - Түйе баласын қалай сүйеді?

4. - Жылқы баласын қалай сүйеді?

3-тапсырма. Сөзтізбек ойыны. Әр топ интерактивті тақтаға төрт түлік малдың түрлерін жазады, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрайды. **Сабақты қорытындылау (тірексызба).**



Оқушылардың білімдерін бағалау.

Үйге тапсырма: фотоальбом жасауға суреттер, өлеңдер, мақал-мәтелдер жинастырып келу. **Сабақты «Қошақан» әнімен аяқтау.**

Айгүл ҚАСЕНОВА,

Семей қаласындағы

№2 жалпы орта білім беретін

мектептің қазақ тілі мен

әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ТЕАТРМЕН САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС

Мақсаты: театр туралы әңгіме айта біледі; сабақтас құрмалас сөйлемдердің айырмашылығы мен өзіндік ерекшеліктерін тану;

Білімділік - мәтіннің негізгі ойын тауып үйренеді, сауатты жазуға үйренеді, жаңа сөздермен танысады.

Дамытушылық - өз бетінше сөйлеуге дағдыланады.

Тәрбиелік - топта жұмыс істеп үйренеді, басқалардың пікірлерін тыңдауды үйренеді.

Әдісі: топтық, жұптық, ұжымдық, жеке жұмыс түрлері; сұрақ-жауап, білім жарысына түсу.

Түрі: көкпар - сабақ.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі.

Технологиясы: СТО

Көрнекіліктер: кесте, кесінділер, интерактивтік тақта, ойыншық.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру бөлімі.

- Балалар, сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

- Ал Көкпар деген не?

- Мына кітаптардың ішінен өздерің Көкпар туралы оқып, айтып беріңдер. Дайын болған топ қолын көтеріп, жауап береді.

Сынып бөлініп, сабақ жарыс ойыны түрінде өткізіледі. Тақтада мынадай кесте болу керек:

Топ	Ат шабысты бастайық! Көкпар деген не?	«Лақ» жерге тасталынды. Сұрақ-жауап	Жеткені көкпарды ала қашады. Үй жұмысын тексеру	Озған ойыншы тартып алады. “Интервью” ойыны. Тақырыпты ұжыммен ашу.	Қайтадан бір-бірімен тартысады. Мәтінді оқып, сұрақ дайындау. 93 б. 2 т.	Кім жеңеді екен? “Театр” тақырыбына сабақтас құрмалас сөйлемдер құру, түрін анықтау.	Кім бұрын көкпарды жеткізсе, сол жүлде алады. 3 т. 94 бет, өзара сөйлесу.
А							
Ә							

2. Сұрақ-жауап. Топтар бір-біріне «Сабақтас құрмалас сөйлем» тақырыбынан сұрақ қояды.

- Құрмалас сөйлемнің түрлерін атаңдар.

- Сабақтас құрмалас сөйлем қандай сөйлемдерден құрылады?

- Сабақтас құрмалас сөйлемнің қандай түрлері бар?

3. Бүгінгі сабаққа қандай тапсырма орындап келдіңдер?/4 тапсырма 95 б. диалог, 5 тапсырма, 96 б. Сөйлемдер құрастыру. Үй жұмысын қайталау. Тексеру.

4. «Интервью»

Балжан - Ардақ. Оқушылар сұрақ- жауап арқылы тақырыпты ашуға тырысады.

5. 93б. 2-тапсырма.

6. Сөйлемдер құру.

7. Өзара сөйлесу. 3т. 94б.

8. Көкпар аяқталғанда мұғалім ұпайларын санап, тиісінше бағалайды.

9. Үй тапсырмасы. 2т. 93-бет (мазмұндау).



Дана МАЛДЫБАЕВА,
№9 орта мектептің мұғалімі.

ТІЛ ДАМЫТҚАН КӨКТЕМ ҚҰСТАРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік - оқушыларды сурет арқылы құстардың түрлерімен таныстыру. Құстардың табиғатта, адам өмірінде алатын орнын түсіндіру. Ең алғаш ұшып келетін және жыл құстарымен таныстыру; **дамытушылық** - оқушыларды табиғатты сүйуге үйрету арқылы рухани сезімдерін ояту, өз ойларын есте сақтау дағдысын қалыптастыру немесе дамыту; **тәрбиелік** - табиғатты сүйуге, құстарды баптауға, қамқор болуға тәрбиелеу.

Оқушыларды логикалық ойлаумен эмоциялық көңіл-күйін көтеру.

Көрнекілік: тақырып жазылған плакат, ойын элементтері, кроссворд, құстардың суреттері. Жоспар:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Кіріспе сөз.

3. Жұмбақ.

4. Кроссворд.

5. “Поле чудес” ойыны.

6. Қорытынды бөлім.

7. Бекіту.

Сабақтың барысы:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Отырыңдар. Бүгінгі сабағымызда біз өзімізді қоршаған табиғаттың бір бөлігі - құстарға тоқталамыз.

Сабақтың тақырыбы: «Көктем құстары». Сондықтан да біз құстарды қорғап, оларға үнемі қамқорлық жасауға тиіспіз. Бұл - әрбір адамның, әрбір мектеп оқушысының міндеті. Құстардың пайдасы көп, олар ағашты емдейді, бақшадағы құрт-құмырсқаны жетерді. Олардың әндері адамның көңіл-күйін көтереді. Жылы жақтан көктемде келетін құстарды «Көктем құстары» деп атайды.

- Балалар, сендер қандай көктем құстарын білесіңдер?

- Қарлығаш (ласточка), қараторғай (скворец), ұзақ (грач), тырна (журавль), аққу (лебедь).

- Ал, енді, осы атаған құстарды дәптерге жазайық. Дәптерлеріңді ашыңдар. Бүгін нешесі, кім айтады? Иә, дұрыс. Аптаның қай күні? Енді, алдымен, бүгінгі күнді жазайық, сонан кейін құстардың аттарын тақтадан көшіріңдер.

- Балалар, құстарға байланысты жұмбақ айтамын, соны шешіңдер.

1. Жайнаған бақтың әншісі,

Тамсанған оған сан кісі (*бұлбұл*).

2. Мойны сұрақ белгісі,

Бұл қандай көл құсы (*аққу*).

3. Кеудесі қайқаңдап,

Жүреді байпаңдап (*қаз*).

4. Түнде жортады,

Жарықтан қорқады (*жарқанат*).

5. Сайраудан бір талмайды,

Әнші құс бал таңдайлы (*бұлбұл*).

- Жақсы, балалар, жұмбақты шешіп болдық. Бәрінің жауабын

білесіндер екен. Енді балалар кім құстар туралы тақпақ айтады?

Кристина: - Құстар, құстар келеді

Жерді шуға бөледі.

“Көктем келді!” - деп бізге

Жақсы хабар әкелді.

Жұлдыз: - Әсем әнді бір түрлі

Айтып келді қарлығаш.

Ұясына былтырғы

Ұшып келді қарлығаш.

Алмас: - Мен торғаймын, торғаймын,

Суықтан да тоңбаймын!

Құрт-құмырсқа, шіркеуден

Бау-бақшаны қорғаймын.


Маша: - Күміс қанат шағала

Ұшып жүріп жағада

Қармағы жоқ, ауы да,

Шабәқ алды бағана.

- Ал, енді, балалар, қазір кроссворд шешеміз.



1. құйрығы айыр құс (*қарлығаш*)

2. әнші құс (*бұлбұл*)

3. сақ құс (*сауысқан*)

4. орман емшісі (*тоқылдақ*)

5. көлдің сәні (*аққу*)

6. үй құсы (*қораз*)

- Ал, енді, балалар ойын ойнайық. Ойынның аты - «Поле чудес». Әрбір қатардан бір-бір бала шығады. Ойынның шарты: менде кубик бар. Бұл кубикте 1-ден 5-ке дейін жазылған сандар және жүлделер бар. Әрбір бала кезегі бойынша осы кубикті лақтырады, қандай сан түссе, сол ұпай болады. Жүлде түссе, онда мына қобдишаның ішінде біздің жүлдеміз бар.

Бұл ойын 4 турдан тұрады. Кімнің ұпайы көп болса, сол әрбір тур сайын келесі турға шығып отырады, соңғы турда да жеңіп шықса, онда ол бала жеңімпаз атанады.

1-турдың сұрағы: құс патшасы (*бүркіт*).

2-турдың сұрағы: бейбітшілік құсы (*көгершін*).

3-турдың сұрағы: етпен қоректенетін құс (*қаршыға*).

4-турдың сұрағы: түнде ұшатын құс (*жапалақ*).

- Енді, тағы бір ойын ойнайық. 3 баланы шығарып, құстардың атымен жарыстырамыз, кім көп айтса, сол жүлдегер болады.

- Тағы бір ойын бар, 3 қатардан 3 бала шығындар, кезекпен-кезек айтып отырындар, егер біреуің тоқтап қалсаңдар, шығып отырасындар, ал, кәнеки бастайық.

Қорытынды.

- Балалар, бүгін біз сендермен қандай тақырыпты өттік?

- Сонымен біз құстарды не істеуіміз керек?

- Қорғау, аялау керек, ұяларын бұзуға болмайды.

- Ал, балалар, осымен біздің тәрбие сағатымыз аяқталды.

Үйге тапсырма: құстардың атын қайталап жаттау. Ендігі сабақта бағаларыңды айтамын. Сау болындар!



СӨЗДІК ҚОРЫ МОЛ АНА - ӨМІР МЕКТЕБІ

Сабақтың мақсаты: барлық балаларды аналарға деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін ардақтап, құрметтей білуге тәрбиелеу. Ананы сүю арқылы жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Дамытушылық - оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, үйренген сөздері мен сөз тіркестерін пайдалана отырып тілдерін дамыту, ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорын молайту.

Тәрбиелік - оқушыларды ата-анасын сыйлауға, Отанын сүюге, ананы құрметтеуге, өнеге алуға тәрбиелеу.

Түрі: қайталау сабағы.

Әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелеу, салыстыру.

Көрнекілігі: «Ана» сөздерінің символы іспеттес суреттер, тірек-сөздер, тірек-схема, мақал-мәтелдер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушыларды түгелдеу және сабаққа даярлықтарын тексеру.

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың мақсаты «Ана» туралы алған білімдерімізге талдау жасаймыз, жинақтаймыз. «Ана» туралы өз ойымызды қорытындылаймыз, себебі ана тақырыбы бәрімізге өте ыстық, өте жақын. Бәрімізді дүниеге әкелген – **АНА**.

- Балалар, қалай ойлайсындар, әр адам үшін өмірде қымбат екі нәрсе бар. Оның біріншісі кім деп ойлайсындар? - **АНА**.

Адам үшін анадан кейінгі қымбат нәрсе не? - **Отан**.

- Иә, Отан деген сөз қасиетті, сондықтан **Ана** мен **Отанды** бірге қосып, «Отан- Ана» дейміз.

Мұғалім өлеңді мәнерлеп оқып, оқушыларға түсіндіреді.

Өмірге ана – бұлақ, ана – пана,
Өмірді өркендетер ана ғана.
Өсірген талай көсем, талай шешен,
Талай ер, талай ақын, талай дана.
Ана! Ол - біздің елде ардақты адам,
Кіші де, үлкен де оны ардақтаған.
Өзінің аяулысы – Отанына
«Ана!» деп біздің халық текке айтпаған.

Даналардың бәрі аналардан туған.

- Ал, енді мынадай сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Біз қай Республикада тұрамыз?
2. Отан деген сөзді қалай түсінесің?
3. Сенің үлкен Отаның қандай ел?
4. Кіші Отаның қай жер?
5. Қазақстан қандай мемлекет?

Мұғалім: - Балалар, Отан туралы біз әңгімелестік, енді бізге өмірде ең бірінші жақын, қымбат адам кім?

- **АНА.**

Ана махаббаты адамға қанат бітіреді, күш береді. Одан асқан ыстық сезім жоқ. Ана деген сөзді естігенде ойларыңа не келеді? Қандай сезім туады?

4. Тақтадағы тірек-сызбамен жұмыс.

а) **Кім?**

ең жақының,
досың,
ұстаз,
тәрбиеші,
үйдің иесі,
көмекші.

қ
а
н
д
а
й
?

АНА

мейрімді,
бақытты,
құрметті,
көңілді,
сұлу,
ақылды,
парасатты.

Не істеу керек?

құрметтеу,
мақтан ету,
қамқорлық жасау,
сыйлау,
ренжітпеу,
көмектесу керек.

ә) Осы сөздерді оқушылар оқиды, аударарды.

4. Мәтінмен жұмыс.

АНА

Аналарды ардақтау, жан-жақты қамқорлық жасау - біздің парызымыз. Ана үшін бала-бауыр ет, оны жеткізу, өсіру оңай емес. Баланың қуанышын да, азап пен қиындығын тартатын – ана. Оның бәріне көніп, төзімділік жасайтын да-ана. Адам баласын жаратушы да, оның ұрпағын жалғастырушы да - құдыретті АНА! «Ананды Меккеге үш рет арқалып барсаң да, ақ сүтін ақтай алмайсың» деген даналық сөз бар. Сондықтан қай халық болсын, ең алдымен, анаға жылы лебізін білдіреді, бар жақсылық-игілікті соған арнайды.

ардақтау – почитать;

бауыр еті – кровинка;

азап – страдание, мука;

қамқоршы – покровитель;

төзімді – терпеливый;

жаратушы – создатель;

ұрпақ жалғастырушы – продолжатель рода;

игілік – доброта;

жылы лебіз – теплые слова.

Мұғалім мәтінді мәнерлеп, дауыстап оқып шығады.

Жаңа сөздермен және сөз тіркестерімен жұмыс жүргізу. Ауызша әр сөзді және сөз тіркестерін оқушыларға оқыту, хормен оқыту. Жаңа сөздерді, сөз тіркестерін пайдалана отырып, мәтіннің мазмұнын бір оқушы орыс тілінде түсінетінін айтып береді. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыру.

Сынып үш топқа бөлінеді. Топтар мәтін бойынша сұрақтар құрастырады. Сол сұрақтарға мәтіннің ішінен жауаптар тауып алады, содан кейін сол сұрақтар бойынша қысқаша мазмұнын айтып береді.

Мұғалім: - Мәтінде кім туралы айтылады? Аналардың алдындағы парыз қандай? Баланы өсіру, жеткізу оңай ма? Ананы біз не істеуіміз керек?

- Ананы біз әрқашан да ардақтауымыз, құрметтеуіміз, қамқорлық жасауымыз, сыйлауымыз, ренжітпеуіміз керек.

- Балалар, осы мәтіннің ішінде сендерге таныс қандай сөздер бар?

Жауабы: парыз, жақсылық, адам баласы, ана, халық.

- Енді осы таныс сөздерге синонимдер табыңдар. Синонимдері: қарыз, игілік адамзат, шеше, адам, кісі.

- Бүгінгі оқыған мәтіннің ішінде қандай даналық сөз бар. Сол сөзді тауып дәптерлеріңе жазыңдар. «Ананды Меккеге үш рет арқалап барсаң да, ақ сүтін ақтай алмайсың».

Мұғалім: - Осы даналық сөзді қалай түсінесіңдер? (Оқушыларға қазақша айта алмаса, ойларын орысша айтқызу).

Содан кейін мұғалім өзі түсіндіреді, бұл дана сөз соншалықты қадірлі екенін ұғындырады. Сондықтан біз аналарымызды әрқашанда да ренжітпей, аялап өмір сүруіміз керек. Осыған байланысты «Ана» туралы мақал-мәтелдер де көп. Мысалы: Бала – ананың бауыр еті, Ана - өмірдің шуағы, Ана балаға алтыннан да қымбат және т.б.

- «Ана» туралы жазған қандай жазушылардың шығармаларын білесіңдер?

- Ғабит Мүсіреповтің «Ана», «Ананың арашасы», М.Горькийдің «Ана», М.Жұмабаевтың «Анаға» деген шығармаларын білеміз.

- Балалар, біз «Ана» туралы мәтін оқыдық. Осы мәтінде ананың орны ерекше қастерлі екенін білдік, сонымен біз ананы әрқашан құрметтеуіміз, ардақтауымыз керек. Анаға деген махаббатын, ананың алдында өмір бойы қарыз екенін адамдар, әсіресе, 8 Наурыз мерекесінде өзінің сыйлығымен білдіреді.

Грамматикалық тапсырмалармен жұмыс. а) Осы мәтіндегі етістіктер қай формада тұр? Етістіктер тұйық формада тұр. Тұйық етістік қалай жасалады?

ә) Осы мәтін ішіндегі **ардақтау** тұйық етістікті ауыспалы келер шаққа, нақ осы шақтың күрделі түріне қойыңдар. Осы сөзді тұйымақ арқылы өзгерту.

Мысалы: ардақта+й+мын, ардақта+й+сың, ардақта+й+сыз, ардақта+й+ды, ардақта+й+сың ба? ардақта+п жатыр.

Мәтін бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындалады (оңай, орташа, жоғары).

I деңгей.

«Ана» сөзіне Табыс септіктің жалғауын жалғап жазыңдар. Осы сөзбен сөйлем құрастырыңдар.

Ананың тілегі мен махаббаты қандай?

II деңгей.

Зат есімдерді сөз құрамына талдаңдар. Осы сөздермен сөйлем құрастырыңыздар: аналарды, қарызымызды, жақсылық.

“Ананың жолы басқа” деген тіркесті қалай түсінесіңдер?

III деңгей.

Оқушылар «Ана» туралы шығармаларын оқиды.

Бүгінгі сабақта біз ана тақырыбына арналған мәтінмен таныстық. Ана тақырыбына тек әдеби туындылар ғана емес, музыкалық шығармалар да көп. Қазақ халқының сүйіп тыңдайтын «ана» тақырыбындағы әндері де көп.

Сабақты қорыту.

- Бүгін біз сабақта «Ана» туралы көп әңгімелестік, сондықтан да біз ананы әрқашан да ардақтап, құрметтеп өтуіміз керек. «Ана» сөзі бізге жылылық пен шуақ әкеледі, «Ана – тіршіліктің жүрегі». Бүгін біздің сабақта ұстаз-аналар да отыр, осы аналардың көңілдері шат, жүздері жарқын, дені сау болуына тілектеспіз. Сіздерге арнап «Анашым» әнін сыйлаймыз. Бұл ән барлық аналардың құрметіне арналады.

Үйге тапсырма.

I деңгей. Өз аналары туралы айтып беру.

II деңгей. «Ана» туралы өлең жаттап келу.

III деңгей. «Ана» туралы жағдаят құрастыру.



Қазиза КҮМПЕЙІСОВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Семей қаласындағы
№15 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ СӨЙЛЕМДЕР

Сабақтың мақсаты: білімділік - оқушыларды өз қаламыздың тарихы мен көрнекті орындарымен таныстыру.

Дамытушылық - оқушылардың сөйлем құрау біліктіліктері артады, сөздік қорлары молаяды, өз ойын тұжырымдай білуге қалыптасады.

Тәрбиелік - туған жерін, елін сүйуге, табиғатын қорғауға, туған жеріне деген махаббат сезімдері оянады.

Түрі: саяхат сабақ.

Тегі: жаңа сабақ

Әдіс-тәсілдер: СТО стратегиялары: ассоциациялық карта, ойландыру, іздендіру, сұрақ- жауап, топтық жұмыс.

Көрнекі құралдары: сабаққа керекті сөздер, суретпен жұмыс, мақал- мәтелдер, жазылған үлестірмелі қағаздар, тірек сөздер, альбом.

Техникалық құралдар: интерактивті тақта, теледидар, бейнетаспа.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды топқа бөліп отырғызу, түгелдеу. Кезекшімен сұхбат.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Өткен сабақта игерген жаңа сөздерді пайдалана отырып, Қазақстан туралы әңгімелеу.

III. Үлестірмелі қағазбен жұмыс.

септе. (ауызша)

Жер

Жердің

Жерге

Жерді

Жерде

Жерден

Жермен

Жер...әлі қар жатыр.

Ағаш

Ағаштың

Ағашқа

Ағашты

Ағашта

Ағаштан

Ағашпен

Ағашты ара... кесті.

Қала

қаланың

қалаға

қаланы

қалада

қаладан

қаламен

Семей

Семейдің

Семейге

Семейді

Семейде

Семейден

Семеймен

IV. Бүгін сабақта саяхатқа шығамыз. Мұғалім Семей мәтінін мәнерлеп оқиды.

Семей - қала...

Көрмеген де қызығар,

Ол қалада шәкірт Абай ізі бар.

Жатқа оқысаң ұлы ақынның жырларын,

Бойың түгіл, тоңған ойың қызынар.

Семей- қала...

Мұнда ойнайды отты қан,

Алаңында бала Мұхтар доп қуған.

Ескерткіш боп ойға шомған

Келешекті елестетіп Көк тудан! (М. Әлімбаев)

- Сонымен, балалар, біз қайда саяхатқа шығады екенбіз? Ал, автобуспен бе әлде жаяу барамыз ба?

1-аялдама. “Туған жер” - Семей қаласында қандай атақты

адамдар дүниеге келген?

Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.

Туған жердің жуасы да тәтті, Туған жердің ауасы да шипа.

Әркімнің өз жері - жұмақ.

Топ мүшелері 2 мақал-мәтелдің мазмұнын ашып, түсіндіреді.

2-аялдама. “Семейдің тарихы”. Семей қаласы, 87-бет.

1. Мұғалім мәнерлеп оқиды.

2. Оқушылар тізбектеп оқиды.

3. Сөздікпен жұмыс:

өлке - край;

бекіністер салды - соорудил;

жеті шатыр - семь палат;

өнеркәсіп - промышленность;

мәдениет - культура.

3-аялдама. “Сұраққа жауап”

1. Ертiс маңын кiм басып алды?

2. Жетi шатыр неден салынды?

3. Батур хан нелердi салдырды?


4. Ол қалай аталады?

5. Семей қазiр қандай қала?

4-аялдама. “Кинотеатр”.

Қазiргi Семейдi бейнетаспадан көреміз.

5-аялдама. “Қандай? Қайда? Не бар?” Сөздер тізбегін құрау.



Бейнетаспаны еске түсіре отырып, тақтада жазылған сөздерді реттеп, орын-орнына қою (үлкен, әдемі, мұражай, кітапхана). Бейнетаспаны еске түсіре отырып, буклетке қарап, сөздер, сөз тізбегін құрату.

6-аялдама. “Сөйлемдер”.

Берілген сөздер бойынша сөйлем құрау:

1. Абай кітапханасында кітап көп.
2. Биологиялық орталықта аң көп.
3. Менің ағам медицина академиясында оқиды.
4. Қалада төрт мұражай бар.

Ақырғы аялдама.

V. Қорытынды.

1. Бүгінгі саяхаттан алған әсерлерің қандай?
2. Қалада не бар, не ұнады?
3. Интерактивті тақтадан көрген суреттер бойынша кім еңгімелеп береді?

VI. Үйге тапсырма: «Семей қаласы - туған жерім» тақырыбына шығарма жазу.

VII. Бағалау.

Сабәқ соңында сынып оқушылары «Туған қалам - Семейім» әнін орындайды.

Шолпан АҒМАНОВА,
Алматы экономика және
статистика колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің оқытушысы.

ҚАЗАҚСТАНДА - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТ

Сабәқтың мақсаты:

Білімділік - туған жер, атамекен, Отан ұғымдарына кеңірек түсінік беру, өмір сүріп отырған ортаның экологиясы мен экономикасына, білім беру жүйесі мен мәдениетіне, сондай-ақ «Қазақстан-2030» бағдарламасының бағыттарына тоқталу, ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту;

Дамытушылық - шығармашылық қабілетін жетілдіру, сөйлеу

мәдениетіне баулу, мәнерлеп оқу машығын қалыптастыру, алған білімдерін ізденіспен қолдана білуге үйрету, ойын еркін айта білу дағдысын және жалпы қабілеттілікті дамыту;

Тәрбиелік - туған еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, табиғатты аялауға шақыру.

Түрі: аралас сабақ

Әдіс-тәсілдері: іздендіру, баяндау, топпен жұмыс, әңгімелеу, ой қорыту;

Көрнекілігі: буклеттер, карта, кітап көрмесі, рефераттар, интерактивті тақта;

Пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет, неміс тілі, география, экономика;

Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру бөлімі сабақтың мақсатымен, тақырыбымен таныстыру.

Жоспар:

1. Қазақстанның жер көлемі;
2. Экологиясы;
3. Экономикасы;
4. Экономистердің қызметі;
5. 2030-бағдарламасы;
6. 2005-2010ж білімді дамыту;
7. Мәдениеті;
8. Қорытынды.

1 - жүргізуші: - Менің туып-өскен жерім - Қазақстан. Қазақстан - Еуразия құрлығындағы ең үлкен мемлекеттердің бірі. Еліміздің жер көлемі ұлан-байтақ. Қазақстанның кең даласын, биік тауларын, ормандары мен көлдерін көрген адам оны еш уақытта ұмыта алмайды. Біз жер шарының осындай сұлу, бай өлкесінде тұрамыз. Ол - біздің Отанымыз.

Мен Қазақстанда тұратынымды мақтан етемін. Туған Отанымды, халқымды құрмет тұтамын.

1-оқушы: - Отан дейміз от жаққан жерімізді,

Отан дейміз өсірген елімізді.

Отан дейміз туған жер, атамекен,
Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

Отан дейміз кең байтақ астананы,
Жасыл жайлау, жаңа жол, жас қаланы.
Отанның шеті де жоқ, шегі де жоқ,
Ол бірақ өз үйіңнен басталады.

2 - жүргізуші: - Жер көлемі. Қазақстан- Еуропа мен Азия сияқты екі құрлықтың қиылысында орналасқан. Қазақстан – жер көлемі жағынан дүние жүзі бойынша Ресей, Қытай, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Канада, Үндістан мен Австралиядан кейін тоғызыншы орында. Республика аумағы – 2.724.900 шаршы километр.

Қазақстан аумағының төрттен бір бөлігінен астамын дала, 44%-ын шөл мен шөлейттер, 14%-ын ормандар алып жатыр. Қазақстанның өсімдіктер мен жануарлар дүниесі алуан түрлілігімен ерекшеленеді.

Еліміздің аумағынан үлкенді-кішілі 8,5 мың өзен ағып өтеді. Ең ірілері- Орал мен Ембі, Сырдария, Ертіс, Есіл, Тобыл өзендері.

Қазақстан Республикасы президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып табылады.

Қазақстанның астанасы - Астана қаласы (1997 жылғы 10 желтоқсан). Республикада 14 облыс, 86 қала, 168 аудан, 174 кент бар.

2-оқушы: - Қазақстан дейтін менің бар елім ,
Жатыр алып жарты дүние әлемін!
Бұл даланы анам жаспен суарған ,
Бұл далада атам қолға ту алған.
Бұл далаға жылап келіп уанғам ,
Бұл даланы көріп мен де қуанғам.
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

1 - жүргізуші: - Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау іңкәр еткен заманға жеткен елімді

мақтан етемін. Желтоқсан жаңғырығы халқыма азат өмір әкелді.

Туым қалықтап, әнұран шалқып белесте,
Тәуелсіздік ақ таңы атты көгімде.

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мелекеттік тәуелсіздігі» туралы заң қабылданды. Мемлекеттің тәуелсіз болып жариялануы қазақ халқының өмірінде үлкен жаңалық болды. 1993 жылы 15 қарашада біздің мемлекетімізде ұлттық валюта – теңге айналысқа енді. 1995 жылы 30 тамызда ҚР Ата заңы қабылданды.

3 - оқушы:

- Менің Отаным – Алтайдан сонау Атырауға дейін көсілген,
Батысында Жайық, Шығысында Ертіс есілген,
Тарихын шертсе - тұсауы тілдің шешілген.
Отаным осы-Қазақстан болып атанған!

2 - жүргізуші: - ҚР Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі- қазақ тілі деп көрсетілген. 1997ж 11шілдеде «Тіл туралы» заң қабылданды.

4-оқушы: - Қазақ тілі!

Ол-менің ана тілім,
Қазақ тілі!
Байсалды баба тілім!
Сол байлықтан
Аз емес алатыным,
Сен-тілісің
Ұрпақтың талайының!
Қазақ тілі!
Ана тілім!
Анық маған
Болашақ замандарға
Бөгелмей-ақ баратының!

1-жүргізуші: - 1997 жылы Елбасы Қазақстан халқына мұратымызды іске асыруға жәрдемдесе алатын стратегияны ұсынды. Ол «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы деп

аталды.

5-оқушы: - 7 басымдық туралы.

2-жүргізуші: - Бүгінгі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі — Қазақстанның экологиясы. Президент жолдауында «Қазақстан барысы» өзі ішетін тұнық судың лайланбауын, табиғаттың жақсаруын қатаң қадағалап отыратыны айтылған. Елбасы әрбір азаматтан салауатты өмір салтын күтеді.

Қазақстан экологиясы әлемдік масштабқа шықты. Арал мен Балқаш тағдыры қиындай түсті. Арал теңізі мен Балқаш көлін сақтап қалудың бар мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Туған жер, туған ел тағдыры үшін азаматтар батыл қимыл-әрекеттер жасады. Қазақстан Жазушылар одағы жанынан арнайы комитет құрылды, XX ғасыр. «Әлем және экология» атты ақындар қозғалысы дүниеге келді. Жетекшісі - ақын Олжас Сүлейменов.

1-жүргізуші: - Тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап Жаңа Қазақстан өзінің дербес даму жолын таңдап, жылдан-жылға әлемдік қауымдастықта барған сайын зор құрмет пен беделге қол жеткізе отырып, алға қарай нық сеніммен ілгерілеп келеді.

«Жаңа әлемдегі - жаңа Қазақстан» атты жолдауында Елбасы еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің клубына қарай ілгерілеуі жөніндегі нақты қадамдары туралы айтылған.

Бірінші міндет – экономиканың өсуін басқару.

6-оқушы: - Қазіргі уақытта біздің мақсатымыз – Қазақстанды жоғары өмір сүру стандарттары бар әлемнің серпінді дамып келе жатқан елдерінің біріне айналдыру.

Бұл мақсатқа жету үшін отандық экономиканың, кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігін аттыру қажет етіледі. Жеке сектор неғұрлым мығым болса, мемлекет те соғұрлым қуатты деп атап көрсетті. Елбасы «Кәсіпкерлердің екінші Конгресінде» сөйлеген сөзінде.

2-жүргізуші: - Қазақ жерін «Шығыс пен Батысты» жалғастыратын алтын көпір дейді. Осы жерден «Ұлы Жібек жолы» өткен. Республикамыз – пайдалы қазбалар қоймасы. Жас мемлекетіміздің даму қарқыны зор.

7-оқушы: - Қазақстанда ең ірі минералдық шикізат, жанармай-энергетика қорлары шоғырланған. Республика әлемде берилий (1-4-орын), лития, галия, титандық түтікшелер (3-орын), рений (1-5-орын), уран (7-орын) бойынша ең ірі өндіруші болып табылады.

ТМД елдерінің арасында Қазақстан Ресейден кейінгі мұнай өндіруші болып табылады. Онда 7 миллиард тонна мұнай мен 2 трлн м. куб газ қоры бар. Әлемде қорғасын мен мырыш қоры бойынша 2-орын алады. Көмір өндіру қоры бойынша республика әлемде 1-орында. Өнеркәсіптік өндіріс ел экономикасының негізін құрайды.

Бүгіндері Қазақстан экспортының 2/3 бөлігін шикізат қорлары құрайды.

1-жүргізуші: - Тәуелсіздік алып, егеменді ел болған Қазақстан Республикасы өмірінде сан алуан өзгерістер болып жатты. Қазақстандағы басты өзгеріс – мемлекеттік меншікті жекешелендіру. 4500 астам әр түрлі кәсіпорындар жекешелендірілді. Шетелдің іскер кәсіпкерлері Қазақстанға келіп, ірі-ірі келісім шарттарға қол қояды.

8-оқушы: - А.Смит туралы.

2-жүргізуші: - «Экономика» - үй шаруашылығын басқару өнері дегенді білдіретін көне грек сөзі. Өте қарапайым түрде айтатын болсақ, экономика дегеніміз - өзіміздің тұрмысымыз.

Экономика сіз өмірге келген күннен бастап ақ сіздің өміріңізге араласа бастайды. Қысқа айтар болсақ, экономика - байлыққа, бақытқа, тыныштыққа барар жол.

9-оқушы: - Экономистер қызметі жөнінде.

1-жүргізуші: - Ғылым жолы – ауыр да сан соқпақты. Оның самғау биіктеріне, асқар тауларына тек бүкіл өмірін, бар күш-жігерін, көзінің «майын» тауысып, қабілетін толығымен арнаған адамдар ғана жете алады. Бұл толық шешілмей жатқан, зерттелмеген бағыттарды ашып, оның дамуына үлес қосқан осындай жандардың бірі – экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Тұран – Астана» университетінің ректоры Орақ Әлиев.

10-оқушы: - О.Әлиев 1946 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданының 3 ауылсовет мекенінде дүниеге келген. Жеті жылдық мектепті бітірген соң, ауыл шаруашылық техникумына түседі. 1969-1974 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің «саяси экономика» мамандығында оқиды. Қазақ КСР Ғылым Академиясының экономика институтында экономист болып бастаған ол оқытушылық қызметті қоса атқарады. Аға оқытушы, доцент оқытушылардың білімін көтеру институтында саяси экономика кафедрасының меңгерушісі болды. 2005 жылдан бастап «Тұран – Астана» университетінің ректоры. Ол экономика ғылымдарының даму кезеңдерін зерттеп, экономика ғылымдарын жүйелеп, «теориялық экономия» атты жаңа ғылыми және оқу пәнін негіздеді. Оқу бағдарламасын жасаған оның бұл еңбегі оқу орындарына типтік бағдарлама ретінде бекітілді.

2-жүргізуші: - «Жаңа әлемдегі - Жаңа Қазақстан» жолдауындағы алтыншы міндет – осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарасты пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту.

11-оқушы: - 2005-2010ж.ж Қазақстан Республикасындағы білімді дамыту туралы.

1-жүргізуші: - «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» делінген Елбасының халыққа жолдауында.

12-оқушы: - Қазақстан 1992 жылы 2 наурызда Бас Ассамблеяның 46-сессиясы мәжілісінде Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қыбылданды. Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына кіруі Республика үшін әлем елдерімен бейбіт өмір сүруіне, ғылым мен мәдениет жетістіктерімен алмасуға кең мүмкіндіктер береді.

2-жүргізуші: - «Егеменді еліміздің мәдени өмірінде

мұражайлардың орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен терең тағлым алу – Қазақстанда патриотизм қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі» делінген Елбасының халыққа жолдауында.

13-оқушы: - Қазақстанның тарихы талай мыңдаған ғасырларды қамтиды, жері шежірелі. Қазақстан атты ортақ үйіміздің тарихы шексіз, дәстүрі шетсіз ата жұрт. Өні мен күйі шалқыған, сыры мен жыры толқыған ғажайып сұлу сахара!

Тәуелсіздік символы – Алтын адамды бүкіл әлем біледі. Медеу мұз айдыны халқымыздың мақтанышы болып саналады.

1-жүргізуші: - Бүгін бізде Шмидт ханым қонақта. Сөз кезегін Шмидт ханымға берейік. Сұрақ-жауап (неміс тілінде).

Сабақты бекіту: викториналық сұрақтар:

1. Қазақстанның жер көлемі қанша?
2. «Қазақстан-2030» бағдарламасы қай жылы қабылданды?
3. Қазақстанда жекешелендіру қай жылы басталды?
4. «Отан» деген сөзді қалай түсінесің?
5. «Экономиканың атасы» кім?
6. Профессор О.Әлиев қандай ғылыми оқу пәнін енгізді?
7. Экономикалық жаңа сөздерді атап бер? (бәсеке, несие, жекешелендіру, нарық, аудитор, делдал, брокер, менеджер, кіріс, шығыс, т.б.).
8. Отан туралы мақал-мәтелдер айт?

Үйге тапсырма: Қазақстанның табиғат байлығы туралы (әңгіме жазу).



МЕЗГІЛ ЖӘНЕ СЕБЕП БАҒЫНЫҢҚЫЛЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС

Сабақтың міндеттері:

Білімділік - тақырып бойынша білімдерін сараптап, жаңадан меңгерген сөздерді қолдануға ықпал жасау.

Дамытушылық - Теледидар туралы жан-жақты мәлімет беріп алдын-ала берілген тапсырмалар бойынша оқушының өздігінен ізденіп, пікірін айта білуге баулу, грамматикалық тапсырмаларды дұрыс орындау, негізгі ойды бөліп алу, өз пікірін қорғай алу, ой қорытындысын жасату.

Тәрбиелік - Отансүйгіштік рухқа үндеу, атамекенді аялап, табиғатты қадір тұтуды үлгі ету.

Көрнекілігі: интерактивті тақта.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Тақтаға айды, тапсырманы жазып қоямын.

Грамматикалық тақырып бойынша мезгіл және себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерге интерактивті тақтаны қолдана отырып мысал келтіріп, оған синтаксистік талдау жасап, оны дәптерлеріне жаздырамын.

1. Мен теледидарды қарағанда, даусын қатты шығармаймын.
2. Күндіз қолым тимегендіктен, теледидарды кешке қараймын.
3. Теледидар хабарын жүргізуші маман болғандықтан, ол жоғары мәдениетті адам болуы қажет.

Диалог. Оқушылардың тақта алдына шығып, екі ауыз сөйлесуі.

Тақырыптары: наурыз, халықаралық жаңалықтар, спорт жаңалықтары.

Оқушылардың пікірлері мен көзқарастары:

1. Теледидар адамды еріншектікке алып барады.
2. Теледидар жақсы фильмдер көруге, әр түрлі әртістермен, жазушылармен танысуға, өнерді сүйуге мүмкіндік туғызады.
3. Теледидар мақсаты – жастарды тәрбиелеу.

Балалардың үйде жасап келген тақырыптары бойынша интерактивті тақтамен **тұсаукесерін** көрсету.

1. Әлем жаңалықтары.
2. Спорт жаңалықтары.
3. Ауа райы.

Оқулықпен жұмыс. «Теледидар хабарын жүргізуші маман қандай болу керек?» деген тақырыпқа балалар сөздерді және сөз тіркестерді қолдана отырып сипаттама береді.

Жоғары мәдениетті адам, сабырлы, тартымды, шетел тілін меңгерген, үлкен жауапкершілікті түсіну, өмірге қызығушылығы, тән қасиет, мейірімді, ақылды, сөйлеу және өзін-өзі ұстау қабілеті.

Сабаққа қорытынды жасау. Біз бүгін сабақта лексикалық тақырып - «Теледидар», грамматикалық тақырып - мезгіл және себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді қайталадық.

1. Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Сабақтас құрмалас сөйлем нешеге бөлінеді?
3. Соның ішінде қандай сабақтас құрмалас сөйлемдерді өттік?

Бағалау. Бүгінгі сабаққа оқушылар өте белсене қатысты. Тақырыпты меңгере алды. Жақсы, өте жақсы деген бағалар қойылды.

Үйге тапсырма беру: «Теледидар» тақырыбына өздері жақсы көретін ойын-сауық сценарийін жазып келу.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫСТА - НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік - қазақ халқының XX ғасырда өмір сүрген ұлы сазгері Нұрғиса Тілендиевтің өмірі, өнері, шығармашылығы туралы мәлімет беру.

Дамытушылық - оқушылардың логикалық ойлау, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Мәтінмен жұмыс істеуді, ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту, белсенділігін арттыру.

Тәрбиелік - оқушылардың эстетикалық сезімін оятуға, музыканы түсініп сүйеге, өнер адамдарын қадірлей білуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ.

Типі: сайыс сабақ

Көрнектілігі: портрет, кестелер, интеракт. тақта, музыка, магнит тақтасы.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ- жауап, іздендіру, әңгімелеу, аударма, талдау, топтық жұмыс, деңгейлік тапсырмалар.

Пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет, география, музыка.

Қолданылатын технологиялар: модульдік технология, тірек сызбалары, сын тұрғысынан ойлау, Вассерман технологиясының элементтері.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Амандасу.

ә) Сабаққа дайындықтарын байқау.

б) Сыныпты үш деңгейлік топқа бөліп, деңгейлік тапсырмалар бойынша жұмыс істеу, белгілі бір қалып бойынша бағалау.

2. Өткенді пысықтау жаттығулары.

а) «Сандар сыры» ойыны.

1631ж	1913-1918ж.ж.	1991 ж.	1941-45ж.ж.
-------	---------------	---------	-------------

1870ж.	10 мамыр	1925ж.	1995ж.
--------	----------	--------	--------

1945-2010 ж.ж.

1888ж.	1927ж.	1997 ж.
--------	--------	---------

ә) Егер..., онда...

Егер компьютер болмаса, онда интернет болмас еді.

Егер балалар жақсы оқыса, онда білім сапасы көтеріледі.

Егер көп ақпарат, мағлұмат білгің келсе, онда газет-жұрнал оқы.

Егер факс арқылы құжат көшірмесін жіберсең, онда телефон арқылы алушыға хабар беру керек.

Егер жарнама қысқа әрі мәнді болса, онда жарнама тұтынушыны қызықтырып тұрады.

Егер компьютер арқылы хат жазсаң, онда ол бір минуттан кейін алушының электрондық поштасына түседі.

Қайталау. Өздік жұмысы.

«Сандық ребустарды» шешу арқылы, терминдерге анықтама беріп, мысалдар келтіру.

1- деңгей. Қыстырма сөз.

40/1 40/2 5/3 6/4 40/2 1/3 20/4 6/1 5/1 4/2 8/5

2- деңгей. Одағай сөз.

10/1 д 6/1 9/3 6/1 20/3 5/1 4/2 8/5

3- деңгей. Қаратпа сөз.

40/1 6/1 20/4 6/1 4/1 60/3 6/1 5/1 4/2 8/5

4. Үй тапсырмасы тексеріледі.

а) «Төл сөз» ережесін айту.

ә) Әміре Қашаубаев туралы әңгімелеу.

б) Сұхбаттасу. Өткен тақырыптар бойынша оқушылар бір-біріне сұрақтар қойып, жауап береді.

Жаңа сабақ.

Тақырыпқа қызығушылықты ояту сатысы:

1. **Музыка тыңдау.** Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйі.

2. Сөздік жұмысы. Сұрақтар арқылы жаңа сөздерді меңгерту.
- Балалар, біз не тыңдап отырмыз? **Мелодия - әуен**
 - Музыканы немен ойнайды? **Музыка - саз**
 - Музыканы кім шығарады? **Инструмент - аспап.**
 - Музыканы кім тыңдайды? **Композитор - сазгер.**
 - Атақты сазгерлерге қандай атақ беріледі? **Публика - көпшілік.**
 - Бұл қандай күй? **Герой - қаһарман,**
 - Бұл қандай күй? **Почёт - құрмет.**
 - Бұл қандай күй? **Лебедь - аққу.**

Жаңа сөздерді оқушылармен бірге 1- 2- 3- жылдамдықта оқу.

Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастыру (ауызша).


3. Мәтінмен жұмыс.

Слайд арқылы Нұрғиса Тілендиевпен таныстыру.

а) Ал, балалар бұл кімнің күйі?

ә) Оның тағы қандай әндерін, күйлерін білесіңдер?

б) Қазақ халқының тағы қандай әйгілі сазгерлерін білесіңдер?



в) Сонымен Нұрғиса Тілендиев кім екен?

Мағынаны танып- білу сатысы.



г) 1-деңгей. Мәтінді оқып, мазмұндау.

2-деңгей. Мәтінді оқып, аудару.

3-деңгей. Мәтінді оқып, сұрақтарды құрастыру.

Сабақты бекіту. Оқулықпен жұмыс.

а) **1-деңгей. 7.3.3** – тапсырма. (Сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талдау).

Әр түрлі өнер саласынан байқаулар, сайыстар болып тұрады.

Фестивальдің жеңімпаздары Республика сарайында өнер көрсетеді.

Осындай өнер сайысына қатысып тұрған дұрыс.

Бұл фестиваль - өнер мерекесі.

2- деңгей. Кестелермен жұмыс. (Сұлба бойынша сөйлем құрау, төл сөзі, автор сөзі)

3-деңгей. 7.3.6 – тапсырма. (Сөйлемдерге тыныс белгілерін кою)

«Әлем халықтары сазының қандайымен болсын иық тірестіре аларлық бізде де саз бар,» - дейді КСРО халық әртісі Нұрғиса Тілендиев. Осы уақытқа дейін дүниенің жиырмадан аса елінде болып, өнерімізді тамашалаттық. Саз тілі ортақ қой. Қазақ деген халықты сазы арқылы тамсана таңдай қағып, зор қошемет көрсетіп таныған шет жұрттықтарға дән ризамын!

ә) Өздік жұмысы.

Оқушыларға қосымша газет, журнал материалдарын энциклопедия, кітаптар үлестіріп, үш топқа тапсырма беру. Дайындалуға 4 минут уақыт беріледі. Одан кейін әр топ өз тақырыбы бойынша мәліметтер береді. Мысалы: 3-деңгей Нұрғиса Тілендиевтің әлемнің төрт бұрышын аралағаны туралы, қандай елдерде, мемлекеттерде, қалаларда болғандығы туралы әңгімелейді, топтағы оқушылар бір-бірінің жауабын толықтыруға болады.

1- деңгей. Тарихшылар.

2- деңгей. Әдебиетшілер.

3- деңгей. Географшылар.

Қорытынды.

а) Белгілі бір қалып бойынша бағалау.

ә) Үйге тапсырма: 7.3.7- 7.3.8 – тапсырма, «Құстар қайтып барады» әнін үйрену.

Отыру орындарының белгілі бір бағалау қалыбы.

1- деңгей		2-деңгей		3- деңгей	
Тарихшылар		Әдебиетшілер		Географшылар	
1	2	1	2	1	2
3	4	3	4	3	4
5	6	5	6	5	6
Жалпы ұпай:		Жалпы ұпай:		Жалпы ұпай:	



Әсемгүл ШАЙМЕРДЕНОВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Ғ.Мүсірепов ауданындағы
Пески орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ТАНЫТ, АЗИАДА АЛАУЫ!

Сабақтың мақсаты: VII қысқы Азиада ойындары туралы оқушыларға толық мағлұмат бере отыра, оларды елжандылық, отаншылдық рухқа тәрбиелеу және мақтаныш сезіміне бөлеу. Аударма, сауатты жазу, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: сұрақ- жауап, сөйлету, аударма, әңгімелесу.

Сабақтың жабдықталуы: интерактивті тақта, слайдтар, алауэстафетасының картасы, Азиада эмблемасы, символы, кәдесыйлар, спорт кешендерінің суреттері.

Пәнаралық байланыс: тарих, география, дене шынықтыру сабағы.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: (сәлемдесу, түгелдеу).

Сабақ сұрақ-жауап әдісі арқылы шағын әңгімелесуден басталады:

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс айлары қай айлар?
- Қыста ауа райы қандай?(суық, аяз..)
- Сондықтан адамдар қалай киінеді?
- Қыста қандай қандай мерекелер болады?
- Қыста балалар қалай, не ойнайды?

Мұғалімнің жаңа сабаққа кіріспе сөзі:

- Биылғы қыс Қазақстанымызда айтулы оқиғалармен есте қалатын болады. Өйткені, қыстың бірінші айы - желтоқсанның 1-2-сінде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Астана Саммиті өтті. Енді, міне, біздің елімізде VII қысқы Азиада ойындары өтпекші. Бұл - біздің Қазақстан халқы үшін үлкен мақтаныш.

- Балалар, кім айтады, Азиада ойындары қашан басталады?

- Қай уақыт аралығында өтеді? Неше күн қалды?

- Көрдіндер ме, балалар, санаулы уақыт ішінде мұндай екі бірдей кең көлемдегі шара өткізу кез келген мемлекеттің қолынан келе бермейді. Бұл - біздің Қазақстанымыздың қарқынды дамуының айғағы.

Оқушыларға сабақтың мақсатын түсіндіру:

- Бүгінгі сабақ VII қысқы Азиада ойындарына арналады.

Сабақтың тақырыбы: **Сөйлеу қабілетін таныт, Азиада алауы! (1-слайдты көрсету).**

Үй тапсырмасын тексеру (ауызша).

- Тақырып бойынша жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қайталайық:

Факел, факелоносец, гори, сувенир, эмблема Азиады, на следующий день, в торжественной обстановке, самолет, был доставлен, хранители огня, сопровождает, начинается, заканчивается, торжественная церемония открытия, организовал, спортивные комплексы.

2- слайд. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанымыздың символдарының бірі - Барыс туралы әңгімелеу (кәдесыйлар).



3-слайд. Азиада ойындарының эмблемасы (белгісі) туралы әңгімелеу.



4- слайд. І тапсырма. Азиада ойындарының шығу тарихынан:

I. Сұрақтар:

1. Азиада ойындары неше жылда қайталанады?
2. Бұл ойын қай жылдан бастап жүргізіледі?
3. Жалпы ойынның өту мерзімі неше күн?


4. Қазақстан алғаш рет Азия ойындарына қай жылдан бастап шақырылды?

5-слайд. II тапсырма. Сұрақ-жауап.



1. VII қысқы Азия ойындары Қазақстанның қай қалаларында өтеді?
2. Қазақстаннан қысқы ойындарға қанша спортшы және спорттың неше түрінен қатысады?
3. Алау қашан және қайда тұтанды?
4. Сонан соң Қазақстанның қай қаласына жеткізілді?
5. Осы кезден бастап Азияда алауының ел ішіндегі ... басталды.
6. Сурет бойынша не айтасыңдар?
7. Алау эстафетасының шеру уақыты.
8. Алау эстафетасы қай қаладан басталды?

Алау шеруінің маршруты



9. Астана қаласының қай стадионында VII қысқы Азияда ойындарының салтанатты ашылу рәсімі болады?


III-тапсырма. Мәтінді орысшаға аударыңдар. Септік жалғаулы сөздерді теріп жазыңдар.

Алау бүгін 20 қаңтарда арнайы рейспен Петропавлға жеткізіледі. Бүгінгі күннің кешінде әуежайда алау салтанатты жағдайда қарсы алынады. Ертеңгі күнге дейін алау Қазақстанның халық банкі филиалының қоймасында сақталады.

IV-тапсырма. Сөйлемдерді қазақшаға аударыңдар. Сөйлем мүшелеріне талдандар.

Спортивные арены готовы для рекордов. Строились новые спортивные объекты. Обновленных спортивных объектов в Астане и Алматы много.


Жабық футбол стадионы



«Қазақстан» спорт сарайы



Республикалық велотрек



«Медеу» спорт кешені



V-Тапсырма: *Дайын* сөзін жіктендер.

I. Біз Азиядаға дайын...!

II. Сендер Азиядаға дайын...

III. Сіздер Азиядаға дайын...!

IV. Олар Азиядаға дайын...!

Қорытынды.

VI-Тапсырма. Спортшыларымызға тілек білдіру.

Мен қазақстандық спортшыларымызға ... , ... ,..., ..., ... тілеймін.

Бағалау.

Үй тапсырмасы.



ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДА ГРАММАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ПЫСЫҚТАУ

Сабақтың мақсаты: білімділік - өткен грамматикалық ұғымдарды қайталау, пысықтау; дамытушылық - оқушылардың сөйлеу қабілеттерін арттыру; тәрбиелік - адамгершілікке, Отанға деген сүйіспеншілікке, достыққа баулу. **Көрнекіліктері:** суреттер, журналдар, эпиграф жазылған плакаттар, магнитофон, дидактикалық материалдар, эмблемалар. **Түрі:** қалыпсыз: сайыс сабағы. Бәйге түрінде өтеді.

Ат өнері білінбес, Бәйгеге түсіп жарыспай.

I. Ұйымдастыру кезеңі. 1. Ұлттық атты спорт ойындары туралы диалог жүргізу;

- Қандай атты спорт ойындарының түрін білесіңдер?
(«Көкпар», «Қыз қуу», «Бәйге», «Күміс алу»)

2. «Боз Жорға» күйін тыңдау;

3. Б. Соқпақбаевтың «Ақ жал» әңгімесінен мәнерлеп үзінді оқу
(Ат жарысы туралы);

- Құрметті оқушылар, қонақтар! Күйді тыңдап, Б.Соқпақбаевтың «Ақ жал» әңгімесінен үзіндіні тыңдап, біз де аламан бәйгеге түскендей, сабақта сайыскерлік жағдай орнады. Ендеше, осы бағытымыздан таймай, сіздер де білімдеріңізбен жарысыңыздар.

4. Эпиграфпен жұмыс. 5. Ойынның шартын түсіндіру;

- Тақтада шартты түрде ипподром сызылған. «Құлагер» мен «Тұлпар» тобының ойыншылары конвертте жасырынған кәртішкелерді алады, сол берілген тақырып бойынша сөйлейді.

Дұрыс жауап эмблема арқылы шартты ипподромда жарыстың мәресіне қарай жылжиды

II. Жаңа сөздермен таныстыру: шабандоз, жанкүйер, сайыс-жарыс, көрермен, мәре-меже.

III. «Құлагер» мен «Тұлпар» топтарынан кезекпен сұрақтарға жауап береді.

IV. Тапсырмалар. 1. Тәуелсіз Қазақстан туралы әңгімелеу.

2. Елтаңба туралы әңгімелеу.

3. Ту туралы әңгімелеу.

4. Үй тапсырмасы. *Сәлемдесу мәдениеті, кешірім сұрау, келісу, келіспеу* сөздерін қолданып диалог құрастыру.

5. Музыкалық нөмір.

6. Капитандар сайысы (Отан туралы мақал-мәтелдер).

7. Ілгерінді ықпал туралы түсіндіру, мысал келтіру.

8. Кейінді ықпал туралы түсіндіру, мысал келтіру.

9. Буын үндестігі туралы түсіндіру, мысал келтіру.

10. Өлең (жатқа).

11. Фонетикалық талдау (кітап).

12. Дос туралы мақал-мәтелдер сайысы.

13. Қарсылас топтың тапсырмасын орындау. Кроссвордтарды тауып, дұрыс шешу.

14. Сөздерді буындарға бөліп, буын түрлерін атау: *әскери қолбасшы*.

15. Мына сөздерге *ы, і*, жалғауларын жалғаңыз: ***бөрік, көйлек, тарақ, бас, аяқ.***

16. Қазақстан Республикасының - «**Алтын қыран**» орденінің иегері кім?

17. Қазақстан Республикасының Ата Заңы қашан қабылданды?

18. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті туралы әңгімелеу.

19. Тіл туралы мақал-мәтелдер сайысы.

20. Полиглот - дүниедегі ең бай адам.

Жұмбақтың шешімін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде айту.

V. Қортынды жасау, бағалау.

Айнұр ПАТТАЕВА,
Құрлық әскерлері
әскери институтының
қазақ тілі пәнінің оқытушысы.

ТӘУЕЛДІК ЖӘНЕ ЖІКТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ - МОТОАТҚЫШТАР РОТАСЫНДА

Сабақтың мақсаты:

- *Мотоатқыштар ротасы жайлы жалпы мағлұмат беру;*
- *Тәуелдік және жіктік жалғаулары жайлы алған білімдерін қайталау, толықтыру;*
- *Өз бетімен жұмыс жүргізуге, ойын жүйелі, дәлелді, жоспарлы жеткізуге, пікірін ортаға сала білуге дағдыландыру, білімділік деңгейін қалыптастыру;*
- *Өз Отанын сүйуге, оны қорғай білуге, патриоттық сезімге баулу.*

Уақыты: 80 минут.

Орны: сынып.

Әдісі: түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс.

Оқу-заттық қамсыздандыру.

Көрнекі құралдар:

1. Слайдтар; видеофильмдер; кестелер; үлестірмелі материалдар.

Техника құралдары: интерактивтік тақта; теледидар; бейнетаспа.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс. А., Мектеп, 2001.
2. Сөздік. Әскери іс. 12-том А., Рауан, 2000.

3. С.М.Исаев. Қазақ тілі. А., Қайнар, 1993.
4. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. А., 2002, I-том.
5. Орысша-қазақша әскери сөздік. Алматы, 1995.

Жалпы ұйымдастыру - әдістемелік нұсқаулар

	Оқу тақырыбы	Уақыты
I	I сабақ КІРІСПЕ БӨЛІМ: а) Ұйымдастыру кезеңі ә) Өзіндік дайындыққа берілген тапсырмаларға шолу.	5 15'
II	НЕГІЗГІ БӨЛІМ: 1. Мотоатқыштар ротасы. 2. Тәуелдік және жіктік жалғаулары.	35' 20'
III	ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ: а) Сабақты қорытындылау. ә) Өзіндік дайындыққа тапсырма беру. б) Баға қою.	5'

I. КІРІСПЕ БӨЛІМ.

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Курсанттардың сабаққа әзірлігін қадағалау.
2. Сабақтың тақырыбы, мақсаты, оқу сұрақтарымен таныстыру.

2-тақырып: Мотоатқыштар әскері.

2-сабақ: Мотоатқыштар ротасы.

Оқу тақырыбы:

1. Мотоатқыштар ротасы.
2. Тәуелдік және жіктік жалғаулары.

Өзіндік дайындыққа берілген тапсырмаларды тексеру, сұрау.

1) Мотоатқыштар әскері жайлы алған білімдерін (үлестірмелі материалдар арқылы) тексеру.

1-кәртiшке. Мотоатқыштар әскері қай әскер түріне жатады?

2-кәртiшке. Мотоатқыштар әскері қандай құралдармен жабдықталған?

3-кәртiшке. Мотоатқыштар әскері ұрыста неге қабілетті?

4-кәртiшке. Мотоатқыштар әскері қай әскер түрімен тығыз байланыста болады?

5-кәртiшке. Мотоатқыштар әскері ұйымдастырылуы жағынан нелерден тұрады?

6-кәртiшке. Мотоатқыштар әскері ұрыс қимылдарын қалай жүргізеді?

Жауаптары:

1-кәртiшке. Мотоатқыштар әскері - құрлық әскерлерінің бір түрі.

2-кәртiшке. Сауытты машиналармен, автоматты атқыш қарулармен, танкіге қарсы қолданылатын күшті құралдармен және басқа да қару-жарақпен жабдықталған.

3-кәртiшке. Мотоатқыштар әскерлері ядролық соққыдан кейін де шабуылды үдемелі қарқынмен, әскерлердің басқа түрлерінің көмегімен қарсыластың адам күшін жоюға, қолға түсіруге, қарсыластың ұрыс техникасын қолға түсіріп, басып алынған жерді ұстап тұруға қабілетті.

4-кәртiшке. Мотоатқыштар әскерлері танк әскерлерімен тығыз байланыста болады.

5-кәртiшке. Мотоатқыштар әскері ұйымдастырылуы жағынан құрамалардан, бөлімдерден және бөлімшелерден тұрады.

6-кәртiшке. Мотоатқыштартар әскері машиналарда,жүріп келе жатып та, танкілермен ілесе жүріп те ұрыс жүргізе алады.

ә) Өзіндік дайындыққа берілген сөздікті жатқа сұрау.

Шарты: Берілген сөздер мен сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.

Мотоатқыштар әскері -

Сауытты машиналар -

Атқыш қарулар -

Басып алу -

Қарсылас -

Қабілетті -

Жүріп келе жатып -

Танкілерге ілесе -

Тығыз байланыс -

(Магнитофоннан Б.Момышұлының сөзі тыңдалады).

Мәтін бойынша тапсырма:

1. Мәтінді мұқият тыңдаңыздар.

2. Мәтінді мазмұндаңыздар.

Жаяу әскер – ұрыста шешуші күш. Ол – жақын қашықта, ұрыстың ең бір барып тұрған катал, қатерлі әрі сұмдық, сұсты кезеңінде ұрыс жүргізетін негізгі және әмбебап әскер түрі.

Жаяу әскер жаудың шебін басып алуға, ол жерді қолдан шығармай ұстап тұруға қабілетті.

Жаяу әскер екпінді жанды адам күшін қуатты атыспен ұштастыра отырып, шабуылдаушы ядроға айналып, жауынгерлік міндеттерді жердің, ауа райының әр түрлі қолайсыз жағдайларына қарамастан, жылдың кез келген мезгілі мен тәулігінде орындауға қабілетті.

Жаяу әскердің мақсаты – жақын қашықтықта ұрыс жүргізу. Ол ұрысты дұшпанға оқ жаудырып, атыспен тықсыра, ығыстыра отырып (жаншып), оны көзбе-көз, бетпе-бет келген қоян-қолтық шайқаста кеудесіне сұсты найза шаншып, түпкілікті көзін жойып барып аяқтайды. Жаяу әскер маневр жасауда, жарыса атысуда, найзаласқан шайқаста дербес қимылдайды.

Б.Момышұлы. Шығ.ж. 1-том.А., 2002.,107,480-беттер.

(Берілген мәтін бойынша курсанттар өз ойларын ортаға салады).

Өткен сабақтың бірінші оқу сұрағы бойынша қорытындылау.

Сұрақ:

- Курсант мырзалар, сонымен біз өткен сабақтың бірінші оқу тақырыбы бойынша нені қарастырдық? Не білдік?

Жауап:

- Біз өткен сабақтың бірінші оқу тақырыбы бойынша мотоатқыштар әскері, мотоатқыштар әскерінің жабдықталуы, т.б.жайлы мағлұмат алдық.

2) Көптік, жіктік жалғаулары жайлы алған білімдерін үлестірмелі қағаздар арқылы сұрау.

а) Үлестірмелі материалдар:

1-кәртiшке: Жалғау дегеніміз не?

2-кәртiшке: Көптік жалғауы дегеніміз не?

3-кәртiшке: Септік жалғауы дегеніміз не?

4-кәртiшке: Жай септелу дегеніміз не?

Жауаптары:

1-кәртiшке: Жалғау – сөйлемде сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша. Қазақ тілінде жалғаудың төрт түрі бар: көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау, жіктік жалғау.

2-кәртiшке: Көптік жалғау (окончания множественности) - сөзге көптік мағына береді. Көптік жалғаулар: -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер. Көптік жалғау – жалғаулардың ішінде сөзге бірінші жалғанатын қосымша. Егер түбір жуан болса, қосымша жуан; егер түбір жіңішке болса, қосымша жіңішке жалғанады. Мысалы: мотоатқыш+тар, әскер+лер.

3-кәртiшке: Септік жалғау (падежные аффиксы) – сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша. Қазақ тілінде жеті септік бар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес. Септік жай септелу, тәуелді септелу болып бөлінеді.

4-кәртiшке: Жай септелу деп түбір сөздің септік жалғауын бірден түбірге қабылдау арқылы септелуі аталады.

II. Негізгі бөлім

Жаңа мәтінді оқымас бұрын жаңа сөздермен танысады.

Жаңа сөздер:

қару-жарақ - вооружение;

тактикалық бөлімше - тактическое отделение, подразделение;
маневр - маневр;

жаппай қырып-жою қаруы - оружие массового поражения;
атыс құралдары - огневые средства;

майдан ені - ширина фронта;

тірек пункті - опорный пункт;

шабуыл - наступление; қорғаныс – оборона;

Жаңа сөздермен сөз тіркестерінен сөйлем құрастырады.

(Мотоатқыштар әскерлері жайлы бейнефильм көрсетіледі).

Мәтін. Мотоатқыштар ротасы – қазіргі заманғы қуатты қару-жарақпен қаруланған тактикалық бөлімше.

Мотоатқыштар ротасы:

- жинақы шапшаңдығы . . .

- маневрлілігі . . .

көмектес септік

- жаппай жою қаруының әсеріне төзгіштігі . . .

ерекшеленеді.

Мотоатқыштар ротасы басқа әскер түрлерімен өзара бірлесіп, қарсыласқа қарсы шабуылда және бетпе-бет ұрыста:

- шабуылдауға;

- адам күшін жоюға;

- атыс құралдарын жоюға;

- шабуылды тез қарқынмен дамытуға **қабілетті.**

Рота шабуылында майданның ені 800 метрге жетуі мүмкін.

Қорғаныс кезінде мотоатқыштар ротасы қарсыластың тірек пунктін ала отырып:

- алдыңғы шебіне соққы береді;

- жаяу әскері мен танкілерін шығынға ұшыратады;

- жеңіп алған позицияларын табан тіреп ұстап тұрады.

«Әскери іс». Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. А., 2001 ж. 210-бет (қысқартылып алынған).

Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын сәйкестендіріңіздер.

А) қару-жарақ

А) оборона

В) тактикалық бөлімше

В) наступление

С) атыс құралдары

С) тактическое подразделение

Д) шабуыл

Д) вооружение

Е) қорғаныс

Е) огневые средства

Пысықтау сұрақтары:

1. *Мотоатқыштар ротасы дегеніміз не?*

2. Мотоатқыштар ротасы несімен ерекшеленеді?
3. Мотоатқыштар ротасы неге қабілетті?
4. Мотоатқыштар әскері ғасырлар бойы қалай аталған?
5. Қорғаныс кезіндегі мотоатқыштар ротасының іс-қимылы қандай?

Бейнефильммен мәтінді байланыстыра отырып, мәтінді дәптерге жаздыртамын және пысықтау сұрақтары арқылы бірінші оқу тақырыбын қорытындылаймын.

(Б.Момышұлының өлеңі жазылған слайд интерактивті тақтадан көрсетіледі).

«Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде», -

Деп жылар сорлы қазақ мен өлгенде.

Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,

Тарихтың түкпірінен сөз келгенде.

(Батырдың қаһармандығы, батырлығы, қайсарлығы жайлы айтыла келе, әскери тілде «рота» деген терминнің қазақша аудармасы «жүздік» сөзі екенін айта келіп, екінші оқу тақырыбымен байланыстырамын).

2.Тәуелдік жалғауы.

Тәуелдік жалғау - бір заттың екінші бір затқа (адамға) тәуелді, меншігі екенін білдіреді. Тәуелденетін сөз үш жақтың біріне тәуелдене, меншіктеле айтылады. Тәуелдік жалғау өзі жалғанған сөзді ілік септік жалғаулы сөзбен байланыстырып тұрады. Тәуелдік жалғауы үш жақта, жекеше, көпше түрде болады. **Мысалы:** курсант+ым, әскер+ім.

Жекеше түрде:

I жақ - Менің курсантым.

II жақ - Сенің курсантың.

Сіздің курсантыңыз.

III жақ - Оның курсанты.

Көпше түрде:

I жақ - Біздің курсанттарымыз.

II жақ - Сендердің курсанттарың.

Сіздердің курсанттарыңыз.

III жақ - Олардың курсанттары.

Жіктік жалғау. Жіктік жалғауы, басқа қосымшалар сияқты, сөзбен сөзді байланыстырып, қарым-қатынасқа келтіріп тұрады. Жіктік жалғауы жалғанған сөз үнемі баяндауыш қызметінде жұмсалып, бастауышпен жақтық, шақтық жағынан қиыса байланысып келеді. Мысалы: Мен сарбазбын. Сен келдің.

Сөздерге жіктік жалғау жалғануын сөздің **жіктелуі** дейміз.

Қазақ тілінде сөздер төрт топқа бөлініп жіктеледі. Отыр, тұр, жатыр, жүр етістіктері мен есімдер, үстеулер баяндауыш болып жекеше де, көпше де жіктеледі.

Жекеше түрі:

Мен курсантпын, тұрмын.

Сен курсантсың, тұрсың.

Сіз курсантсыз, тұрсыз.

Ол курсант, тұр.

Көпше түрі:

Біз(біздер) курсантпыз, тұрмыз.

Сендер курсантсыңдар, тұрсыңдар.

Сіздер курсантсыздар, тұрсыздар.

Олар курсанттар, тұр.

Бекіту. Тәуелдік жалғауы мен жіктік жалғауының ерекшелігі мен ұқсастығын табу. Курсанттардың өз бетімен ойланып жұмыс жасауын қалыптастыру мақсатында Венн диаграммасын жүргіземіз.

Тәуелдік	<i>Ж</i>	Жіктік
	<i>А</i>	
	<i>Л</i>	
	<i>Ғ</i>	
	<i>А</i>	
	<i>У</i>	

(Өзіндік ерекшелігі мен ұқсастығы диаграммаға жазылады)

Жаңа сабақты бекіту мақсатында курсанттарға тапсырмалар беріліп, жауабы сұралады.

Жаттығу жұмыстары:

1-жаттығу. Берілген сөздерге тәуелдік жалғауын жалғап,сөйлем құраңыз.


Сарбаз, жауынгер, зеңбірек, мылтық.

4-5 сөйлем құрап, тәуелдік жалғауларын көрсетеді.

2-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, жіктік жалғауын табыңыздар. Қай жақта тұрғанын анықтаңыздар.

Бауыржан: Мен соғыс кезінде «Красная звезда» газетіне былай жазғанмын: «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам опасыз, оңбаған адам» дегенмін. Сол сөзімді әлі де қайталаймын. Өйткені, Энгельс айтқандай, өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады. Өйткені халықтардың туыстығы алдымен адамдардың өз халқына сүйіспеншілігі арқылы ғана келеді. Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын. Мен нацизмның туын көтерген фашизмге қарсы жан аямай күрескен кісімін. (Ә.Нұршайықовтан).

3-жаттығу. Сөзжұмбақты шешіңіздер.



1. Бұрынғы жаяу әскерлердің қазіргі атауы.
2. «Боеприпасы» сөзінің қазақша аудармасы.
3. Сауытты ... машинасы.
4. Мотоатқыш әскерлері ядролық кейін де шабуыл жасай алады.

5. Мотоатқыш әскерлері қаруларының бір түрі.
6. Құрлық әскерлеріндегі негізгі әскер түрі.
7. «Оружие» сөзінің қазақша аудармасы.
8. І жақ жекеше түрдегі жіктік жалғауы.
9. «Нападение» сөзінің қазақша аудармасы.

4-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, қай жақта, жекеше, көпше түрде екенін анықтаңыз.

- Мен, ең алдымен, жауды тоқтату жағын ойлады..., - деді Мұрат дауысын қатайтып.

Оның асханасында біздің жауынгерлер...ге ыстық тамақ әзірленіп қойыпты.

Сіздің жауынгерлер...ерлікпен қаза тапты.

Пысықтау сұрақтары:

1. Тәуелдік жалғау дегеніміз не?
2. Жіктік жалғау дегеніміз не?

Екінші оқу тақырыбын қорытындылау.

ҚОРЫТЫНДЫ:

- 1) Сабакты қорытындылау.
- 2) Өзіндік дайындыққа тапсырма:
 - а) Сөздікті жаттау, мәтінді мазмұндау.
 - ә) Ереже жаттау. Б.Момышұлының нақыл сөздерін жазып, жаттап келу.
- 3) Курсанттардың білімін бағалау.



Ұлболсын БИСЕНБАЙ,
Қызылорда облысының
Қазалы қаласындағы
№17 Ғани Мұратбаев атындағы
қазақ орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

НАУРЫЗ – ДУМАН

Мақсаты: Оқушыларға Наурыз тойының тарихы, оның кезеңдері туралы, Наурыз тойының ерекшеліктері, әр ұлтта тойланылуы туралы білім бере отырып, мерекені тойлау дәстүрлерінен көріністер көрсету арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, ұлттық дәстүрді қадірлеуге үйрету, топпен, ұжыммен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.

Түрі: Концерт сабақ,

Типі: Жаңа материалды игеру.

Әдіс-тәсілдері: Бақылау, Түсіндіру, Сөздік, Өнер сайысы т.б.

Көрнекілігі: Наурызға арналған газеттер, кітап көрмесі, компьютер, интерактивті тақта, ұлттық киім, т.б.

Сабақтың барысы: I кіріспе бөлім.

а) Ұйымдастыру кезеңі.

II. Негізгі бөлім.

Мұғалімнің кіріспе сөзі. Наурыз – өте ертеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дөп басып айту қиын.

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс салтында бағзы замандардан бері орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «Патрих», бирмалықтар «Су мейрамы», тәжіктер «Гүл гардон, Бәйшешек, Гүлнаурыз»,

хорезмдіктер «Наусарджи», татарлар «Нардугай», буряттар «Сагаан сара», соғдалықтар «Наусарыз», армияндар «Навасарди», чуваштар «Норис ояке» деп түрліше атаған.

Христиан дінін қабылдағанға дейінгі ежелгі Русьта Жаңа жылды I наурыз күні қарсы алу дәстүрі болған.

Олар мейрам күндері Құт құдайының құрметіне арналған шырақтарды шиіе ағашына ілген. «Түрлі аурулар мен пәле жаладан сақтайды» деген сенім бойынша дастархан басына жиналған әрбір шаруаның алдына үш бас сарымсақ, үстелдің қақ ортасына бетін шөппен жапқан 12 тал пияз қояды екен.

Ағылшындар XVII ғасырдың бас кезіне дейін Жаңа жылды 26 наурызда тойлап келді.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында 1920 жылы халық Наурызбен қайта қауышты. Мәселен, 1925 жылы 22 наурыз күні «Еңбекші қазақ» газеті бұқара халықты наурыз мейрамымен құттықтап, өзінің бірінші бетіне ірі әріптермен:

«Қыс өтіп, қар кетіп,
Шырайлы жаз жетіп,
Шаруаның кенелген
Мейрамы ежелден
Құтты болсын, бұл Наурыз!» деп жазды.

Осылайша Қазақстанда тойланып келген Ұлыс күні асыра сілтеушіліктің салдарынан 1926 жылы күрт тоқтады.

1988 жылғы көктемде Алматы қаласы мен облыстың кейбір аудандарында 62 жылдан соң тұңғыш рет Наурыз тойы тойланды.

1989 жылдан бастап ежелгі Күн мейрамы – жыл басы тойын жалпыхалық болып қарсы ала бастадық.

Олай болса Наурыз тойын Қазақстанда тұратын ұлттар мен ұлыстар қалай тойлады екен?

Бүгінгі сабағымызда 5^б сынып оқушыларынан құралған **Қазақ елі, Татар елі, Өзбек елі, Орыс елі** өз өнерлерін ортаға салады.

Наурыз күнінің бір ерекшелігі, бұл күн көрісуден басталады. Ұлыс күнінде сәлемдесудің қалыптасқан дәстүрі бар. Қос қолдап

амандасып, төс соғыстыру – «өмір тірегім – төсім, тіршілік көзім – екі қолым аман-сау болсын» дегенді білдіреді.

Рәсім бойынша жылына бір-ақ рет жыл басында:

«Жаңа ағытқан қозыдай
Жамырасып өрістен,
Ұлыс күні кәрі-жас
Құшақтасып көріскен»

Сайысымыздың **алғашқы шарты** – «**Сәлемдесу**». Ортаға жеребе бойынша анықталған алғашқы топ шақырылады.

Ұлыс күні жеті түрлі заттан – соғымнан қалған сүр ет, қойдың басы, сүт, езілген құрт бидай, пияз және сәбізден қазан толы көпкөже пісіріледі. Әр үйдің дастарханына ақтан, сүт тағамдары, көкөніс-жеміс-жидектер (дән тағамдары мен жеміс-жидектер) және қызылдан (еттен істелетін тағамдар) жеті түрлі дәм қойылады. Олай болса, **II шарт** – «**Ас мәзірі**». Қалыптасқан салт бойынша қойдың басын ауыл ақсақалы мүжиді. Ал басқалары «жақсы ас қалғанша, жаман қарын жарылсын» десіп, наурыз көжені тоя ішіседі. Көже ішіліп болған соң, төрағасы қолын жайып, үй иесіне батасын береді.

III шарт – «**Баташылар сайысы**». Ортаға әр топтан бір оқушы шығып, бата айтудан жарыссын. Наурыз күніне байланысты мынадай ұғымдармен таныстырғанды жөн көріп отырмын.

Тепе-теңдік. Наурызды қарсы алу мерзімі Күн мен Түн, Қыс пен Жаз тепе-теңдікке келген сәттен бастап тойлануы тегіннен-тегін емес. Наурыз күні адам атаулының арасында «хан», «қара», «әйел», «бала» деген болмай, толық теңдік орнайды. Күні бүгінге дейін тілімізде айтылатын «Құлға да бір түн азаттық», «Құлдан да бір тілек бар» деген мәтелдер», Наурыз жырындағы:

«Құл құтылар қырықтан,
Күң құтылар сырықтан», -

деген жолдар – осы бір көне салттың айғағы. Сондықтан да бұл күн – Ұлыстың ұлы күні деп аталған Игілік көзін ашу. Наурыз тойында жігіттер бастаулардың көзін ашып, айнала төңіректі тазартады. Қариялар тал егеді. Өсімдіктерге ақ бүркеді.

Сондай-ақ ел ішіндегі талант иелері – ақылшы көсем, қызыл тілді шешен, он саусағынан өнер тамған шебер, құралайды көзге атқан мерген, жауырыны жерге тимеген палуан, күміс көмей, жез таңдай әнші, құдіретті күйшілер арасынан озып шыққандар ескеріліп, Ұлыстың ұлы күні олар халыққа танылып, аттары алты алашқа **мәшһүр** болады.

Сайысымыздың келесі түрі – IV шарт: «Өнер сайысы». Әр топ мүшелері өз өнерін көрсетеді.

Жаңару. Ұлыс күні аспан денелері өзінің бастапқы айналу нүктесіне келеді. Мал төлдеп, жер көктейді. Жан-жануарлар түлеп, дүние жаңарады. Осыған орай адамдар да жуынып шайынады. Су жаңа киімдерін киеді. Сән-салтанат құрып, әдемілік, әсемдік орнайды екен.

Сайысымыздың келесі түрі – V шарт: «Сән үлгісі».

III. Қорыту. Жоғарыда аты аталып, түсі түстелген қазанның үш бұтындай үш шарт – **Тепе-теңдік, Игілік және Жаңару** – үшеуі қоғамда үйлесімін тауып, тоқайласқанда ғана құт қонып, береке орнайды. Сол себепті Наурыз тойында ағыл-тегіл молшылық болсын деп тілек айта отырып, сайысымызды қорыту үшін мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Деменбай ағайға сөз береміз.

Оқушы білімдерін бағалау, құттықтау.



Г. ШАЙДАХМЕТОВА,

Астана қаласындағы

№32 мектеп-гимназияның мұғалімі.

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

Сабақтың мақсаты:

- Оқушыларды көктем мезгілінде болатын мерекелердің бірі – Наурыз мерекесінің тарихымен таныстыру.
- Оқушылардың танымдық қасиеттерін дамыту, ойларын

жетілдіре отырып, өз пікірлерін дәлелдей білуді дамыту.

- Оқушыларды салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулу.

Түрі: дәстүрлі сабақ.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, ұйымдастыру, ойын түрлері.

Көрнекілігі: INSERT таблицасы, 5 жолды өлең, көкпар ойыны-
на арналған сурет, Венн диаграммасы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. (Кезекші рапорт береді.)

II. Ойшақыру:

- Қазір ауа райы қандай болып тұр? (Балалар жауабы)

- Ең бастысы, қазір күннің көзі шығып, күн жылынды. Ассо-
циация құрып, ойымызды толықтырып алайық. (интерактивті
тақтадан көрсету)

- Ал, енді, мына бір шумақ өлең қай мезгіл туралы:

Қар еріп, су ағады,

Сарқырап сайға толады.

Күн ұзарып, жылиды,

Бұл қай мезгілде болады?

III. Әр жыл мезгілінің өз мерекесі бар болғандықтан, көктемнің
де өз мерекелері бар.

Енді, МЕРЕКЕЛЕР – сөзінен бірнеше сөз құрастырайық.

(мереке, кел, ел, , ер, ек.)

Қалай ойлайсыңдар, осы сөздің синонимдері бар ма? (той, ду-
ман, мейрам)

IV. Бүгін, мерекелердің бірі – Наурыз туралы білімдеріңді осы
сабақта толықтырамыз.

Ол үшін сыныптағы 2 топқа ат береміз. Ол үшін сөзжұмбақ
шешеміз, қызғалдақ (тюльпан), бәйшешек (подснежник)
тақырыбында орысша сөздерді қазақ тіліне аударып, топ басшысы
сайланып, РЕЙТИНГ қағазы таратылып, тақпақ айтылады.

Мысалы: Ән қосылсын әніңе,

Сән қосылсын сәніңе.

Ырысты боп жаңа жыл,

Бақ дарысын бәріңе.
Ашық болсын күніміз,
Ашылады нұрымыз.
Бай тұлғалы өңірде,
Айтылады жырымыз.

V. Біз Наурыз айында 2 мереке тойладық. Соның бірі – 8 наурыз – аналар мерекесі.

Үй тапсырмасы – тілектер жазып келу болатын, кім оқиды?
(2-3 баланың жауабын тыңдау)

VI. Наурыз туралы бір ән тыңдап, көңілімізді көтеріп, сергітіп алайық.

VII. Ал, енді интерактивті тақтаға қарап сұрақтарға жауып беруде Наурыз туралы ойларымызды ортаға салып көрейік (әр топқа 3 сұрақтан беріледі).

1. Адамдар Наурыз мейрамының алдында не істейді?
2. Наурыз мейрамы қай күні тойланады?
3. Наурызда күн мен түн не істейді?
4. Наурыз қандай мейрам?
5. Наурыз мейрамын халық қалай атаған?
6. Ұлыстың ұлы күні жасалатын басты тағамдар?

VIII. Жақсы балалар, сабақты әрі қарай жалғастыруда мен Наурыз туралы біраз түсінік берейін. Наурыз парсы тілінен енген сөз. Нау-жаңа, рыз-жыл деген мағынаны білдіреді.

Бұл дін (религия) мейрамы емес. Бұл – достық, бірлік мейрамы. Жұрт жақсы киініп, ауыл аралап, бір-бірін жаңа жыл – наурызбен құттықтап, жақсы тілектер тілеп, адал ниетпен ақ бата беріскен. Мұны өлең, тақпақ арқылы білдірген.

Мысалы: (тақтаға, қағазға, интерактивті тақтаға алдын-ала жазып қою керек)

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Қайда барса жол болсын!

Ұлыс бақты болсын!

Төрт түлік ақты болсын!

Ұлыс береке болсын!

Наурыз мейрамында қазақ халқы «Наурыз көже» ішіп, ән шырқап, күй тартып, балуан күрестіріп, ойын-сауық өткізген.

«Наурыз көже» жеті тағамнан істеледі: (алдын ала жасау керек) су, ет, тұз, күріш, тары, арпа, айран;

бұл жеті белгі (алдын ала жазып қойып көрсету):

Бақыт - счастье;

Сәттілік - удача;

Ақылдық - ум;

Молшылық - изобилие;

Денсаулық - здоровье;

Байлық - богатство;

Бақ - благополучие.

Наурызда әр үйде дастархан жайылып, ұлттық тағамдар жасалады. Қазақ халқының негізгі тағамдары қандай? (Наурыз көже, бауырсақ, ет, айран, қымыз, құрт, т.б.)

Қазір екі топтан бір-бір баладан тақтаға шығып, наурыз көже мен бауырсақтың құрамын жазады, ал топтар осы тағамдардың қалай жасалатынын жазып дайындайды.

IX. Біз жаңа жылды екі рет қарсы алып жүрміз. 1 қаңтарда Еуропаша, 22 наурызда Шығыс елдерімен қатар қарсы аламыз.

Қазір ВЕНН диаграммасы бойынша мейрамдардың қандай ұқсастығы бар екенін анықтаймыз. (Еуропа бойынша жаңа жылды, шығыс халқының жаңа жылды қалай қарсы алатынын екі топ жазып, ұқсастығын табады. Мысалы: жаңа жыл, мереке, аяз ата, қызыр ата келетіні, тілектер айтылып, қонақтар келетіні ұқсастығы болып табылады).

X. Балалардың қызығушылығын арттыруда ойын өткізуде, қандай ұлттық ойындар түрін білетінін сұрап, алдын ала дайындалған көкпар ойынының немесе теңге алу суретін көрсетіп, қандай ойын түрі екенін сұрап, сұрақ қою:

- осы ұлттық ойындар қандай адам болуға тәрбиелейді және

неге үйретеді?(күштілікке, ептілікке, тез ойлауға... үйретеді)

- Ендеше «Теңге алу» ойыны бойынша грамматикалық сауаттылығымызды тексеріп көрейік. (Ксерокстан өткізілген ақшалар суреттің әр жерінде қыстырылады, ақшалардың артында грамматикалық сұрақтар беріледі)

Сұрақтар:

1. Етістік дегеніміз не және оның шақтарын атау.
2. «Пісіру» сөзін осы шаққа қойып, сөйлем құрастыру.
3. «Ойнау» сөзін келер шақта жіктеу.
4. «Қарсы алу» сөзін келер шаққа қойып сөйлем құрастыру.
5. Қыста келген, көктемде еріген. Жұмбақтың шешімін тауып, етістігін атау.

6. Наурыз сөзін септеу.

XI. Наурызда ән айтады, би билейді, ақындар айтысады, әркім өз өнерін көрсетеді.

Ал, біз сіздермен Наурыз туралы 5 жол өлең құрастырайық.

1. Зат есім.
2. Синоним.
3. Сын есім.
4. Етістік.
5. Сөйлем.

XII. Сабақты бекіту:

- Жаксы балалар, ал, енді, INSERT таблицасын толтырайық
яғни,

V - сабаққа дейін Наурыз туралы не білдің?

+ - Сабақ бойынша Наурыз туралы не білдің?

? - Бүгінгі сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?

XIII. Үй тапсырмасы: «Мен Наурыз тойын қалай өткіземін?» тақырыбына эссе жазу.

XIV. РЕЙТИНГ қағазы бойынша балалардың білімін бағалау.

XV. Сабақты аяқтау.

Сандуғаш ӘЛБАЙҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
Ш.Құдайбердіұлы атындағы
№75 мектептің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

«СТАДИОНДА» ЖАЛҒАУЛАРДЫ ТАНЫТУ

(VI модуль)

Сабақтың мақсаты:

Оқушылардың сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту.

Білімділік - тақырыпты сөйлесу әрекеттерімен байланыстырып, «Стадионда» туралы қысқаша әңгіме құрату, тілдесім әрекетін жандандыру. Жалғаулар туралы білімдерін бекіту;

Дамытушылық - тақырыпқы байланысты өтілген жаңа сөздерді орынды пайдалануға, ауызша тапсырмалар арқылы сөйлесім әрекетін жандандыру, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, сауатты жазу; дұрыс оқу дағдысын дамыту. Тілдесім әрекетін тиімді жүзеге асыруды жалғастыру;

Тәрбиелік - мемлекеттік тіліміз - қазақ тілінде еркін сөйлеуге үйрету, құрметтеуге, тіл тазалығын сақтауға тәрбиелеу. Тақырып бойынша патриоттық сезімді ояту мақсатында тәрбиелік әңгіме жүргізу, сыйластық сезімдерін қалыптастыру.

Көрнекілігі: электронды оқулық, слайдтар, қима қағаздар, суреттер (спортшылар, стадион).

Түрі: аралас сабақ.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Әнұран орындау (1 минут).

ә) Оқушылармен сәлемдесу (3 минут).

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!

- Халдерің қалай?

- Көңіл - күйлерің қалай?

- Балалар, бүгін кім кезекші? Топта кім жоқ?

б) Фонетикалық жаттығу: І және Ә әріптері.

II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі (5 минут).

III. Сабақты өзектендіру кезеңі.

Оқушыларға интерактивті тақтадан суреттер көрсетемін (7 минут).



Стадион, теннис, Астана, доп, Ирби, ойындар, нөсер, допты хоккей, Алматы.

Суреттерді ағау, бірінші әріптері арқылы жаңа сабақтың тақырыбын табу.

Тапсырма:

- Ендеше, балалар, қандай суреттерді көріп тұрмыз? Сөздердің алғашқы әріптерін атап, әріптерді тақтаға жабыстырайық.
- Қандай сөз шықты?
- Стадионда. (Слайд, сурет көрсету)



IV. Жаңа материалды меңгеру кезеңі.

Сабақтың мақсатын, міндетін түсіндіру (2 минут).

«Стадион» туралы білімдерімізді толықтырамыз.
Грамматикалық тақырып – жалғауларды қайталаймыз. Мәтінмен жұмыс жасаймыз. Ойын ойнаймыз. «Стадионда» тақырыбына шағын әңгіме құрастырамыз.

Жаңа сөздермен танысамыз.

Жанкүйер – болельщик; **өтеді** – проходит (ят);

Жарыс – соревнование; **мұз айдыны** – ледовый каток.

(Тақтадағы сөздерді хормен оқытып, сөздік дәптерлеріне жазғызу). «Стадионмен» байланысты қандай сөздерді білеміз? (ассоциация)

- Өте жақсы! Стадион туралы айтқанда міндетті түрде біздің ойымызға спорттық ойындар, жанкүйерлер, жарыстар, спортшылар туралы келеді. Шынымен де, әр адам елінің мақтан тұтатын спортшыларын айта алады.

Сурет бойынша жұмыс (Стадион, теннис, Астана, доп, Ирби, Алматы).

- Ендеше, қарандаршы, өздерің айтқан стадион, Ирби (суретін тақтаға ілемін).

Мен сіздермен Ирби жайлы сөйлескім келеді. Биік таудың басында Ирби деген қар барысының күшігі өмір сүреді. Ол қарда асыр салып ойнағанды, жартастан жартасқа секіргенді қатты ұнатады. Ирби өте көпшіл әрі достық пейілді болатын. Бір күні Ирби өзі өмір сүріп жатқан елдің екі ірі қаласы - Астана мен Алматыда «Қысқы Азия ойындары» деп аталатын үлкен мереке өтетінін естіп келіпті.

- Ал, біздің Ирби неге келіпті?

- Азиядаға келіпті.

- Дұрыс. Азияда. Қазір қай мезгіл, қай ай?

- Қыс мезгілі. Ақпан.

- Бүгін ақпанның нешесі? Аптаның қай күні?

- Аптаның бірі. Сейсенбі (дәптерге жазу).

- Жаңа айтқан сөздеріңе оралайын. Сіздер айтқан Азияда Қазақстанда өтіп жатыр. Сондықтан мен сіздердің жауаптарыңызға

жұлдызша беріп бағалаймын.

«Стадионда нелер өтеді? Кімдер келеді?», т.б. сұрақтарға жауап беріледі. Оқулықтағы сұхбатпен танысады.

Оқылым. 2-тапсырма. Сұхбатпен жұмыс:

1. Аудару.
2. Сұрақ-жауап әдісі бойынша тілдесім әрекеті:
 - Сұхбат не жайлы айтылған?
 - Сен қайда бардың?
 - Алматыда қандай мұз айдыны бар?
 - «Медеу» мұз айдынының биіктігі қанша метр?

Сергіту сәті. Слайд.

- Балалар, ойымызды да, бойымызды да ширататын сәт келді.

Оңға, оңға түзу тұр,

Солға, солға түзу тұр.

Артқа қарай – бір адым,

Жоғары, төмен қарадым,

Орнымды тез табамын.

Айтылым. 2-тапсырма. Сұрақ-жауапты жұптық жұмыс бойынша іске асыру (Диалог, өзім бір оқушымен оқимын, екі оқушы кезектесіп оқиды, екі оқушы тілдесім әрекетіне шығады). Тапсырма. Жалғау түрлерін ажырату (Дәптерлеріне жаздыру).

Слайд. Біліп ал. 3-тапсырма. Берілген сөйлемді оқып, спортшылардың суреттерімен таныстырып, қай спорт түрлері екенін айту.




Қажымұқан Мұңайтбасов – қазақша күрестен әлем жеңімпазы.



Жақсылық Үшкемпіров - еркін күрестен олимпиада жеңімпазы


Серік Қонақбаев – бокстан КСРО-ның күміс жүлдегері.



Ермахан Ыбырайымов –
бокстан олимпиада жеңімпазы.



Бекзат Саттарханов –
бокстан олимпиада жеңімпазы.



Ольга Шишигина –
жеңіл атлетикадан олимпиада жеңімпазы.



Василий Жиров –
бокстан олимпиада жеңімпазы.



Александр Винокуров –
велотрек жеңімпазы.

Ислам Байрамуков – еркін күрестен олимпиада жеңімпазы.
(Оқушыларға оқытамын).

4-тапсырма. Жұмбақты мәнерлеп оқы.

Жұмбақ

Мына ойынға

Қараңдаршы,

Он екі аққа-

Он екі қара қарсы. (Шахмат)

Сыныпты екі топқа бөліп, «Көкпар» ойынымен грамматикалық тақырып бойынша оқушылардың білімдерін пысықтау.

Интерактивті тақтамен жұмыс. Тест.

1. Сөздің дұрыс аудармасын көрсет: болельщик.

а) жанкүйер;

б) көрме;

ә) жарыс;

в) жауап.

2. Көптік жалғауы бар зат есімді көрсет.

д) жарастың;

з) спортшылар;

ж) қалалық;

к) ойын,

3. Стадионда не өтеді?

и) жарыс;

м) көрме;

л) цирк;

н) театр.

4. Дұрыс аудармасын көрсет: ледовый каток.

а) мұз айдыны;

б) ақ үйі;

ә) емхана;

в) асхана.

5. Әйгілі спортшыны ата.

д) Қажымұқан Мұңайтбасов; з) Әбіш Ысмайылов;

ж) Әбілхан Қастеев;

и) Сәбит Мәмбеев.

6. Мына жалғаулардың түрін белгіле: -ым, -ім, -ың, -ің, -ыңыз, -іңіз, -ы, -і.

а) тәуелдік;

б) септік;

ә) көптік;

в) жіктік.

Жауабы: Азиада.

Үй тапсырмасы туралы мәлімет беру кезеңі. слайд

5- тапсырма. Мәтінді түсініп оқу, аударып әңгімелеу (Электронды оқулықтан тыңдату).

Сабақты қорыту кезеңі (бағалау).

Балалардың жинаған жұлдызшаларын өздеріне санату.

- Бүгін қандай тақырып өттік?

- Стадионда не өтеді ?

- Стадионға кімдер келеді? т.б.

- Қандай әйгілі спортшыларды білесіңдер?

Рефлексия. Слайд.

«Азиада» тренингі, Азиада туралы өз ойларын айтады.

Бағалау.

Үйге тапсырма. 5-тапсырма ауызша.

«АҒАШ ЕГУ» АРҚЫЛЫ ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫН АЖЫРАТУ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік - Қазақстанда өсетін ағаштардың түрін, олардың адамға әкелетін пайдасын қазақ тілінде әңгімелеуге үйрету, етістіктің шақтарын ажырата білу;

Дамытушылық - оқушылардың ой-өрісін дамыту, талдау біліктілігін жетілдіру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өз бетінше іздену;

Тәрбиелік - оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді жинай білуге, ана тілін құрметтеуге, қастерлей білуге, қоршаған орта мен табиғатты сүюге тәрбиелеу.

Түрі: білім және іс-әрекет амалдарын жетілдіру.

Әдісі: сұрақ-жауап, топтастыру, деңгейлік тапсырма, әңгімелеу.

Ұйымдастыру кезеңі: интерактивті тақта, суретті слайдтар, деңгейлік тапсырма.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.

Сабақтың мақсатын оқушылардың көмегімен анықтау.

- Бүгін сабақта «Ағаш ек!» мәтінімен танысамыз, ағаштың адамға келтіретін пайдалы жақтарын білеміз, жаңа сөздермен танысамыз. Етістіктің шақтарын қайталаймыз. Ол үшін бәріміз жақсы жұмыс істеп, өз білімімізді көрсетуіміз керек. Сәттілік тілеймін! Сабақты ойын түрде өткіземіз.

Оқушыларды үш топқа бөлу:

1-топ «Емен».

2-топ «Қайың».

3-топ «Терек».

I-кезең «Кім жылдам?» Сұрақ-жауап:

1. Қазіргі кездегі өткір мәселелердің бірі не?

2. 5 маусым қандай күн?

3. Бұл күннің мақсаты қандай?

4. Бұл күні қандай жұмыстар жүргізіледі?

5. Біздің борышымыз қандай?

6. Біздің өміріміз немен байланысты?

7. Біздің елімізде қанша қала күрделі экологиялық жағдайда екен?

8. Ластанған ауа әр тұрғынға шаққанда қанша тонна болады?

9. Өзен мен суларда қалыпты мөлшердегіден асатын қандай зиянды өнімдер бар?

10. Адамның дені сау болу үшін не керек?

11. Бүгінде жер бетінде қандай мәселе өзекті болып тұр?

12. Дүниежүзілік проблема қандай?

II кезең. Үй тапсырмасын тексеру:

Біздің республикамызда экология мәселесі өзекті болып тұр.

- Неге Арал теңізі бүгінгі күні ерекше мәселеге айналып отыр?

1-тапсырманы әңгімелеу.

Интерактивті тақтада Арал теңізінің жылдан-жылға азайып баратыны көрсетіледі.

4-тапсырма бойынша сұрақтарға жауап беріңдер:

1. «Невада –Семей» қозғалысы қай жылы болды?

2. Бұл қозғалысты ұйымдастырған кім?

3. Қозғалыстың мақсаты қандай болды?

немесе оқушылардың осы диалог үлгісінде жасап келген өз сөйлесулерін тыңдалады.

Экология, алдымен, адамның өз басынан басталады. Біз табиғат пен адамның бөлінбейтін біртұтас дүние екендігі жайында ұмытпағанымыз дұрыс. Табиғатқа келтірген зиян – өзімізге

жасаған қастандық. Сондықтан табиғатты аялайық!

Айналаңды қоршаған

Табиғатты сүйе біл.

Қауіп-қатер төнсе оған,

Қамқорға алып сүйей біл!

III кезең - «Жалғастыр». Мақал-мәтелдерді жалғастыру.

1. Жері байдың-.....

2. Сулы жер-..... ,

Бұлақты жер-.....

3. Көлдің көркі -.....

Таудың көркі-.....

1. Егін ексең -.....ек,

Онан өнер..... көп.

2. Сулы жер..... болмас,

Таулы жер болмас.

3. Адамның табиғатсыз

Оны айтуға

1. Жер-.....,

су-.....,

мал-.....


2. Бұлақ көрсең көзін

3. Бір тал кессең,

IV кезең – «Кім тапқыр?» Жұмбақтарды шеш.

1. Қыста ғана болады,

Ұстасаң, қолың тоңады.



2. Суға батпайды,

Отқа жанбайды




3. Аспанға ұшар бу болып,

Жерге қайтар су болып.

4. Төбеден төнеді ,

Тамшысын төгеді.



Сол кезде ой қуалап,
Бәйшешек өнеді.



5. Көзіңе көрінбейді,
Қолыңа ілінбейді.
Бірақ та құлағыңа
Ұдайы күбірлейді.



6. Жасыл ине - киімім,
Жайлаймын тау биігін.
Жаңа жылды тойласаң,
Төріңдемін үйіңнің.



7. Шөлде –
Гүлдейді, құлпырады.
Суда –
Өмірі қырқылады.



8. Ақ көйлекті, көк желек,
Орманда орны бір бөлек.
Әннің аты деседі,
Сызды жерде өседі



9. Өсіп тұрған бұл не?
Жаз болса жайнап,
Саясында ән салып,
Құстар жүрген сайрап.
Салқын түссе шешіліп,
Қалады өзі жайрап.



- Балалар, ағаштардың тағы қандай түрін білесіңдер?

Емен, шырша, арша, қарағай, қайың, терек, қарағаш, үйеңкі, т.б.

III. Жаңа сабақ. V кезең. Мәтінмен жұмыс.

а) сөздікпен жұмыс;

Демалу - дышаты;

Қайта – обратно;

Жұту - глотать;

Жарамсыз - непригодный;

Демінен шыққан ауа - выдыхаемый воздух;

Қоректенеді - здесь поглощает (питается);

Иіс - запах;

Көңілі хош - хорошее настроение.

а) мәтінді оқыту;

б) сөз тіркестеріне сөйлем құрастыру;

Таза ауамен

Жұтуға жарамсыз

Жарамсыз ауа

Қажетті иіс

Ұзақ өмір сүреді

Ағаш ек

VI кезең – «*Кім жылдам әрі сауатты жазады?*» Әр топтың мәтіні тақтаға ілінеді, бірінші оқушы келіп бір сөйлемді оқиды, есте сақтап, орнына отырып жазады, келесі оқушыға парағын береді. Ойын солай жалғасады.

I. 1) Бүгінде экология әлемдегі ең үлкен мәселеге айналды.

2) Табиғи ресурстар азайып барады.

3) Біздің қоршаған орта ластанған.

4) Үлкен қалалардың ауасында адам ағзасына зиян көптеген улы заттар кездеседі .

5) Бұл болашақта үлкен апатқа әкелуі мүмкін.

6) Сондықтан табиғатты аялайық!

II. 1) Табиғат –тірі дүние.

2) Біз табиғаттан тек алуды білеміз.

3) Оның бар байлығын пайдаланып жатырмыз.

4) Ал табиғатқа қамқорлық жасауды ұмытып кетеміз.

5) Табиғаты сақталған халықтар ұзақ өмір сүреді.

6) Олардың ұрпақтарына қалдыратын мұрасы бар.

- III.** 1) Еуропа елдері қоршаған ортаны қорғауға көп мән береді.
2) Олар ормандарын күтеді.
3) Оңтүстік Корея еш уақытта ормандарын кеспеген.
4) Өндіріске пайдаланбайды екен.
5) Орман –атмосфералық ауаны тазартушы .
6) Табиғатқа келтірген зиян – өзімізге жасаған қастандығымыз.

VII кезең. Деңгейлік тапсырма.

III деңгей.

1. «Тазарту» етістігін өткен шақта жікте.
2. «Ағаш ек!» мәтінінен жаңа етістіктермен 2 сөйлем құраңдар .

III деңгей.

1. «Тазарту» етістігін ауыспалы келер шақта жікте.
2. «Ағаш ек!» мәтінінен жаңа етістіктермен 2 сөйлем құраңдар .

III деңгей.

1. «Тазарту» етістігін нақ осы шақта жікте.
2. «Ағаш ек!» мәтінінен жаңа етістіктермен 2 сөйлем құраңдар .

II деңгей.

1. Мәтіндегі сөйлемдерге сұрақтар қойыңдар.
2. Мәтінді әңгімеле.

I деңгей.

1. «Орман – ел дәулеті, жер сәулеті» тақырыбына газетке мақала жаз.

2. Табиғатқа байланысты білетін мақалдарыңды айт.

I деңгей.

1. «Бір тал кессең, он тал ек» тақырыбына газетке мақала жаз.
2. Табиғатқа байланысты білетін мақалдарыңды айт.

I деңгей.

1. «Табиғат – адамның алтын бесігі» тақырыбына газетке мақала жаз.

2. Табиғатқа байланысты білетін мақалдарыңды айт.

IV. Бекіту кезеңі.

- Адам қандай ауамен демалады?
- Таза ауа қайдан келеді?

- Ағаштар қандай ауаны жұтады?
- Таза ауамен демалған адам қалай өмір сүреді?
- Біздің дана бабаларымыз не деген?

V. Қорыту.

Оқушылар бүгінгі алған білімдерін пайдалана отырып, тақтада берілген тапсырманы орындайды. Тапсырма *«Орнын тап»* деп аталады.

Оқушыларды бағалау. Бағалау парағына сүйене отырып, олардың білімдері бағаланады.

VI. Үй тапсырмасы жайында мәлімет:

- 1) 3-тапсырма .Сурет бойынша әңгіме құрыңдар.
- 2) 4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Сөйлемдердегі етістіктің астын сызыңдар.

VII. Рефлексия кезеңі.

Тақтада қурап қалған ағаштың суреті берілген. Оқушылар осы ағаштың жайқалып, жасаруына өздері қандай үлес қоса алатындарын пікірлері арқылы білдіреді. Сол ойлары жазылған жапырақшаларды ағашқа апарып жапсырады. Өздерінің тілектерін жазады.

Сөз тапқанға қолқа жоқ

СӘКЕННІҢ ӘЗІЛІ

Сәкен Сейфуллиннің Алматыдағы үйіне елден әкесі Сейфолла келіп жатады. Бірде Сәбит келіп Сәкенге қол беріп амандасады да, Сейфоллаға қол бермейді. Сонда Сейфолла:

- Шырағым, Сәбит, өзіңді көрмесем де, атыңа қанық едім, менің қолымды неге алмайсың? - дейді.

- Әке-ау, көңіліңізге алмай-ақ қойыңыз, біздің Сәбит бай-құлақтарға сәлем бермейді, - деп Сәкен әзіл айтқан екен.

(*Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., «Жазушы», 1988, 261-бет.*)

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҮШ ӨЛШЕМДІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕНІ ҚОЛДАНЫЛУЫМЕН ҮЙРЕНУ МОДУЛДІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер болуда. Қазіргі білім беру жүйесі қандай болмақ? Басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілі пәнінің білім сапасын қалай көтеруге болады? Әр сабағымыз тиімді де қызықты болу үшін сабақты қалай құрастыра аламыз? Бұл сұрақтар әр мұғалімді толқытары анық. Сондықтан білім беру ошақтары тәлім-тәрбие үдерісінде инновациялық жолдарға және жаңа педагогикалық технологияларға зор мән беруде.

Мен қазақ тілі сабақтарында үш өлшемді әдістемелік жүйесінің қолданылуымен үйрену модульдік технологиясын пайдаланамын. Осы технологияны қолдану демократтандырылған мектептің білім талабына сай болады. Біріншіден, модульда субъект-субъект негізге үйренуді ауыстырып, жеке оқушылармен жұмыстарды жекелеп, жеке көмекті мөлшерлеп, мұғалімнің және оқушының қарым-қатынас қалпын өзгертуге мүмкіндік береді. Екіншіден, үш өлшемді әдістемелік жүйенің қолдануында оқу процесі жақсартылады.

Үш өлшемдік әдістемелік жүйесінің қолданылуымен үйрену технологиясының авторлары Ж.Қараев және Ж.Қобдикова В.Фирсовтың деңгейлік үйрену дифференциациясымен шатастырмау үшін жүретін педагогикалық технологияның игерілуімен атау өзгерістерді ұғындырады. Бұдан басқа, Г.Селевконың сөзімен,

дифференциацияның оқушылардың ақылы дамуы жағынан теріс тұрғылары болады, атап айтқанда: дамытуды деңгей бойынша бөлу адамгершілікке жатпайды, әлсіздердің күштілердің соңынан талпыну мүмкіндіктері жоғалады, олардан көмек ала алмайды, бәстесу дәрежесінен айырылып қалады. Жоғарыда айтылған үйренудің үш өлшемді әдістемелік жүйелерін қолдануда теріс тұрғылар жоғалады: ешкім оқушыларды күшті және әлсізге бөлмейді, әрбір тұлғаға үш деңгейдің тапсырмаларын орындау мүмкіндігі беріледі. Сонымен, өзгерген атауы артығымен ақталған, сондықтан мен де «көп деңгейлі дифференциация» терминін пайдаланбаймын.

Бұл технологияның тағы да тиімді жағы- оқулықта оқушыларға көп деңгейлік тапсырмалар ұсынылған. Олар мұғалімнің басшылығымен өз бетімен жұмыс істейді. Бұл мұғалімнің білім беру жолындағы негізгі есептердің бірін шешуге көмектеседі: олардың жеке қабілеттіктеріне байланысты дербес те қарқынды дамуына ықпалы зор. Мысалға 5-сыныптағы модульдің бір сабағын ұсынамын . «Мен және менің досым». Бұл тақырып бойынша 8 сағат берілген. Аралықтарында деңгейлік тапсырмалар берілген.

Бірінші сабақта ұжымдық жұмыс түрі жүргізіледі. Мұғалім бұл сабақта модул бойынша жалпы мәліметтер береді. Келесі сабақтарда оқушыларға берген тапсырмаларды дербес меңгерудің мүмкіндігі беріледі. Бұл тақырыпты өз дайындығы жағынан психологиялық ерекшеліктерін үйренуге мүмкіндік береді. Бақылау сабақтарының жүйесімен модулдің бағдарламасы аяқталады. Оқушылардың іс-әрекетін тексеру, түзету және керегі бойынша, жеке консультациялар және көмек беру қажеті мұғалімге қиындық тұғызады.

5 модуль. «Мен және менің досым» (қазақ тілі, 5-сынып)

Менің досым

Түрі: Бекіту сабағы

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, практикалық (тапсырмалар), мұғалімнің басқаруымен жұмыс, оқулықпен жұмыс.

Грамматикалық тақырып: Көптік жалғауларды есте сақтап, дұрыс жалғай білуге үйрену.

Лексикалық тақырып: Мәтінмен жұмыс. Көңіл бөлу, өз бетімен жұмыс істеуді тәрбиелеу.

Оқу элементінің нөмірі	Оқу материалы тапсырмаларымен Сабақ №2	Оқытуды басқару
ОЭ - 0	Жалпы мақсаты: Көптік жалғауды қайталау, дұрыстап пайдалануын үйрену. Сөз қорын молайту. Жаңа сөздерді қайталау. Мәтінмен жұмыс. (Аудару, мазмұндау, бір-бірін тексеру)	Мақсатын оқу - 1 мин.
ОЭ - 1	Кіріспе бақылауы. Мақсаты: Көптік жалғау туралы білім деңгейін тексеру.	Бір-бірін тексеру - 5 мин.
ОЭ - 2	Деңгейлік тапсырмаларды орындау. 3-деңгей. 1. Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын орысша айтып беріңдер. 2. Құрбы, мұғалім, бала, сынып, кітап, дос сөздеріне көптік жалғауын жалғаңдар.	1-2 қате жібергенде келесі тапсырмаға өтіңдер, екіден астам қате болса- ОЭ-1-ге қайтадан оралып, тапсырманы ары қарай жалғастырыңдар. Бір-бірін тексеру. Жұптық жұмыс. 10 мин.

ОЭ - 3	2-деңгей: 1 «Менің досым» мәтінінің мазмұнын айтып беріңдер. Мәтіндегі «кім? не?» сұрақтарына жауап беретін барлық сөздерге жалғауын жалғандар 2. Мәтінге 5 сұрақ дайындаңдар..	Сөздікке назар аударыңдар. 47 б. Ереже 48 б. Бір-бірін тексеру. Жұптық жұмыс - 15 мин.
ОЭ - 4	1-деңгей: 1. Қазақ тіліндегі жалғауларды басқа тілдерден кездестіруге бола ма? Мысал келтіріңдер. 2. Ең жақын досың кім? Ол басқа достарына қарағанда саған несімен ұнайды?	Мұғалім тексереді.
ОЭ - 5	Қалай ойлайсыңдар, қойған мақсаттарыңа жеттіңдер ме? (жалпы мақсаты)	
ОЭ - 6	Шығу бақылауы: Сабақта сендер қандай білім алдыңдар? Білімдеріңді тексеру үшін тақырып бойынша үш сұрақ құрыңдар.	Пікір алмасу
ОЭ - 7	Үйге тапсырма: 1. Жұмысты бітіру. 2.3 тапсырма. 50 б.	

Бағалау парағы

Оқушының аты-жөні _____

Оқу элементі (жұмыстың кезеңі)	балл саны
ОЭ-1 Кірісу бақылауы.	
ОЭ - 2 3-деңгей. 1. Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын орысша айтып беріңдер. 2. Құрбы, мұғалім, бала, сынып, кітап, дос сөздеріне көптік жалғауын жалғандар.	
ОЭ - 3 2-деңгей. 1. Менің досым мәтінінің мазмұнын айтып беріңдер. Мәтіндегі «кім? не?» сұрақтарына жауап беретін барлық сөздерге жалғауын жалғандар. 2. Мәтінге 5 сұрақ дайындаңдар.	
ОЭ - 4 1-деңгей: Қазақ тіліндегі жалғауларды басқа тілдерден кездестіруге бола ма? Мысал келтіріңдер. 2. Ең жақын досың кім? Ол басқа достарыңа қарағанда саған несімен ұнайды?	

Өзін-өзі бағалау:

- а) Түсіндім, осы тақырыпты досыма айтып беремін.
- б) Түсіндім, бірақ басқаға түсіндіре алмаймын.
- в) Түсіну үшін тақырыпты қайталау керек.
- г) Ештеңе түсінбедім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Просяникова Т.В. Использование элементов модульной технологии при обучении математике. // Творческая педагогика. - 2005 г., №1.
 2. Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. - Алматы, «Жазушы». - 2005 г.
 3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. // Творческая педагогика. — 2003 г., №4.
-
-

**Сандуғаш ҚАРАБАЙҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Ғабит Мүсірепов ауданындағы
Новоишим қазақ орта мектебінің мұғалімі.**

МЕНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІМДЕГІ ҰЛЫ ТҰЛҒА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(эссе)

Әдебиет пәнін оқытудағы педагогикалық қызметімнің мақсаты - көркем туындарды оқыта отырып, оқушылардың бойында адамгершілік, әсемдік, отансүйгіштік сезімдерін тәрбиелеу, сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық өнерінен, халық өсиеттерінен нәр алғызу. Осы мақсатыма жетуде әдебиетіміздің ірі тұлғаларының бірі - Сәбит Мұқанов шығармалары – баға жетпес мұра.

Сәбит Мұқанов өз шығармаларында қарапайым адамның көре тұра, айтып жеткізе алмайтын әсем табиғат көрінісін көркем сөздермен көз алдыға елестетеді, әсем сезім тудырады.

«Өмір мектебі» романынан алынған «Есіл бойында» үзіндісінде Есіл өңірінің жібектей жұмсақ, жұпар иісті шалғыны сұлудай сыланатынын, сылана жайқалған шалғынның бетінде шешек атқан гүлдер тотының қанатындай толықсып құбылатынын суреттейді. Сол толқындай теңселген шалғын ішіне кірсең, оның гүлге бөленген тереңіне сүңгігің келетінін, жұпар иісті жасыл жібегін жастанып та, жамылып та жаныңды жайландыра жатқың келетінін айтады. Шалғынның сұлу көрінісін суреттеуі, елтуі, оқырманның өзінен-өзі сол шалғын ішіне қалай кіріп кеткенін білмей қалатындай сезіміне әсер етеді. Асыл сөздің құдіреті әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер тудырады. Сол сезімді бейнелеу өнерімен байланыстырса, одан өткен құдірет жоқ.

Есіл өлкесінің осындай тамаша табиғат көрінісін суреттеуде қазақтың музыка өнерін шебер өріп келтірген. Сонымен қоса, табиғат хорын тыңдатуын айтсаңшы. «Сұлу табиғат дүниесін көре біліңдер, ести біліңдер!»-деп, өліп жатқан сезімді оятады. Бұл үзіндіні оқытқаннан кейін табиғат аясына саяхат жасатқан дұрыс, сонда оқушы көзге көрінген әр кішкентай өсімдікті аялап, құлаққа естілген әр дыбысты тыңдауға тырысады.

«Лашын» үзіндісінде жазушы өзінің мұғалімдік қызметін атқара жүріп, қазақ халқының құсбегілік өнері туралы лашын салған саятшы Ахметтің қасына ерген кездеріндегі өз басынан өткен оқиғалары арқылы баяндайды.

Сабақта жұдырықтай ғана лашын құсының суретін көрсете отырып, үзіндіден Балғабайдың Ахметінің лашынының үйрек алу, қаз алу амалын оқыту, оқушының бойында құстың алғырлығына қызығушылық тудырады.

Жазушының теңеу, эпитет сөздерін қолданып, оқушыларға лашынның сипаттамасын суретке қарай отырып айтқызып, асыл сөздің құдіретін тағы бір танытуға болады. Мысалы, денесінің бар көлемі жұдырықтай ғана, бірақ қанат, құйрығымен тұтас алғанда сүңгуір қайықтай ұп-ұзын көрінетін, маңдайы жайпақтау келген, тұмсығы жолбарыстың тырнағындай иілген, сарғылттау қияғының

өткірлігі ұстадай, мөлдіреген қарақаттай қап-қара көздері томпайып, сыртына қарай тепкен, бөтегесі жүйрік аттай төстектеу, сирақтары жіңішке, сарғылт саусақтарының басына имие біткен сұрғылт тұяқтарының ұштары егелген біздей өткір ...

Жоғарыда аталған романда адамның адамгершілік істерінің үлкен үлгісі «Саятшы Ораз» әңгімесіндегі Ораздың бейнесі арқылы берілген. Аулаған аң, құсымен екі отбасын қиыншылықта асырап шығарған саятшы Оразды Сәбит Мұқанов өмір бойы ұмытпай өз романының кейіпкері етіп қосқан.

Қазақтың балуаны, әншісі, композиторы, күрескер азаматы Балуан Шолақтың (Нұрмағанбет) өнегелі өмірінің қиын да қызықты белестері туралы «Балуан Шолақ» романында жазады. Нұрмағанбеттің балуандығы анасы жағынан берілгендігі Қалампырдың құдыққа құлаған құнан өгізін алып шығуынан және үй салған кезде қолы жететін жерге жуан бөренелерді көтеріп әпере беретінінен көрінеді. Қазақтың әр баласындай Нұрмағанбет жастайынан үйретіп тай мініп, аң аулап, әке-шешесіне көмекші болған. Кедей отбасында дүниеге келсе де, дүние құмай, өмірінің соңына дейін халқы сүйген балуаны, әншісі, композиторы, күрескер азаматы болып өтеді. Романда Балуан Шолақтың өмірі арқылы орыс отаршылдары мен олардың жергілікті әміршілерінің қазақ халқына жасаған озбырлығы көрсетіледі. Мұның өзі оқушының туған халқының тарихи кезеңдерін біліп, елінің бүгінін түсінуіне мүмкіндік тудырады. Шәкірттің отаншылдық сезімінің оянуына түрткі болады. Қазіргі тәуелсіздігіміздің өте қымбатқа түскенін сездіреді.

Сәбит Мұқанов өз шығармашалығында махаббат тақырыбын жан-жақты ашқан. Бірде өнерді сүюді, бірде халқын, туған жерін, ата-анасын, жарын сүюді дәріптесе, «Сұлушаш» поэмасында екі жас, Сұлушаш пен Алтай арасындағы шынайы махаббатты сөз етеді. Сол кездегі қазақ өміріндегі әлеуметтік теңсіздікке көңілері келмеген жастарға әдет-ғұрып та кедергі болады. Бірақ жастар өз махаббаттары үшін қанша күрескенімен, поэманың соңы

трагедиямен аяқталады:

Жүректен кейін тартып ап қанжарды, Бір жұтты толтыра ұрттап атқан қанды.... Жолбарысты жеңгені неге керек?! “Сұлушашты сақтауға болмай қалды”... Жан досы мен сүйген жарының өлімін көрген Алтай өз жүрегіне өзі қанжар салып көз жұмады.

Ақын Сұлушаш пен Алтай арасындағы ғашықтық арқылы махаббатқа адалдық, ардың тазалығы туралы мәселе көтерсе, Қайсар образы арқылы досқа адалдық, адамгершілік тазалығы жайынан оқырманға ой тастайды. Жастардың бостандыққа ұмтылуы арқылы жалпы адамзат баласына тән азаттыққа ұмтылу идеясын көтереді.

Оқушылардың бойында азаттық, патриоттық сезімін оятудың ең басты, ең маңызды міндеттері – өз ұлтына, Отанына деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру болмақ.

Тапқырлық - таңдай қақтырар

«ЖОҚ ЖАМАН»

Жүргіншілердің жер мойыны қашықта - далада тоқтап, атшалдыратын әдеті ғой. Жолдас та атына жем іліп, анадай жерде жүрген қарға мен сауысқанға жақындап барып оралады. Серіктері мұның неге өйткенін сұрамай ма, сонда Жолдас:

- Екеуінің әңгімесін тыңдап едім. Қарға: «Боқ жаман, боқ жаман», - деді. Ал сауысқан: «Олай деме, бәрінен де жоқ жаман, жоқ жаман» деді, - депті.

(Ауылдың айтқыштары. А., «Өнер», 1994, 32-33 беттер.)

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе”
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.**

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 24.02.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 2132.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

**Басылатын жері – «Алматы – Болашақ» Акционерлік
Қоғамы**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,

Алматы, №2, 2011, 144 бет.